В ходе исследования, были изучены вопросы необходимости и эффективности внедрения инновационных образовательных технологий в учебный процесс, с точки зрения таких категорий как организационное развитие, управление знаниями и обучающаяся организация. В качестве эффективной модели управления хозяйствующим субъектом новой экономики исследуется обучающаяся организация. Наряду с этим в качестве методологической базы для решения проблем обучающейся организации представляется процесс менторинга через управляемую корпоративную систему обучения и профессионального развития профессорско-преподавательского состава ВУЗа, который функционирует в соответствии с требованиями обучающейся организации.

В рамках данного исследования проведена оценка эффективности подготовки ППС в рамках дополнительного профессионального сотрудников вуза к развитию лидерства и управления изменениями в вузе.

Список использованных источников

1. Александрова Л.А. Лидерство: учебное пособие. – Саратов: ФГБОУ ВО «Саратовский ГАУ», 2017. – 216 с.
2. Евтихов О.В. Эффективное лидерство. – Красноярск: СибГАУ, 2012. – 132.
3. Беляцкий Н.П. Основы лидерства. – Минск, БГЭУ, 2006. – 268 с.
4. Беляцкий Н.П. Управление человеческими ресурсами: учеб-метод пособие. – Минск: ФУ Аинформ, 2006. – 320 с.
5. Дойль П. Маркетинг, ориентированный на стоимость / Пер. с англ. С. Жильцова. Под ред. Ю.Н. Каптуревского. – СПб.: Питер, 2001, – 480 с.
6. Андреева Т.Е. Теория организации: учебное пособие. – Москва, 2013. – 45 с.
7. Андреева Т.Е. Влияние организационных изменений на практику управления персоналом и эффективность компании. – Санкт-Петербург, 2004. – 233 с.
8. Throuw L.C. Rights Management: Managing the Layers of Rights and Roles in the Knowledge-based Economy // IPR system paper. – 2000. – <http://www.iprsystems>.

ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Қ.С. Алибеков

бастауыш сынып мұғалімі, Майқайың ЖОББМ

С.А. Сайдильдина

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Майқайың ЖОББМ

Кілтті сөздер: Мақалада білім алушылардың сөздік қорын жетілдіруге ықпал ететін, сөйлеу мүмкіндігін жақсартатын шығармашылық тапсырма түрлерінің бірі – мәтінмен жұмыс жасау мәселесі қарастырылады. Мәтінді талдау барысында оқушылардың қатысымдық дағдылары дамитындығы сөз болады. Сонымен қатар зерттеуде мәтінмен жұмысты ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері мен түрлері талдауға түседі.

Кілтті сөздер: білім беру жүйесі, қатысымдық құзыреттілік, заманауи педагогикалық технологиялар, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым.

Аннотация. В статье рассматривается проблема работы с текстом – одним из видов творческого задания, способствующего совершенствованию словарного запаса обучающихся, улучшающего речевые возможности. При анализе текста речь идет о развитии у учащихся коммуникативных навыков. В исследовании также анализируются методы и виды организации работы с текстом.

Ключевые слова: система образования, коммуникативные компетенции, инновационные педагогические технологии, аудирование, произношение, чтение, письмо.

Annotation. The article deals with the problem of working with text – one of the types of creative tasks that contribute to improving the vocabulary of students, improving speech capabilities. When analyzing the text, we are talking about the development of students' communication skills. The study also analyzes the methods and types of organization of work with the text.

Keywords: education system, communicative competencies, innovative pedagogical technologies, listening, pronunciation, reading, writing.

Білім берудің сапасын жетілдіру – Қазақстанның ғана емес, жалпы әлемнің көкейкесті мәселелерінің бірі. Бүгінгі күні мектепте қазақ тілін оқыту жалпы білім беру жүйесінде бірқатар өзгерістер әкелгені аян: білім беру мазмұны мен түрлері жаңартылды; білім беру процесін ұйымдастырудың әдіс-тәсілдері мен технологиялары оңтайландырылды т.т. Білім берудің мақсат-міндеттері мен нәтижесін жаңаша зерделеу осы мәселені шешудің тиімді жолы болып саналады. Қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру оқыту процесін ұйымдастыруда жүйелі оқу амалдары негізінде қатысым дағдысының түрлерін (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгеруді жүзеге асырады. Қатысымдық құзыреттілік шынайы өмірлік жағдайға сай келетін ауызша қарым-қатынасқа түсушілердің сөйлеу іс-әрекеті болып табылады. Оған біліммен қатар, оны іс жүзінде пайдалану мүмкіндігі де енеді.

А.А. Леонтьевтің пайымынша, «адамдар арасындағы қатысым төмендегідей дағдыларды игеруді қажет етеді: қатысым жағдайына жылдам әрі дұрыс икемделе алу; байланыстыра сөйлеуді оңтайлы жоспарлау, оны айқындау; аталған мазмұнды беру мақсатында қажетті құралдарды табу; қатысым үрдісінде кері байланысты қамтамасыз ету. Егер қатысым актісінің қандай да бір байланысы бұзылса, онда қатысымға түсушілер тиісті жетістіктерге қол жеткізе алмайды» [1, 33-б.].

Қазір білім алушыларға жанға жайлылық пен өзіне деген сенімділік сезімін ұялатып, тілді еркін игеру, әр алуан өмірлік жағдайларда түрлі адамдармен қатысым жасау сынды мақсат қойылады. Жазылғанды талдай алу, сөйлегенде және пікірталаста әдепті әрі сыпайы болған абзал.

Тәжірибен аңғарғанмыздай, білім алушыларда қатысым дағдылары нашар дамыған: олар сөйлеу барысында тиісті дәлелдерді емін-еркін пайдалана алмайды, өзіндік тұжырым шығара білмейді, кейде тіпті еркін қатысымға түсу ауыртпалық тудырады. Оларға ауызша және жазбаша қатысым жасау қиынға соғады: ауызекі сөйлеу, орфография және пунктуация бойынша көптеген қателіктер жібереді. Осылайша, білім алушының мәдени әрі интеллектуалдық деңгейінің төмендігі айқындалады, ал қазіргі қоғам ақпаратты қабылдап, оны талдай алатын, зияткерлік іс-әрекеттің нәтижелерін тәжірибеде пайдалана алатын дамыған тілдік тұлғаны қажет етеді. Білім алушылардың мәдени қарым-қатынасы, қатысымдық құзыреттілікті қалыптастыру мәселесі – баршасы ұстазының кәсіби шеберлігі мен іс-әрекетінде айрықша рөл атқарады. Бүгінгі күні қоғамға ауызша және жазбаша сөйлеу дағдылары дамыған озық ойлы әрі білімді тұлға керек.

Осы бағытта білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдірудің маңызды шарттарының бірі – олардың сөздік қорын арттыруға жағдай жасайтын, сөйлеу мүмкіндігін жақсартатын мәтінмен жұмыс жасау. Мәтін, алдымен, оқулық құрылымының басты компоненті; екіншіден, сөйлеу ортасын құрудың негізі; үшіншіден, мәтін негізінде оқытудың қатысымдық, білімдік, дамытушылық, тәрбиелік сияқты барша мақсаттары іске асырылады.

Мәтінмен жұмыс жасау негізінде білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру процесінің теориялық негізі И.Р. Гальперин, О.И. Москальская, Г.Я. Солганик, Н.Д. Зарубина, Г.А. Золотова және т.б. ғалымдардың ұстанымдарынан туындайды.

Бүгінгі күні қоғамда қазақ тілін қолдану оқытудың жаңаша қырларын қажет етеді, сонымен қатар білім алушының шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруына әсер ететін рухани-бағдарлы ойлауды талап етеді. Қазақ тілін оқыту кезінде дәстүрлі әдістемелік негізді де, заманауи жаңалықтарды да оңтайлы әрі өзара байланыстыра қолданған жөн.

Мәтінмен жұмыс жасауға ынталандыру мәтін мазмұнына қойылатын талаптарға сай жүргізіледі. Мәтінмен жұмыс істеуде ізденіс жаттығуларын орындау үшін тірек материалдарды басшылыққа алған дұрыс. Мәтінді талдағаннан соң, сөйлеу дағдыларын жалпылау, синтездеу, модельдеу, тілдік ұғымдарды айқындау әрі бағалау, бұрын білгендеріне енетін жаңа білім мен дағды қалыптасады. Білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі К.П. Митрофанов, О.В. Соколованың дидактикалық теорияларында зерделенеді [2]. Қатысымдық дағды негізінде жұмыс сабақ кезінде жүзеге асырылады.

Мәтінмен жұмыс істеу негізінде білім алушылардың сөйлеу әрекетін дамыту жүйесі ойлаудың өзіндік критерийіне орайластырылған И.Я. Лернердің оқыту жолдарын жіктеу негізінде жүргізіледі [3, 29-48-бб.].

Қазақ тілі сабақтарында білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз ету бағытында (мәтінмен жұмыс жасаудың бар мүмкіндіктерін қолдана отырып) мұғалім:

– білім алушылардың сөйлеуін дамытуға әсер ететін мәтінмен жұмыс істеудің әр алуан амалдары мен түрлерін пайдалану керек;

– тақырыптық мәтіндік материалды іріктеу, тілдік әрі мәтіндік бірліктерді саралау, синтездеу, жалпылау және жүйелеу дағдыларын жетілдіруге негізделген мәтінмен тәжірибелік жұмыс жасау жолдарын даярлау қажет.

Аталған міндеттерді орындау кезінде білім алушылардың зияткерлік және сөйлеу мәдениетін қалыптастыру іске асырылады.

Оқыту барысында мәтінмен жұмысты ұйымдастырудың келесідей әдіс-тәсілдері мен түрлері анықталады: мәтінді кешенді талдау; мәтінді тілдік талдау; жатжазудың әр алуан түрлері; пайымдау шығармалар; мәтінді редакциялау; зияткерлік-тілдік тапсырмалар; шағын мәтіндермен жұмыс; қатысымдық және ойын түрлерін жүргізу.

Мәтінмен әртүрлі жұмыс істеуге айрықша назар аударылады. Мәтінді іріктеу критерийлерін сақтау қажет, себебі мәтіндер стилі, сөйлеу түрі, лексикасы бойынша әр алуан болуы тиіс, түрлі синтаксистік құрылымдарды қамтуы қажет, сондай-ақ орфографиялық қырдан әртарапты болған абзал. Сонымен қатар талданған мәтіндердің тіл, сөз, сөзге ұқыпты қарау жайлы, өнер, көркем туындыны шығармашылық қызмет негізінде қабылдау туралы т.т. болғаны жөн. Осы ретте ұстаз мәтіннің эмоционалды дыбысына мұқият көңіл бөліп, автор жасаған көңіл-күйді беруі тиіс. Білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастыру мақсатында ұстаз тілдік әрі оқу мәтіндерімен жұмыс жасау үшін белгілі бір әлеуетке ие болғаны абзал.

Тақырып атауы – қандай болмасын мәтіннің басты құрылымдық бөлігі, себебі ол мәтіннің кодталған мағынасы, мәселелік жағдайы не оның элементі, психологиялық, логикалық және әдіснамалық қырдан мәтіннің мазмұнына жауап беретін ойлау түрі екенін әрдайым есте

ұстаған дұрыс. Ұстаз білім алушыларға мәтіннің тақырыбына сұрақ қою негізінде сабақты бастаған жөн, ал орынды қойылған сауал мәтінді түсіну шарттарының бірі болып саналады. Мәтін тақырыбы – пән, оның мақсаты, мәтіннің мазмұндық шеңбері жайлы мағлұмат алу көзі әрі оны қабылдаудың алғышарты. Мысалы, «Зат есімді» оқытуда, ең алдымен, «зет есім дегеніміз не?» деген сауал қоюға болады. Одан кейін білім алушылар тілдік дереккөздермен жұмыс жасайды, яғни «зат есімге» анықтама береді, білім алушылардың қатысымдық, ақпараттық және тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыруға әсер ететін әр алуан ақпарат көздерін қолдана отырып, оның маңызды белгілерін айқындайды.

Мәтінмен жұмыс жасай білу білім алушыларға мәтіннен ақпарат алуға, өз ойларын білдіре отырып, өзіндік түпнұсқа мәтіндерді шығармашылықпен пайдалануға және орындауға үйретеді. Қазақ тілі сабағында мәтінді талдау үшін мынадай амалдарды пайдалануға болады:

- мәтіннен тілдік бірліктерді табу (мысалы, мәтіннен кездескен сын есімдерді алып тастап, оларды синонимдермен ауыстыру);
- мәтінді тарқату (мәтінді терең түсінуге әсер етеді);
- сөздерді және өзге тілдік бірліктерді қайта құрастыру;
- мәтін бөліктері арасындағы байланыстың бұзылуы;
- мәтіннің түрлі авторлық редакциясын салыстыру.

Мәтінді оқу кезінде білім алушылар мәтіндегі сөйлемдердің шекарасын анықтауды, мәтінді абзацтарға бөлуді, өзгеріске түскен мәтінді қалпына келтіруді, кілтті сөздерді арнайы көрсетуді, жоспар құрастыруды, мәтіннің тақырыбы мен идеясын айқындауды, мәтіннің тақырыбы мен атауын ойластыруды, ұсынылған тақырыптарды талдауды, мәтіннің құрылымдық бөліктерін табуды (кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды) дағдыланады. Сонымен қатар білім алушылар мәтін, кілтті сөздер негізінде шығарма жазуды, мәтінді жалғастыруды, бір тақырып негізінде әр алуан сөйлеу түрлері мен әр тарапты стильдегі мәтіндер құрастыруды үйренуі керек. Білім алушыларға пунктуациялық белгі қойылмаған әрі бас әріптері көрсетілмеген мәтіндердің арасынан сөйлемдерді ажырату жаттығуы да беріледі. Өртүрлі мәтіндер негізінде жатжазу жүргізіледі. Оның мәтіндері көркем туындылардан алынады. Білім алушылар мәтінді есте сақтап, оны мазмұндай білуі қажет. Мәтінді өзгертетін жатжазулар – шығармашылық, еркін, ұқсас жатжазулар, жалғасы бар жатжазулар – білім алушылардың логикалық қабілетін жетілдіріп, оларды ойлауға, материалды өзгертуге үйрету негізінде білім алушылардың қатысымдық-танымдық белсенділігін одан әрі арттырады.

Интеллектуалды-тілдік тапсырмаларды жасау сөйлеу қабілетінің дамуын қамтамасыз етеді, себебі аталған тапсырмалар арқылы білім алушының интеллектуалды әрі тілдік дамуы бір уақытта ынталандырылады. Сонымен қатар осындай тапсырмаларды орындау кезінде сөйлеу, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттері дамиды. Сондай-ақ тапсырма барысында білім алушы әр алуан ақыл-ой әрекеттерін жасайды: мәтін

бөліктерін салыстырады, жалпылайды және топтастырады, сөйлеудің сыртқы, ішкі, ауызша және жазбаша, монологтік және диалогтік сияқты түрлерін пайдаланады. Зерттеу әдістерін пайдалану негізінде оң нәтижеге жетуге болатындығын айтқан абзал.

Заманауи педагогикалық технологиялар білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін жетілдірудің маңызды бөлігі болып саналады. Әсіресе, мысалы, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту технологиясы оңтайлы болып табылады. Синквейн, кластер, инсерт т.б. білім алушыларға алған бар мағлұматты игеруге, сондай-ақ зерделенген материалға өзіндік пікірін білдіруге мүмкіндік тудырады.

Сабақтардағы дидактикалық ойындар шығармашылық қабілетті жетілдірудің амалы болып саналады: «Диктор» ойынында, мысалы, мәтінді орфоэпиялық тұрғыдан дұрыс оқу қажет; «Редактор» ойыны мәтіндегі сөйлесім қателерін түзетуден тұрады. Мәтінді тілдік талдау сабақтары білім алушыларға идеяны, сюжетті түсінуге және тұжырым жасауға, автор пайдаланған көркемдік құралдарды айқындауға септігін тигізеді. Сабақ соңында білім алушылар қорытындылап, тілдік талдау дағдыларын қалай игергендерін, мәтіннің тақырыбы мен идеясын қалай айқындағандарын ортаға салады.

Сабақтың стандартты емес түрлері, мысалы, мәтінмен аналитикалық жұмысты қамтитын семинар сабақтары, зерттеу сабақтары, іскери ойындар, пікірталастар, интеграцияланған сабақтар, практикумдар білім алушылардың зияткерлік және сөйлеу белсенділігін дамытады, өзіндік пікірлерін білдіруге әсер етеді. Осы жағдайда олардың мәтінді, тапсырмаларды, зерделеу және шығармашылық жұмыстарды жасау түрлерін іріктеу мүмкіндігі негізге алынады.

Сабақтың құрылымы өзгереді, ол төмендегідей кезеңдерден тұруы мүмкін:

– мақсат қою, білім алушылар мәтіндер мен тапсырмаларды ұстазбен талқылайды, бекіту үшін қосымша жаттығулар алады (мәтіннің идеясы мен мазмұнын талдайды; жаттығуларды орындау амалы жайлы ойланады, ғылыми әдебиеттер мен сөздіктерге қажеттілікті айқындайды; іс-қимыл жоспарын даярлайды);

– зерттеу (мәтінді зерттеу);

– пікірталас (сабақ барысын талқылау, талдау, түзету, өзіндік бақылауын енгізу);

– қорытынды шығармашылық жұмыс (материалдарды ауызша не жазбаша түрде орындау, шығарма-миниатюра жазу, мәтін негізінде ой-толғауларды ресімдеу, мәтінді мәнерлеп оқу және т.т.).

Ұстаз нәтижені ғана емес, сондай-ақ жұмыс үрдісін де бағалауы қажет, ал білім алушыларға мәтіндер, жаттығулар, нұсқаулық және анықтамалық материалдары бар карталар негізінде тілдік материал беріледі. Ұстаз жоғарыда көрсетілген сабақтарды өткізу барысында айрықша білім беру жағдайын құру қажет.

Сабақ пен білім алушы-ұстаз, білім алушы-білім алушы типіндегі қатынас процесінде теориялық білім мен тәжірибелік дағдылар меңгеріледі, оңтайлы сөйлеу, оқу қызметіне тиісті базалық білім қалыптасады. Осы ретте сабақ оқытуды ұйымдастырудың тиісті түрін сақтайды; сабақтың әр алуан кезеңдерінде сөйлеу жағдайларын, инновациялық педагогикалық технологияларды енгізу негізінде оқыту амалдары мен құралдары жанданады: мәселелік оқыту, интеграцияланған оқыту, ойын және ақпараттық технологиялар, сабақтан тыс іс-шараларды ұйымдастыру. Бұндай сабақтарды өткізуде заман талаптары мен сұраныстарына жылдам бейімделе алатын кәсіби ұстаз керек. Тілді оқыту әдістемесіндегі аталған амал қазақ тілін оқыту үрдісінде мәтіндермен жұмыс істеу кезінде педагогикалық инновацияларды пайдалануды көздейді; білім алушының жас және психологиялық ерекшеліктерін, жеке шығармашылық мүмкіндіктерін негізге алады.

Заманауи оқу-әдістемелік кешендерді шығармашылықпен пайдалану, берілген жұмыс жүйесінде зерттеушілердің белгілі педагогикалық технологияларын пайдалану қазақ тілі сабақтарында мәтінді қолдана отырып, білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін қалыптастырудың оңтайлы шарттарының бірі болып саналады. Мәтінмен алуан қырлы жұмыс істеу негізінде мынадай нәтижелерге қол жеткізіледі: қазақ тілін үйренуге оң уәждерді қалыптастыру; білім алушылардың зияткерлік қабілеттері мен дағдылары; оқу мәселелерін шешуге шығармашылық көзқарас; сонымен қатар сөйлеуді жетілдіру мен мәдени деңгейді дамыту және қатысымдық құзыреттілік деңгейін жоғарылату. Қазақ тілі сабақтарында мәтінмен жүйелі жұмыс істегенде, білім сапасын жақсарту оң үрдіс ретінде әрекет етеді.

Мәтінмен жұмыс жасаудың жоғарыда көрсетілген жүйесін қазақ тілінің жеке сабағында да, сабақ жүйесінде де, орта және жоғары сыныптарда мектептен және сыныптан тыс жұмыстар уақытында да пайдалануға болады. Тіл тек қатысымның басты құралы болумен қатар, ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың негізі болып саналады. Емле мен пунктуациялық ережелерді үйрену сөйлеу мінез-құлық дағдыларын оқытумен толықтырылуы қажет, ол қазақ тілі сабақтарында қатысымдық құзыреттілікті алудың маңыздылығын тағы бір дәлелдейді, оның басты бірлігі мәтін болып саналады.

Осыған орай мектепте белгілі бір тың тақырыпты өткенде ұстаз білім алушылардың қатысымдық құзыреттілігін дамыту мақсатында жаттығулар беруі, түрлі тренингілер өткізуі қажет. Ол, біріншіден, білім алушылардың сөздік қорын молайтуға әсер етсе, екіншіден, көпшілік алдында ойын еркін әрі әсерлі жеткізе білу қабілетін арттырады, яғни жұрт алдында дұрыс әрі шешен сөйлеуге дағдыландырады. Үшіншіден, кез келген адаммен тез қатысымға түсуге жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Леонтьев А.А. Психологические проблемы массовой коммуникации. – М.: Наука, 1977. – 204 с.
2. Сорокопытова О.Г. Работа с текстом на уроках русского языка как средство интеллектуального и речевого развития учащихся [Электронный ресурс]. – URL: <http://www//.edu.ru>
3. Лернер И.Я. Дидактическая система методов обучения. – М., 1976. – 472 с.

ЛАҚАП ЕСІМДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ҚЫЗМЕТІ

А.Ж. Ахметбекова

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.*

Аннотация. Мақала лақап есімдердің қалыптасуы мен қызметі, тілдік ерекшеліктері мәселесіне арналған. Жұмысты жазуда қазақ, сондай-ақ шетел ғалымдарының еңбектері негізге алынған. Зерттелетін мәселелер бойынша осы тақырып аясында бірқатар мәліметтер зерделеніп, талдау жүргізілді.

Кілтті сөздер: ономастика, лақап есімдер, әдеби лақап есімдер, бүркеншік есімдер.

Аннотация. Статья посвящена вопросам образования и функции, языковых особенностей прозвищ. В основу написания работы легли труды как казахских, так и зарубежных ученых. По изучаемым вопросам в рамках данной темы был изучен и проведен анализ ряда данных.

Ключевые слова: ономастика, прозвища, литературные прозвища, псевдонимы.

Annotation. This article focuses on the formation, function, and linguistic characteristics of nicknames. The basis for writing the work were the works of both Kazakh and foreign scientists. Amount of data has been studied and analyzed on the issues studied in the framework of this topic.

Keywords: onomastics, nicknames, literary nicknames, aliases.

Халықтың әлеуметтік-саяси тұрмыс-тіршілігінің ажырамас бөлігі ретінде қазақ тарихында лақап есімдердің орны ерекше болған. Лақап есімдердің қалыптасуы мен дамуы ежелгі түркі кезеңінен бастау алады. Мәселен, көне түркі халқының тарихын зерттеген ғалымдар көне түркі халықтарындағы хандар мен батырлардың өз есімдерінен басқа руы бойынша, ерлік жасауда қойылған, шайқаста қойылған есімі болғандығын атап көрсеткен. Ол туралы түркітанушы ғалым А.С. Аманжолов өз еңбегінде жазған [1, 92б.].

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде лақап ат «жасырын, жалған ат, бүркеншік ат» деп келтірілген [2, 49б.]. Лақап есім – қоршаған ортаның адамның қасиеттеріне, сырт белгісіне, түр-тұлғасына, мінезіне қарай берілген қосымша есім. Лақап есімдерде ұлттық сипатқа баса мән беріледі.

Лақап есімдердің қалыптасуы және тілдік ерекшеліктері лингвистика ғылымы өкілдерінің ерекше қызығушылығын туғызған. Бұл тақырып аясында қазақ, сондай-ақ шетел ғалымдарының бірқатар еңбектері бар. Т. Жанұзақ, С.Ә. Рахымберлина, Т.М. Абдрахманова қазақ тіл білімінде лақап есімдерді қою себептерін, мағынасына қарай топтарға жіктелуін зерттеген. Атап айтқанда, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінің (Yessenov university) «Халық ақыны, жыраулық өнердің шебері Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай «Жаһандану дәуіріндегі жамбылтанудың жаңа арналары және оны оқыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында аталмыш тақырып бойынша *«Лақап, бүркеншік есімдердің қызметі және қолданылу аясы»* мақаласы жарияланған [3, 112б.]. Бұл мақалада лақап есімдердің қызметі және қолданылу аясы қарастырылған. Лақап есімдер тек тұрмыста, бейресми жағдайларда қолданылады. Лақап есімдердің көнелігін халық ауыз әдебиетінің шығармаларынан байқауға болады. Мысалы, аңыз-ертегілердегі Шығайбай, Тазша, Қаңбақ шал т.б. секілді лақап есімдер адамдардың түрлі қасиеттеріне қатысты берілген.

Т. Жанұзақ халық ауыз әдебиетінде, көркем шығармаларда және ел аузында кездесетін түрлерге мысал келтіре отырып, лақап есімдерді жіктеген. Т. Жанұзақтың пікіріне сүйенсек, лақап есімдер қызмет ету аясына қарай: ел аузында кездесетін лақап есімдер мен әдеби лақап есімдер болып бөлінеді [4, 82б.]. Ел аузында кездесетін лақап есімдер негізінен адам бойындағы кемшілікті көрсетуге бағытталады. Мысалы, «Быдық», «Мықыр», «Қылмойын» т.с.с. Ал әдеби лақап есімдер әдебиет түрлерінде кездеседі.

Жоғарыда аталған тақырыпты зерттеу барысында конференция материалдарының 160-беттегі *«Антропонимиялық жүйедегі лақап, бүркеншік есімдердің орны»* мақаласы да негізге алынды. Мақалада профессор Т. Жанұзақтың лақап аттарды түрлі семантикалық белгісіне қарай келесідей жіктегені айтылған:

«1) сыртқы келбетін, түрлі кемшіліктерін бейнелейтін лақап аттаулар: Қисық, Бұжыр, Пұшық, Көккөз, Қазанбас, Шолақ, Бүкір, Тапал, Сорай, Семіз, Сарықарын, т.б.

2) Адамның мінез-құлқына байланысты қойылған лақап есімдер: Алдар, Қожанасыр, Жиренше, Таусоғар т.б.

3) Отбасылық қарым-қатынасты бейнелейтін лақап есімдер: Кенже, Төре, Шал, Кішкентай, Ортаншым, Қарт т.б.

4) Мамандықпен, кәсіппен байланысты қойылған лақап есімдер: Шебер, Ұста Кәрім, Тамшы, Зергер Молбай, Ораз мұғалім т.б.

5) Әлеуметтік-қоғамдық қатынастармен байланысты лақап есімдер: Шонжар, Би, Мырза Боранбай, Әкім, Сатан-батыр т.б.

6) Флора және фаунамен байланысты лақап есімдер: Қасқыр, Түлкі, Қошқар, Мал, Тікен, Аю, Түйе т.б.» [5, 270 б.].

Қазақ тіл білімінде лақап есімдердің пайда болу және қойылу себептері, олардың мағыналық топтарға бөлінуі жөнінде филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің кафедра меңгерушісі С. Рахымберлинаның 2009 жылы жазылған еңбегін атамасқа болмайды. С.Ә. Рахымберлина *«Лақап есімдердің пайда болу себептері»* атты мақаласында лақап есімдердің ұлттық ділмен қисындасып жатқанын дәлелдеп берген. Демек, лақап есімдердің көмегімен қазақ халқының тарихынан, сол кездегі айналысқан кәсібі және әлеуметтік өмірінен мол ақпарат алуымызға болады. Ғалым лақап есімдерді қоюдың төрт себепін атап көрсеткен. Алғашқы әрі бірінші себепі – аттас адамдарды ажыратудың жолы, яғни қоғам мүшелерін бір-бірінен айыру. Екіншісі, қазақ қоғамында табу қойылған есімдерді атамау, оны басқа есіммен ауыстыру. Үшінші, Есімнің құдіреті мен аруаққа, құдайға және әр түрлі күштерге сенгендіктен кісінің төл есімін лақап есіммен ауыстыру. Төртінші, тұлғаның ешкімге ұқсамайтын ерекшелігін көрсету [6, 96.].

Т.М. Абдрахманованың «Тілтаным» журналында жарыққа шыққан 129-беттегі зерттеуін алып қарасақ, қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі лақап есімдердің көбі ер адамдарға қойылады. Бұл әр тілдің өзіне тән ерекшелігі бар екенін көрсетеді. Неміс және орыс тілдеріндегі лақап атаулар жынысқа байланысты өзгешеленеді, ал қазақ тілінде бұл ерекшелік байқалмайды, себепі род категориясы тек орыс, неміс тілдеріне тән. Бұл ерекшелік дейді автор: «ер адамдар мен әйел адамдардың мінез құлқына байланысты болуы тиіс. Кез келген елде әйел адамдар ер адамдармен салыстырғанда жұмсақ мінезді, нәзік жанды, инабатты болады, сондықтан да әйел адамдарға көп лақап аттар қойылмауы керек». Осы зерттеуде қазақ, орыс, неміс есімдері қарастырылған, зерттеу шеңберінде ер адамдардың бейресми есімі – 70 пайызды, ал әйел адамдардың бейресми аты – 30 пайызды құрайтындығы анықталған [7, 129б.].

Лақап есімдердің қалыптасу тәсілдерін зерттеген шетелдік ғалымдарға келер болсақ, РФА (Ресей ғылымдар академиясы) лингвистикалық зерттеулер институтының зерттеушісі Н.В. Шевченконың 2021 жылы *«Способы и средства образования прозвищ (на материале картотеки прозвищ в липецких говорах)»* атты мақаласында лақап есімге мынадай анықтама берілген: *«Лақап есім – орыс адамын бейресми атаудың сарқылмас көзі – ресми түрде заңдастырылған атауларға, әкесінің аттарына, тегіне ұқсас, бірақ онымен сәйкес келмейтін күрделі жүйені құрайды»*. Н.В. Шевченконың пікірінше, лақап есімдерді әдетте басқа адамдар қояды. Лақап есім пайда болған сәттен бастап адамның өз аты мүлдем ұмытылады, себепі, лақап есім адамның өз атына қарағанда, белгілі бір тұлғаны айрықша және кеңінен сипаттайды. Лақап есімдердің пайда болуына көптеген себептер бар екендігін жазып көрсеткен. Мұндай себептерге:

1) үндеспейтін немесе қоршаған адамдарға белгілі бір себеп бойынша ұнамаған есімдер болған жағдайда пайда болатын лақап есімдер;

2) сырт келбеті бойынша пайда болатын лақап есімдер: ұзын – аласа, арық – семіз, көрікті – көріксіз;

3) дененің жеке мүшелерін ерекшелеп көрсететін лақап есімдер: бас, қол, аяқ, мұрын, көз, тіс, құлақ, шаш;

4) адамның әдетіне, сөйлеген сөзіне байланысты туындаған лақап есімдер;

5) ұлты, тұрғылықты мекенжайы немесе келген жеріне қатысты пайда болған лақап есімдер;

6) кәсібі, қызмет түріне байланысты пайда болған лақап есімдер;

7) отбасына, үй ішіне, балаларға деген қарым-қатынасына байланысты туындаған лақап есімдер;

8) мінез-құлық ерекшеліктері, адамгершілік қағидаларына қатысты пайда болған лақап есімдер және басқасы [8, 604б.].

Н.В. Шевченконың мақаласында лақап есімдер құрылымына қарай: бірсөзді, күрделі, оның ішінде формула түріндегі лақап есімдер және сөз орамы түріндегі лақап есімдер болып бөлінетіндігі айтылған.

Осы тақырыпты зерттеу аясында шетелдік авторлардың арасынан келесі бір зерделенген еңбектің бірі Баротзода Файзиддин Камолиддиннің «*Образование и функционирование прозвищ и кличек в разнотурных языках*» филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін жазылған, 52 беттен тұратын автореферат диссертациясы. Аталған еңбекте автор тарихи кезеңдердегі лақап есімдер проблемасын, олардың ономастика саласындағы эволюциясын зерттеген. Автор лингвистикалық, мәдени, әлеуметтік, тарихи аспектілерді ескере отырып, лақап есімдерге талдау жүргізді және олардың халықтың дәстүрлі рухани мәдениетімен байланысын, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан сабақтастығын ашып көрсетті. Баротзода Файзиддин Камолиддин аталған еңбегінде тәжік халқындағы лақап есімдердің пайда болу себептерін атап айтты. Оның айтуынша, олар жалпы есімдерден – заттардың, өсімдік немесе жануарлар әлемінің атауларынан және сапа немесе абстрактілі ұғымдарды білдіретін сөздерден бастау алады. Мысалы:

– *Өсімдік атаулары: Ахмади картошка – Ахмад картофель (ер адамның лақап есімі; Арбуз (қазақ тілінде Қарбыз) – қарны үлкен адамдарды атайды; Перец – озбыр мінезді адамдарға қойылатын лақап есім;*

– *Жануарлар әлемінің өкілдерімен атау: Собака – төбелесқор және ұрысқақ адамды айтады; Волк – өз жұмысының шебері; Воробей – бойы аласа адамдардың лақап есімі;*

– Кейде лақап есім адамның немесе жануардың дене мүшесіне қатысты қойылуы мүмкін: *Бров, борода – қасы қалың немесе сақалы*

ұзын адамдарды айтады; *Ухо, нос* – мұрны немесе құлағы үлкен адамдарға қойылатын лақап есімдер;

– Лақап есім туылған жері немесе тұрып жатқан орны бойынша берілуі мүмкін: *Кулябец, Памирец, Согдиец*; тән белгі бойынша – безумец (есалаң), длинный (ұзын), короткий (аласа), толстый (семіз), худой (арық);

Автор зерттеуге қатысты саны 2500-ден астам лақап есімдерді жинақтап, пайда болу себебі мен құрылымына байланысты жіктеген [9, 146.].

Қорытындылай келгенде, қазақ тіл білімінде ономастиканың негізін салған, лақап есімдерді алғашқылардың бірі болып жан-жақты зерттеген ғалымдарға Т. Жанұзақты жатқызуға болады. Ғалым лақап есімдерді жалған есімдер деп көрсеткен. Ол өзінің «Қазақ есімдерінің қысқаша тарихы» еңбегінде лақап есімдерге тоқталады және оларды мағыналық топтарға жіктейді. Руға байланысты қойылған лақап есімдердің жиі кездесетінін атап көрсетеді.

XIX–XX ғасырларда лақап есімдер қоғамда сол кезде орын алған қуғын-сүргіннен жасырыну мақсатында пайда болған. Қазақтың атақты ақын-жазушылары, бірқатар зиялы қауым өкілдері өкіметтің іске асырып отырған саясатына наразылығын білдіріп, пікірлерін сол кезеңдегі газет-журналдарда жариялап отырған. Қудалау әрекеттері жүргізілгендіктен, ақын-жазушылар мақалаларын лақап есіммен беруге мәжбүр болды. Қазіргі таңда мұндай себептерге байланысты лақап есімдердің берілуі сирек құбылысқа айналды. Лақап есімдерді көбінесе шығармашылық, өнер адамдарынан байқай аламыз. Бұл қоғамның өзгеруінің бірден-бір белгісі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аманжолов А.С. История и теория древнетюркского письма. – Алматы: Мектеп, 2010. – 367 с.
2. Кеңесбаев І.К., Ысқақов А.Ы., Қайдаров Ә.Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. 7 том. – Алматы: Ғылым, 1983. – 672 б.
3. Ескелдиева М.Ж., Жұмасатова А.М. Лақап, бүркеншік есімдердің қызметі және қолданылу аясы // Халық ақыны, жыраулық өнердің шебері Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 толуына орай «Жаһандану дәуіріндегі жамбылтанудың жаңа арналары және оны оқыту мәселелері» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтау: Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, 2021. – Б. 112-117.
4. Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы. – Алматы, 1971. – 218 б.
5. Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. 1 том. – Алматы, 2006. – 400 б.
6. Рахымберлина С. Лақап есімдердің пайда болу себептері // Қарағанды университетінің хабаршысы, 2009. – Б. 9-12.
7. Абдрахманова Т.М. Қазақ, орыс, неміс тілдеріндегі лақап есімдерінің ерекшелігі // Тілтаным. – Алматы, 2004. – № 4. – 229 б.
8. Шевченко Н.В. Способы и средства образования прозвищ (на материале

картотеки прозвищ в липецких говорах). – Лексический атлас русских народных говоров (Материалы и исследования), 2021. – С 603-625.

9. Баротзода Ф.К. Образование и функционирование прозвищ и кличек в разноструктурных языках. Автореферат диссертация на соискание ученой степени доктора филологических наук. – Душанбе, 2021. – 51 б.

СТИЛИСТИКАЛЫҚ НОРМАДАН ТІЛДІК НОРМАНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ ТУРАЛЫ

Б.З. Ахметова, А.Ш. Тлеулесова, М.Қ. Ақошева

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті,
Астана қ.*

Аннотация. Берілген мақалада стилистикалық нормадан тілдік норманың өзгешелігі талданады. Тілдік норма тіл мәдениетінің аясында қарастырылады, сондықтан тіл мәдениеті тілдік нормаға иек артады. Тілдік норманың функционалдық табиғаты варианттылықтың бар болуымен байланысты. Тілдік тәсілдердің варианттылығы әдеби тілдің функционалды-стилистикалық жіктелуін қамтамасыз етеді. Стилистикалық нормалану процесінде бірнеше фактордың рөлі байқалады. Кеңсе іс қағаздарына тән стилистикалық нормалары болса, ресми мәтіннің микро-макро өрісіндегі стильдік бірліктердің құрылымдық жүйесінен тұрады. Ресми стильдің сыртқы формасының сипаты ішкі тілдің құрылымдық жүйесімен сәйкес келеді. Әдеби тіл және тілдік норма бірінсіз-бірі болмайтын, бір бүтіннің екі жағы сияқты.

Кілтті сөздер: тіл мәдениеті, функционалды стилистика, солтүстік өңір, фоникалық әдіс, стилистикалық норма, тілдік норма.

Аннотация. В данной статье рассматриваются отличия языковой нормы от стилистической нормы. Языковая норма исследуется во взаимосвязи с культурой языка, поэтому культура языка как бы опирается на языковую норму. Функциональная природа языковой нормы связана с наличием вариативности языковых приемов. Вариативность языковых приемов влияет на функционально-стилистическую классификацию литературного языка. В процессе стилистического нормирования заметным становится роль нескольких факторов. Характер внешней формы официального стиля соответствует структуре внутренней формы языка. Литературный язык и языковая норма не могут существовать друг без друга, они представляют собой части одного целого.

Ключевые слова: культура языка, функциональная стилистика, северный регион, фонический прием, стилистическая норма, языковая норма.

Annotation. This article discusses the differences between the linguistic norm and the stylistic norm. The linguistic norm is studied in relation to the culture of the language, so the culture of the language is based on the linguistic norm. The functional nature of the language norm is associated with the presence of variability of language techniques. The variability of language techniques affects the functional and stylistic classification of the literary language. In the process of stylistic rationing, the role of several factors becomes noticeable. The nature of the external form of the official style corresponds to the structure of the internal form of the language. A literary language and a linguistic norm cannot exist without each other, they are parts of one whole.

Keywords: language culture, functional stylistics, northern region, phonic reception, stylistic norm, linguistic norm.

Сөйлесім негіздерінде арнайы стилистикалық нормамен қатар тілдік нормалар қалыптасқан. Нақты айтсақ, тілдегі бұл ерекшеліктер арнайы нормалық жүйеде қалыптасқан тіл мәдениетінің категориясына жатады. Ғалымдардың пікірі негізінде стилистикалық норма-стилистиканың категориясы болып табылады.

Тілдік норманың мәселелері – тіл мәдениетіне, ал стилистикалық норманың проблемалары стилистика мәселесіне барып тіреледі.

Эколингвистикалық бағыттағы ғылыми-теориялық еңбектерге шолу жасағанда, тіл экологиясы, экологиялық лингвистика сияқты жарыспалы терминдерден құралған өрістің бар екенін бақадық. Тіл мәдениеті дұрыстық қана емес, ол сөз мәдениеті, өнер мәдениеті жоғары деңгейінде стилистикамен түйіседі. Белгілі ғалым Н. Уәли: «Сөз шеберлігі тек нормаға тән дұрыстықты көздемейді, сонымен қатар толып жатқан тілдік амал-тәсілдердің ішінен мағына, стильдік жағынан аса дәл, бедерлі, ұтымды түрін талғау дегенге саяды» деген пікір айтады [1, 260 б.].

Сонымен сөйлесім негізінде қалыптасқан стилистикалық норма деп белгілі қолданыс аясында функционалдық стильдерде, оның барлық жанрларында стилистикалық ресурстардың мәнерлі әсем өрнегімен орынды қолдануын айтамыз.

Тілдік норма – тіл мәдениетінің қарастырылатын мәселесі. Тіл мәдениеті дегеніміз (тілді мәдениетті пайдалану) – қарым-қатынас ситуацияларында коммуникативтік қарым-қатынас жетістіктерін қамтамасыз ету үшін тілдік тәсілдерді дұрыс ұйымдастырып, тәртіпті әрі жүйелі қолдану.

Тіл мәдениеті тілдік норманың 3 түрін қамтиды. Оларға мына нормалар жатады:

- тілдік норма (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбыстану нормасы);
- этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері);
- коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынасының тиімділік қағидалары).

Тіл мәдениеті, тілдік норма туралы ғалым М. Балақаев, өз еңбектерінде жан-жақты қарастырып, саралаған [2, 14 б.].

Тілдік норманың проблемалары тіл мәдениетінің аясында қарастырылады. Қазіргі уақыт талабына сай, сондай-ақ, әлемдік тіл ғылымында тіл мәдениеті «сөйлеудің тиімділік теориясы» ретінде аталып, әсер ету әрекеттестік (яғни, екі жақтың өзара қатынасының) бағытында зерттеліп жатыр. Осы әлемдік тіл мәдениетінің көтерген проблемаларын қазақ тіл ғылымында жан-жақты зерттеуді прагматикалық аспекті арқылы шешу міндетін алға қоюда.

Тіл мәдениеті сөзді дұрыс, тәртіпті ғана құрау болып саналмайды, тіл мәдениеті эстетикалық бағдарды қамтамасыз етеді. Ол өзінің ең жоғары деңгейінде стилистикамен түйіседі, оның негізгі мәселелеріне

ықпал етіп, стилистикалық норманың қалыптасуына толық мүмкіндік жасап береді.

Стилистикалық нормадан тілдік норманың өзгешелігі мынада: әдеби тілдің тілдік нормасын қолдану аясы шектеулі емес. Тілдік норма жалпы қолданыстың дұрыстық сапаларын игеріп отырады. Тілдік норма тіл мәдениетінің аясында қарастырылынады, сондықтан тіл мәдениеті тілдік нормаға иек артады. Тілдік норманың функционалдық табиғаты варианттылықтың бар болуымен байланысты. Тілдік тәсілдердің варианттылығы әдеби тілдің функционалды-стилистикалық жіктелуін камтамасыз етеді.

Стилистикалық норма мен тіл нормасын салыстырғанда, тіл нормасы белгілі жүйелілік пен бірізділікке бағынады, ал стилистикалық норма жалпы тіл нормасының талаптарына бағынбайды, бұдан шығатын қорытынды стилистикалық норма тіл нормасынан мүлдем бөлек дүние емес, ол тіл нормасының барлық тиімді жақтарын өз бойына жинақтайды, әрі «тілдің табиғи заңдылығын бұза отырып» стилистикалық норманы қалыптастыруға күш салады [2, 14 б.]. Бұл орайда айта кететін нәрсе стилистикалық норма жалпы тілдік нормаға ешуақытта қарсы қойылмайды, қайта соның аясында жетіледі.

Стилистикалық нормалану процесінде бірнеше фактордың ролі бар. Кеңсе іс қағаздарына тән стилистикалық нормалары болса, ресми мәтіннің микро-макро өрісіндегі стильдік бірліктердің құрылымдық жүйесінен тұрады. Ресми стильдің сыртқы формасының сипаты ішкі тілдің құрылымдық жүйесімен сәйкес келеді.

Тіл байлығы, тілдің икемділігі оның қоғамдық қызметінің ұлғая түсуімен, әдеби тілдің нышан-белгілерін дамыта түсумен ұштасып жатады.

Қазақстандағы солтүстік өңірлерді мекендеген адамдардың тілдесім стиліндегі стилистикалық нормалар өзінің табиғи тілдік құрылымы заңдылықтарының аясынан шығып кетеді. Стилистикалық норманың стильдердегі және жанрларындағы сәйкессіздігі оның тұрақты орны жоқ екенін дәлелдейді.

Стилистикалық норманың өрісі көркемдікке әкелетін сөз өрнектері, сөйлем түрлері, түрлі фоникалық әдіс, тәсілдер, тұтас стиль түзуші тәсілдердің көркемдік жиынтығы болып табылады.

Стилистикалық норманы қалыптастыруға негізінен стилистикалық категориялар мен стилистикалық коннотация көмектеседі. Бұдан шығатын қорытынды: стилистикалық коннотацияның бірлескен жиынтығынан стилистикалық норма туындайды. Стилистикалық норма, басқаша айтқанда, тілдің көркемдік, сұлулық айшықты мәнерін көрсету жетістігінің туындысы деуге болады.

Ресми стильде мемлекеттің заңдарына сәйкес соның «қоғамдық мүлкі» тарапынан мемлекеттік биліктің күшін көрсететін сөздер стилистикалық норма ережелерін көрсете алады.

Сонымен, сөйлесім тіліндегі стилистикалық норма ғылыми стильде концептуалды пайымдаумен келіп отырады.

Көркем әдебиетте стилистикалық норма былай көрінеді:

- ойлау-пайымдау;
- концептуалды пайымдау (адам психикасында барлық әлем картинасының бейнеленуі);
- образ-пайымдау (бейнеліліктің ең озық үлгілерін беру мүмкіндіктері).

Аталған стилистикалық нормаға қарама-қарсы құбылыс – стилистикалық қателер. Сөйлеу қателері, кейбір сөз, сөз тіркестері, синтаксистік конструкциялар стиль мәніне сәйкес келмейді де, сөздің коммуникативтік мақсатқа сәйкестігінің талаптары бұзылады.

Қорыта айтқанда, қазақша сөздердің және сөйлесім мен тілдесім негіздерінің бұзылуына, тіл экологиясының варваризмдер мен ластануына, тілдік норманың сақталмауы зор ықпал етеді. Сондықтан, ғылыми сипаттама негізінде алатын болсақ, онда төмендегідей тұжырымдамаларға келеміз. Олар: Қазақстанның солтүстік аймақтарында қалыптасқан тілдесім негіздеріне прагматиканың яғни прагматикалық факторлардың әсері бар екендігіне көз жеткізіп отыр. Демек, прагматика – күрделі көп аспектілі сала екендігіне ғалымдар о бастан-ақ назар аударып бастаған. Әлемдік және орыс тіл білімінде прагматикаға қатысты зерттеулердің көбі лингвистикалық талдаулардың өн бойында прагматикалық фактордың бар екеніне көңіл аударды. Бұның басты себептері тілді зерттеудің жаңаша бағыттарымен байланысты болды.

XX ғасырдың соңғы ширегінде тіл білімінің антропологиялық парадигмаға көшуі тілді адаммен, адамды тілмен бірге қатыстыру мәселесін негізгі ұстаным етіп алды. «Тіл мен адам арасындағы қарым-қатынасты зерттейтін прагматика» тілдік емес факторлардың ішінде прагматикалық фактордың бар екенін толық дәлелденген.

Стилистиканың прагматика, психология, гносеология, логика сияқты лингвистикалық емес пәндермен байланысы прагматикалық фактордың маңызын жан-жақты айқындауда. Функционалдық стильді түзуші, қалыптастырушы экстралингвистикалық факторлар туралы орыс және әлемдік тіл білімінде талай уақыттан бері айтылып келеді.

Тілдік экология мәселесінде прагмалингвистика адамның тілдесім мәртебесі бірнеше бағытта қарастырылуы қажеттігін көрсеткен.

Оларға, біріншіден, конверсациялық (сөйлеу актісі); екіншіден, функционалды (риторикалық-стилистикалық); үшіншіден, психолінгвистикалық ерекшеліктердің ықпалы зор екендігін көрсеткен [3, 29 б.].

Қазіргі қазақ тіл ғылымында экстралингвистикалық факторлар Р. Сыздық, М. Серғалиев еңбектерінде зерделенген. Бірақ экстралингвистикалық факторлардың тағы басқа типтері әлі толық зерттеліне қойған жоқ. Тілден тысқары тұратын экстралингвистикалық факторлардың табиғатына үңілген сайын прагматикалық фактордың ерекшелігі

айқындала түседі. Сондықтан стилистикалық нормадан тілдік норманың ерекшелігін толықтай зерттелуді қажет етеді.

Мақала 2023–2025 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобалар бойынша гранттық қаржыландыру шеңберіндегі № ИРН АР 19677795 «Лингвистикалық экология Солтүстік Қазақстан (Ақмола, Қостанай, Павлодар облыстары) тұрғындарының этномәдени менталитетінің көрінісі ретінде» / «Лингвоэкология как отражение этнокультурной ментальности жителей Северного Казахстана (Акмолинская, Костанайская, Павлодарская области)» атты жоба аясында жазылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Білім, 2008. – 189 б.
2. Балақаев М. Тіл мәдениеті. – Алматы: Ғылым, 1967. – 245 б.
3. Смағұлова Г. Мәтін лингвистикасы. – Алматы: Ғылым, 1998. – 361 б.

БІЛІМ БЕРУДЕ АКТ-НЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.Ф. Батай, А.Д. Рамазанова

Жетекші: аға оқытушы Г.А. Сағнаева

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.*

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі білім саласындағы қолданылып жүрген АКТ түрлері және оларды қолдану тәсілдері қарастырылады. Білім алушылардың сапалы білім алу жағдайын жасау үшін заманауи АКТ технологияларымен танысуға болады. Заманауи АКТ қолданулардың тиімді жолдарын көрсетіп, оң жақтары анықталады. Бұл мақала білім беру сапасын жоғарлатқысы келетін ұстаздар қауымына арналады.

Кілтті сөздер: АКТ, Canva, Googletest, Tiktok, Quizziz, Kahoot, Socrative.

Аннотация. В данной статье рассматриваются виды действующих ИКТ в современной сфере образования и способы их применения. Для создания условий получения обучающимися качественного образования можно ознакомиться с современными ИКТ-технологиями. Выявляются положительные стороны, указывающие на эффективные способы применения современных ИКТ. Данная статья будет посвящена педагогам, желающим повысить качество своих уроков

Ключевые слова: АКТ, Canva, Googletest, Tiktok, Quizziz, Kahoot, Socrative.

Annotation. This article discusses the types of existing ICTs in the modern field of education and the ways of their application. To create conditions for students to receive high-quality education, you can get acquainted with modern ICT technologies. The positive aspects pointing to effective ways of using modern ICT are revealed. This article will be dedicated to teachers who want to improve the quality of lessons.

Keywords: АКТ, Canva, Googletest, Tiktok, Quizziz, Kahoot, Socrative.

Білім мен ғылым – қоғамдық сананы жаңғыртып, адамның ақыл-ойын дамытатын аса маңызды құндылық. Сондай-ақ, бүгінде ақпараттық

технологияларды қолданудың мүмкіндіктері өте мол. Ақпараттық технологияларды педогогикалық тұрғыдан дұрыс пайдалана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығының артуына, сабаққа деген ынтасының оянуына, өз бетімен жұмыс істеуіне, дебат ұйымдастыруына, проблемалық сұрақтарға жауап беруіне, өмірмен байланыстыруға еркін де кең мүмкіндік береді.

Компьютерлік технологиялар біздің келешегіміз. Ол баланың интеллектуалдық дамуына, ойлау процестерін арттыруға, ақпараттармен жұмыс істеу мүмкіншіліктеріне зор ықпал етеді. Бірақ, тек компьютерге жүгінуге, оны білім алудың жалғыз арнасына айналдыруға болмайды. Айналадағы қоршаған ортаны тануда кітап оқу, бақылау және ең маңыздысы жанды қарым-қатынас екенін ұмытпағанымыз жөн.

АКТ сабақтың негізгі элементі емес, қосымша көмекші элементі түрінде болуы тиіс. Оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, АКТ-ны қолдану жұмысы нақты сабақтың қай бөлімінде, қалай қолданылатыны ойластырылған және уақыт мөлшері ескерілген болуы тиіс. АКТ-ны қолдану арқылы өткізілетін сабақтарда баланың денсаулығын сақтауға аса назар аудару қажет. Сабақ жоспарына сергіту сәтін, динамикалық үзіліс, көзге арналған жаттығулар, денсаулық сақтау технологияларын міндетті түрде енгізу керек. Мәселен, ақпаратты коммуникативті технологиясын пайдаланудың тиімділігі әсіресе жаңартылған білім беру бағдарламасының негізінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде аудио тыңдалым, қалыптастырушы бағалау тапсырмалары мен тест жұмыстары оқушылар уақытын үнемдеуге өте тиімді.

Заман ағымына қарай сабақта видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану оқушының дүниетанымын кеңейтеді. Әсіресе, оқулықтағы тарауларды қорытындылау кезінде білім алушылар қосымша материалдар жинақтап, білімдерін кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастырып, шығармашылығын дамытады [1, 5 б.]. Мәселен, мектеп қабырғаларында қазақ тілі мұғалімінің сабақ барысында АКТ өте шебер қолдану арқылы сабақты қызықты өткізіп, сапалы білім беру процестерін байқауға болады. Мұғалім интерактивті тақта арқылы оқушыларға Elorda.Mектеп бағдарламасы арқылы сабақ және оқулық жоспарына сай сапалы және жоғары деңгейдегі видеолар мен аудиокітаптар көрсетіп тыңдатады. Сонымен қатар, мұғалім Canva, Microsoft Power Point бағдарламаларының көмегімен оқу процесінде презентациялар мен слайдтар жасап қана қоймай оқушыларға слайд жұмысын үй тапсырмасына беру мүмкіндігіне ие болады, ал тест жұмыстары Googletest арқылы алынады. Ұстаз оқушылардың білім алуын қызықты етіп, сыни ойлауға үйретеді. Мұғалім АКТ арқылы сабақ және үй тапсырмасын беріп оқушылардың танымдық ойлауы мен есте сақтауын қалыптастырады. Осылайша, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ

қолдану тек оқу үрдісін жеңілдетіп қана қоймай, сонымен бірге, оқушының да көптеген қабілеттерін дамытуға көмегін тигізеді.

Нәтижесінде пән мұғалімі АКТ қолдану арқылы:

– оқушының сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын арттырады;

– әр түрлі мәселелерді шешу жолдарын іздестіру арқылы танымдық қабілетін дамытуға зор септігін тигізеді;

– логикалық ойлау қабілетін дамытады;

– жеке немесе топпен жұмыс жасауға дағдыландырады;

– қоғамда өз ойын ұялмай жеткізуге септігін тигізеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 7-бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [2, 8 б.]. Мектеп қабырғасында оқушыларды оқыту процесінде ең алдымен АКТ басты назарға алынуы керек. Себебі, қазіргі таңдағы оқулықтар мен оқу құралдары АКТ бойынша жазылған. Сондықтан, әрбір мұғалім аталмыш технологиядағы негізгі функцияларды өзінің сабағында жетік қолданып, оны бүгінгі күннің талабына сай икемдеп, жаңа форматты оқыту процесінің үлгісін қалыптастырғаны абзал.

Оқу үлгісін дамытатын әдіс-тәсілдер қазір мектеп қабырғаларында дамып келуде. Мұғалімдер сабақтарында Bilimland.kz, тесттер алу үшін Googletest, Microsoft office, Onlinemektep.kz, Elordamektep, Kundelik.kz сияқты платформаларды жиі қолданады. Осы платформалар мен сайттар арқылы ұстаздар сабақ өткізумен қатар үй жұмысын электронды түрде оқушыларға беруде. Осы сайттар қолданыста өте ыңғайлы және тілі түсінікті болып келеді. Дегенмен, осы сайттардың интерфейсі қызықсыз және балаларды жалықтартын болып көрінеді деген ой туындайды.

Қазіргі уақытты әлеуметтік желілердің қызып тұрған сәті деп айтуға болады. Оқушылар өз уақыттарын аниме көру, тикток, инстаграмм желілерінде отырумен өткізеді. Осы әлеуметтік желілер арқылы мектеп бағдарламасындағы тақырыптар немесе шығармалар туралы сапалы монтаждалған видеоларды тикток желісіне жүктеу арқылы оқушылардың назарын аулауға мүмкіндік тудырады. Тикток желісінде қазақстандық Болат Дүйсенов атты химия пәнінің мұғалімі өз сабақтарының тақырыптарын, химиялық есептерді, эксперименттерді қазіргі таңдағы танымал жапондық анимациялар анимелермен байланыстырып оқушылар назарын ғана емес ересектердің назарын аулауда. Осындай заманауи әдіспен балаларды оқыту өте тиімді. Тикток желісінде химия пәнімен қатар тарих пәні де дәл осындай әдіспен оқытылуда. Осындай каналдардың аудиториясы көбінесе мектеп жасындағы оқушылар. Осылайша АКТ қолдану кезінде сабақ өте сәтті өтеді және сабақ

барысында ерекше жағдай мен шынайы орта қалыптасып, ұстаз бен оқушы арасындағы қарым-қатынас күшейе түседі әрі жылы қарым-қатынас туындайды.

Қазақ тілі және басқа да пәндер мұғалімдері сабақтарын өткізу барысында слайд әдісін қолданып жатады. Слайдтар әдетте PowerPoint жүктемесі арқылы жасалынады. Қазіргі таңда PowerPoint жүктемесі тозып, дизайнерды ескіріп, монотонды болып қалды. Оқушылар ең алдымен ақпаратты көздерімен қабылдайды. Сонымен қатар, кейбір мұғалімдер слайд жасауда ұсқынсыз немесе біртүрлі дизайн таңдап, слайдқа гүл немесе басқа да оқушылардың назарын басқа жаққа ауытатын қажет емес суреттерді қолданады. Біз оқушыларға заманауи стильдегі және дұрыс таңдалынған анимациялар қызықтырақ деген ойды ұстанамыз. Монотонды PowerPoint жүктемесінің заманауи және өте қолжетімді альтернативасы ретінде Canva платформасы ұсынылады. Мысалы, қазіргі студенттер практика немесе лекция сабақтарына слайд әзірлегенде Canva платформасын қолданады. Осы жүктеме арқылы түрлі түсті немесе бір стильге негізделген мықты слайдты 15 минутта жасап шығарады. Демек, платформа тілінің түсініктілігі мен ыңғалайлығының арқасында уақыт үнемделінеді. Canva платформасын қолдану арқылы ұстаз:

- Уақытын үнемдеуге;
- Оқушыларын қызықтыруға;
- Платформаны тегін және шексіз қолдануға;
- Фотосуретті сапалы өңдеуге;
- Заманауи дайын дизайнерды жүктеп алуға;
- Фотосурет кітапханасында суретті, клипартты немесе инфографиканы тез таңдап немесе жүктеуге;
- Фотосуреттер палитрасына негізделген дизайн жасауға;
- Жасалған макетті png (жоғары сапа), jpg (шағын өлшем), стандартты pdf немесе басып шығаруға болатын pdf форматында жүктеп алуға;
- Әріптестермен құжаттарды сілтеме жіберу арқылы бірге және бір уақытта өңдеуге;
- Canva платформасында жасаған жұмыстарды автоматты түрде сайт арқылы жариялауға мүмкіндік алады.

Осылайша Canva платформасымен ұстаздар ашық сабақтарына, жиналыстарына, сынып сағаттарына қажетті слайд жасап, уақыттарын үнемдейді.

АКТ-ны ұйымдастыру – оқушының сана-сезімі мен ақыл-ойының дамуын арттыратын, баланың шығармашылық қабілетін көтеретін басты бағыт. Мұғалім бұл уақытта тек сабақты түсіндіріп, оны бағалап қана қоймайды, сонымен қатар оқыту процесінің сапалы өтуіне тікелей әсер етеді. АКТ құралдары арқылы тақырып бойынша қорытынды тест немесе сергіту сәтін ұйымдастыруға болады. Әдетте мұғалімдер жаңа тақырып бойынша семантикалық карта бойынша оқушыларының білім

деңгейін тексереді. Жас мамандарда АКТ дамыған заманда қағаз үлгідегі немесе ашық тест алу оқушылардың пәнге деген қызығушылығын төмендетеді деген ой қалыптасады. Күн сайын оқушылардан қағаз қалпындағы дәстүрлі тест ала беру оқушыларды жалықтырып қана қоймай көздерін де тез шаршатады. Сабақтарды қызықты ету мақсатында Quizziz, Kahoot, Socrative сайттарын қолданған жөн. Kahoot сайты арқылы ұстаздар немесе оқушылар өтілген материалдар бойынша тест жасай алады немесе сайтта тақырып бойынша дайын тесттерді қолдана алады. Мысалы, «Менің атым Қожа» шығармасы бойынша сапалы дайын тесттерді кездестіруге болады. Kahoot сайты түсініктілігімен, түрлі-түстілігімен, материалдардың молдылығымен, қолжетімділігімен, ыңғайлылығымен ерекшеленеді. Kahoot сайтын әдетте БИЛ, НЗМ, гимназиялар сияқты заманауи мектептер қолданып, оқушаларының білім деңгейін тексереді. Осылайша АКТ қолдану арқылы ұстаздар баланы оқыта отырып жалпы дамытады, оған еркін және қолайлы жағдай жасап, өз бетінше ізденуге, шешім қабылдауға дағдыландырып, бойларында ұшқырлық сияқты қасиеттерін шыңдайды.

Сабақ барысында тақырып бойынша тапсырмалардың материалы ретінде ұстаздар Bilimland.kz сайтын қолдануда. Bilimland.kz сайтында сапалы және сапасы төмен видеолар мен сауатсыз берілген тапсырмалар кездесіп жатады. Осындай сапасы төмен тапсырмалар оқушының тақырыпты меңгеруіне кері әсер тигізеді. Сондықтан осындай келеңсіздіктердің алдын алу мақсатында ұстаздар Eddpuzzle жүктемесі арқылы сабақ тақырыбы бойынша видео, видео-тест, көп деңгейлі тапсырма, жаттығулар жасай алады.

Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, онлайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген мұғалім болуы тиіс екені заман талабы. Ақпараттық коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісінде қолдану оқушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол. АКТ – мұғалімнің білім берудегі кедергілерінің алдын алушы. Мысалы, сабақ берудегі кедергілердің бірі – оқушылардың белгілі себептерге байланысты оқуды босатып алуы. Егер білім алушы әр түрлі жағдайға байланысты: ауырып бірнеше сабақты жіберіп алуы; жаңа материалды тыңдамай, түсінбей қалуы; бірден ойды түсінбей қалуы, осының барлығы жиналып қала берер еді. Электронды оқулықтар мұндай қарама-қайшылықтарды жоққа шығарады [3, 1 б.]. Кез-келген электронды оқулықтарды табудағы ең ыңғайлы сайттарға Okulyk.kz, Kitap.kz, Gov.kz, Free.Atamura.kz сайттары жатады. Бұл сайттарда кез келген оқулық электронды және қолжетімді, оқуға ыңғайлы форматта беріледі.



Сурет №1. «Canva платформасын сабақ барысында қолдану».



Сурет №2. «Kahoot платформасын сабақ барысында қолдану».

Қорытындылай келе, бүгінгі күні еліміздің білім беру саласында жоғарыдағы мәселерге баса назар аударылу қажет. Білім беру жүйесінде баланың білім деңгейін көтерумен қатар оның сана-сезімін дамыту да маңызды факторлардың қатарына жатады. АКТ қолдану оқушының жеке тұлға және ақыл-ой зердесін дамытуда жаңа технологияның мәні зор дей келе, оқушы өзін ғана емес басқаның еңбегін де жауапкершілікпен қарап, еңбек етуіне ұйымшылдық қабілетін оятуға ынталандырады. Жаңа технология үрдісін әр ұстаз жүйелі пайдалана білсе, ертеңгі қоғам иелерінің білімді, білікті, ынталы болуына үлесін қосары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бахтиярова Р.Ж. Пән сабақтарында АКТ-ны қолданудың тиімділігі. «Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық Орталығы» АҚ филиалы БҚО бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты: Орал, 2014. – 16 б.(5-б.)
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы.
3. Бужеева О. Электронды оқулықтың пайдасы.

МОДАЛЬ СӨЗДЕР ҚЫЗМЕТІН АЙҚЫНДАУ НЕГІЗДЕРІ

Ж. Бауыржанқызы

Ғылыми жетекші: Ы.Б. Шақаман

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.*

Аннотация. Мақалада қазақ тіліндегі модаль сөздердің танылуы мен ерекшелігі қаралып, семантикалық мәні түсіндіріледі. Олардың зерттелу бағыты, қазақ тіл біліміндегі орны, модальдық белгілері талданады. Сонымен бірге модаль сөздердің қазақ тілінде жеке сөз табы болу негіздемелеріне сипат беріліп, олардың дербес сөз ретінде де, көмекші сөз ретінде де қызмет атқару мүмкіндігі бары нақтыланады. Шет елдік зерттеушілердің модаль сөздер туралы пікірлеріне саралау беріледі. Модаль сөздердің модальдық қызметі астарлы белгі болып табылатыны тұжырымдалады.

Кілтті сөздер: модаль сөздер, ерекшелік, қызмет, көмекші сөз, дербес сөз, астарлы мағына.

Аннотация. В статье рассматривается распознавание, специфика, смысловое значение модальных слов в казахском языке. Анализируются их изучение, место в казахском языкознании, модальные признаки. Также подчеркивается, что модальные слова имеют свойство быть отдельным классом слов в казахском языке и имеют возможность служить как самостоятельным словом, так и вспомогательным словом. Дается дифференциация мнений зарубежных исследователей о модальных словах. Делается вывод о том, что модальная функция модальных слов раскрывается в подтексте.

Ключевые слова: модальные слова, особенность, функция, вспомогательное слово, самостоятельное слово, скрытое значение.

Annotation. The article discusses the recognition and specificity of modal words in the Kazakh language, explains their semantic meaning. The direction of their study, their

place in Kazakh linguistics and modal features are analyzed. At the same time, a separate class of words in the Kazakh language is given a character to the grounds for highlighting modal words and explains that they can work both as an independent word and as an auxiliary word. The opinions of foreign researchers about modal words are differentiated. It is concluded that the modal function of modal words is a figurative sign.

Keywords: modal words, sign, service, auxiliary word, independent word, figurative meaning.

Тілдегі модальдылық сөйлеушінің қимыл-әрекетке көзқарасын білдіруді түсіндіреді, өйткені ол – қарым-қатынастыққа түсуде сөйлеумен қатар көрінетін ішкі пікірлік қосымша нәтиже.

Тіл білімінде модальдықты нақты бірліктермен (формамен) ашатын түрлі тілдік амал-тәсіл бар. Оларға фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік тәсілдер мен интонациялық амалдың бәрі де енеді. Жеке мәнді сөздер де, көмекші сөздер де сөйлеуде модальдықты арттырады.

Жалпы алғанда осындай қызметтегі сөздер сөз таптары ішінен іріктеліп, жеке топ құрау арқылы, даралана бастады. Сөйтіп олар «Модаль сөздер» деген атауға ие болып, сөз табы ретінде жекеленді [1]. Бұл сөздер қазақ тілінде де, жалпы түркі тілдерінде де көмекші де, дербес те сөздер қатарында саналатын еді. Бірақ ғалым С.Исаев бұлардың ішінде толымды сөздердің болуына байланысты оларды жеке сөз табы деп ерекшеледі.

Ал ғалым Е. Жанпейісов «Морфологиялық сипатына келсек, модаль сөздердің жұрнақ не қосымша жалғауға қабілетті емес. Сөз тудырушы не сөз жасаушы жұрнақтар жалғанбайды» [2] – деген пікірі нақты көмекші қызметтегі модальдық бірліктерге қатысты берілген сипат болып табылатынын түсінеміз.

Қазақ тіліндегі модальділік мәселесін арнайы зерттеген ғалым Е. Жанпейісов [2] толық мағыналы модаль сөздерді болжалды, міндеттілік, сенімділік, күмәнділік, қалау мағынасын жеткізуде қолданылатынын түсіндіреді, бұл пікір зерттеуші М. Балақаев [3] еңбегінде де кездеседі.

Ғалым А. Ысқақов [8] модальдық мағынасын райлық мағына түрінде қараған. Жалпы алғанда рай дегеніміз қазақша модальдық болып табылады. Сондықтан ғалымның бұл орайдағы рай түрлерімен байланыстыруы дұрыс деп тану қажет.

Модальдық мағына туралы пікірлер Н. Сауранбаев, І. Кеңесбаев, Н. Оралбай, Т. Қордабаев, Ф. Ахметжанов, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде кездеседі. Зерттеушілердің пікірлерін саралау арқылы модальдық мағынаның жинақталған тобы көрініс береді:

- Міндеттілік мағыналы модаль сөздер;
- Болжал мәнді модаль сөздер;
- Мүмкіндік мағыналы модаль сөздер;
- Қостау, растау мәнді модаль сөздер;

- Қалау, тілек мәнді модаль сөздер;
- Күмән, күдік мәнді модаль сөздер.

Мағыналық ерекшеліктерді жіктеп көрсетуші ғалым М.В. Зайнуллин *ақиқат, неғайбыл модальдығын; міндеттілік, қажеттілік, қозғау, қалау, ниет, болжал* модаль түрлерін саралаған [5,64-б.].

Орыс тіл білімінде модаль сөздердің жеті мағыналық тобы көрсетілген:

- Сұраулы сөйлемдерде қолданылатын модаль сөздер: *неужели, разве, ли*;
- Бір нәрсеге назар аударатын модаль сөздер: *лишь, почти*;
- Көрсеткіш модаль сөздер: *вот, вон*;
- Сезім мен эмоцияны көрсететін модаль сөздер: *именно*;
- Күмән тудыратын модаль сөздер: *вряд ли; едва ли*;
- Айтылғандардың әсерін күшейтетін модаль сөздер: *ведь, даже*.

А.Н. Кононов түркі тілінде модальділіктің үш формасы барын айтып, *болымдылық, шарттылық, субъектілік* түрлерін атайды. Е.Н. Петров түркі тілінде модальділіктің 30 тобы барын дәлелдейді. Д.Г. Тумашева модальдықты *міндеттілік, мүмкінділік, қажеттілік, ниет, болжалды* деп бес топқа бөледі. Бұдан модальдық мағынасының кең екендігі танылады.

Тілдік зерттеулер бойынша қарасақ, модаль сөздердің заттық-дербестік мағынасы болмайды. Олардың жеке сөз ретіндегі мағыналық сипаты модальдық (грамматикалық) қызметімен ұштасып жатады. Өйткені модальдық мағына астарлы мағына болып табылады. Оны айқындау сөйлеуде қолданылып тұрған бірліктің нақты мәнін, қызметін түсінумен байланысты көрінеді.

Модаль сөздердің жеке сөз табы болуын ғалым С. Исаев көзқарасы бойынша түсіндіру нақтырақ көрінеді. Модаль сөздер – өз алдына жеке сөз табы бола алатын өзіндік лексика-грамматикалық ерекшеліктегі сөздер. Өйткені олардың *лексикалық, категориялық мағынасы жағынан басқа сөзден ажыратылуы, жеке лексикалық мағынада болуы* басты негіздеме болады.

Модаль сөздер көмекші сөз сипатында көрінгенмен, толық мағыналы сөз екенін тану мүмкіндігі бірден білінеді. Олардың бірде толық мағыналы, бірде көмекші сөз қызметінде қолдануы сөйлем аясындағы мәніне байланысты болады. Мысалы:

1. **Керек** іс бозбалаға – талаптылық, әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық» (Абай).

2. Біз де сіздің бір **қажетіңізге** жарай қалармыз дегендей, жастар жағы орнынан сеніммен тұрды» (Т. Теменов).

Мысалда «керек» пен «қажет» сөздері дербес сөз қызметінде бола отырып, астарлы мағынаны да білдіріп тұр. Бұл сөздердегі астарлылық мағына жеке талдауды қажет етеді.

Сондай-ақ болжал мәнді, күман мәнді модаль сөздер қосымша астарлы белгісіздік мәнін де білдіреді. Белгісіздік мән сөйлеушінің болып жатқан әрекетке болжау, күманды көзқарасынан-ақ көрінеді.

Сонымен Адамзат сөйлегенде, жазғанда белгілі оқиғаға қатысты өзіндік көзқарасын, пікірін, ойын білдіреді. Көзқарас, пікір оқиғаның анықтығын, айқындылығын, шынайылығын, күдіктілігін, мүмкінділігін, т.б. белгілерін аша түседі. Сондықтан модаль сөздер көзқарасты таныту арқылы өзіндік қосымша реңк беретіндіктен, модаль деп аталған.

Мысалы: *Әрине, бәр-бәрін жалғастырып, септестіріп жүрген сол Алшынбайлар* (М.Ә); *Әлбетте, ең үлкен, ең дұрыс шешуді құранның күтсе керек* (М.Ә) дейтін сөйлемдерде «әрине», «әлбетте» модаль сөздері сөйлеушінің айтып отырған сөзіне деген **сенімділігін** білдіріп тұр.

Тағы: *Баж еткенмен, ықтап еткен секілді...* (М.Ә); *Ат тұмсығы бір бітеу меңіреу қабырғаға тірелген сияқты*» (М.Ә); *Діндар әкеге кітапшылап сөйлесе, парыз, уәжіп деген сияқтыны еске алуы мүмкін* деген сөйлем қолданысындағы «-кен секілді», «-ген сияқты», «-уы мүмкін» модаль сөздері сөйлеушінің **болжалдылық, мүмкінділік** көзқарасын білдіреді.

Модаль сөздердің жеке сөз тобы, табы болуына олардың сөз тудырушы жұрнақ қабылдай алуы, жалғаулармен түрлене алуы теориялық негіздеме бола алады: *керекті, керексіз, керекпіз, қажетсің, т.б.*

Модаль сөздер көмекшілік қызмет атқару белгілерімен басқа көмекші сөзден дараланады. Өйткені олардың басты белгісі – астарлы мағынаны ашуы.

Ал ғалымдардың райлық мағынаны модальдықтан бөлек қарау мәселесін жеке зерттеу нысанына алу қажеттігін түсіндіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Исаев С. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Өнер баспасы, 2007. – 336 б.
2. Жанпейісов Е. Модальные слова в современном казахском языке. – Алматы: Ғылым, 1988. – 182 б.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
4. Мамаділ Қ. Етістіктің модальдылық құрылымдары. – Астана: Елорда, 1996.
5. Зайнуллин М.В. Модальность как функционально-семантическая категория. – Саратов: Изд-во Саратовского университета, 1986.
6. Балақаев М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі (Синтаксис). – Алматы: Санат, 2003. – 240 б.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ ҚАЗАҚ ПЕДОГОГИКАСЫНДА СЫНИ ОЙЛАУ ӘДІСІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

Г.А. Сағынаева, Д. Қадырмолдина

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.*

Аннотация. Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының қазақ педогогикасында сыни ойлау технологиясының негізін салушы мәселесі қарастырылған. Мақала сыни ойлау технологиясының ережесін, тәсілдерін негізге ала отырып, ақынның еңбектерімен салыстырып, зерттеуге арналған. Мақалада сыни ойлау әдісіне зерттеу жүргізіліп, Абайдың еңбектеріне талдау жасалған. Қорыта келе, қазақ ғылымында сыни ойлау әдісі шетелден кірген жаңалық емес екені дәлелденген.

Кілтті сөздер: сыни ойлау әдісі, Абай Құнанбайұлы, ереже, өлең, қара сөз.

Аннотация. В данной статье рассматривается проблема Абая Кунанбайулы, основоположителя технологии критического мышления в казахской педагогике. Статья призвана сравнить и исследовать творчество поэта, опираясь на правила и методы технологии критического мышления. В статье рассматривается метод критического мышления и анализируется творчество Абая. В заключение доказано, что метод критического мышления в казахстанской науке не является новинкой, пришедшей из границы.

Ключевые слова: метод критического мышления, Абай Кунанбайулы, правила, стихи, слова назидания.

Annotation. This article examines the problem of Abai Kunanbayuly, the founder of the technology of critical thinking in Kazakh pedagogy. The article is intended to compare and explore the poet's work, relying on the rules and methods of critical thinking technology. The article discusses the method of critical thinking and analyzes Abai's creativity. In conclusion, it is proven that the method of critical thinking in Kazakh science is not a new product that came from abroad.

Keywords: method of critical thinking, Abai Kunanbayuly, rules, poems, words of edification.

Жиырма бірінші ғасырда білім беру мен педогогикалақ әдістер күнен күнге дамып, көбеюде. Солардың бірі сыни ойлау әдісі. Бұл әдіс қазіргі заманда пайда болмаса да, жеке әдіс болып танылып, кең етек жайып жатқаны белгілі. Себебі сыни ойлау әдісін біз жұмыс пен кәсіпте де, білім беру мен оқуда да кездестіреміз. Негізінен сыни ойлауды Ежелгі заманда Сократ алғаш енгізген. Ол Платонмен хаттарында сыни ойлауды өзара ақылдасады. Ең алғаш 1910 жылы теоретик Джон Дьюи сыни ойлау терминін өзінің кітабынада қолданған. Дайана Халперн, Герхард Фоллмер, Карл Поппер, Ричард У. Поль, Скотт Плаус, Винсент Райан Руджиеро бұл әдісті әр қырынан зерттеп, өз бағасын берген. Дайана Халпернның ойын көптеген замандасатары бөліседі. «Сын тұрғысынан ойлау психологиясы» кітабында сыни ойлауға анықтама шығармашылық ойлау деп берілсе [4], басқа ғалымдар бұл тәсіл ұтымды ойлауға үйретіп, дамыта оқытады деген идеяларымен бөліседі.

Ал қазақ ғылымында сыни ойлау туралы өз шығармаларында алғаш қолданған Абай Құнанбайұлы. Бұл туралы алғаш рет абайтанушы Сұлтан Ыбырай өз мақаласында: «Абай сыни ойлауды қазақта ғылыми негізде бірінші қолданушы» – деп жазды. Дегенмен, нақты себептер мен дәлелдер келтірілмеген.

Абай Құнанбайұлы сыни ойлауды тек ғылыми негізде ғана қолданып қоймай, сыни ойлау себептерін, қалай сыни ойлау керектігін, сыни ойлай алатын адам мен ойлай алмайтын адамға сипаттаманы өз өлеңдері мен қара сөздерінде көрсетеді.

*Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанада?* [1, 225 б.] – дей келе ұлы ақын айналасындағы адамдарға сенімсіздік танытады.

*Сенбе жұртқа тұрса да қанша мақтап,
Әуре етеді ішіне қулық сақтап.* – дей келе, елдің мақтау, алдамшы сөздеріне ермеуді үйретеді.

*Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.* [1, 38 б.] – деп өлең шумағын жалғастыра, әрқашанда адам бірінші өз ақылы мен еңбегіне сүйену керектігін насихат етеді. Ғылым таппай мақтанба өлеңінде:

*Ақыл сенбей сенбеңіз,
Бір іске кез келсеңіз
Ақсақал айтты, бай айтты,
Кім болса мейлі, мейлі, сол айтты-
Ақылменен жеңсеңіз –
Надандарға бой берме,*

Шын сөзбенен өлсеңіз. [1, 50 б.] – дейді Абай. Қандай жасы үлкен, көпті көрген ақсақал болса да, ауқатты, елге сыйлы бай болса да біреудің сөзіне көзді жұма ермеуді кеңес етеді. Адам кімнің сөзін естісе де, ең бірінші өз ойына салып, ой елегінен өткізіп, дұрыс не бұрыс екендігін ақылменен ойлану керек екендігін жазған Абай. Егер адамның ақылы сенбесе, надандардың артынан ермей, өзінің түзу жолымен жүргенді жөн етеді. Ал сыни ойлаудың қазіргі негізгі анықтамасы фактілерді анализдеу арқылы тұжырым қалыптастыру. Фактілер адамдардың дәлелденген ойынан қалыптасады. Оларды анализдеу Абайша ой елегінен өткізу. Тұжырым қалыптастыру дегеніміз адамның өз жеке қорытындысын жасауы.

*Мұны жазған кісінің
Атын білме, сөзін біл!
Жақынның сөзі тәтті деп,
Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,*

Ондай түпсіз сөзге ерме. [1, 51 б.] – деп жалғастырады сөзін Хәкім. Ойдың шын-өтіріктігіне адамның өзі кепіл болмайтынын, дұрыс

пікірлерді аты-жөні немесе беделі бойынша емес, пікірдің мазмұны бойынша қабылдауды талап етеді. Интернатта оқып жүр өлеңінде:

*Я тілмаш, я адвокат
Болсам деген бәрінде ой,
Көңілінде жоқ санасы,
Айтыңызшы болсаңыз
Здравомыслящий,*

Ақыл айтпай ма ағасы? [1, 58 б.] – деген жолдар жазылған. Қоғамдағы адамдардың ойы бірдей екені, бір-бірінен ерекшеленетін саналарының жоқтығы жазыла келіп, сыни ойлайтын адамды «здравомыслящий» деп атайды. Қазақ тіліне тікелей аударғанда сау ойлай алатын адам деген мағынаны береді. Сыни ойлаудың да негізгі талаптарының бірі жеке көзқараспен ереше ойлай білу қасиеті.

*Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,*

Абайлар әрбір сөзді өз халынша. [1, 44 б.] – деп жазылады «Жігіттер ойын арзан күлкі қымбат» өлеңінде. Адамның ойын, пікірін тыңдағанда салғырт тыңдамай, мағынасын толық түсінетіндей мұқият тыңдап, әрбір сөзін өз хәлінше сынға салу керек екенін айтады. Яғни, сыни ойлау тек қана өз ойында тұру басқаларға сенбеу деген сөз емес. Тура ойды түйіп, жалғанын айыра алатын қабілетті де сыни ойлау дейміз.

Сыни ойлау сонымен бірге Абайдың аударма мысалдары мен қара сөздерінен де орын алады. Қазаға ұрынған қара шекпен мысалында ағайын мен дос жарының айтқан кеңесі мен уәдесінің соншалықты пайдасыз екендігі сынға алынады. Ал, Емен мен Шілік мысалында еменнің мақтан сөзіне мән бермей өз ойында қалған шіліктің жеңісі айтылады. Қарға мен түлкі мысалы біреудің мақтан сөзіне масаттансаң қарғадай сан ұрып қалатыныңды ескертеді.

Абай Отыз екінші қара сөзінде: «Төртінші – білім ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде бірі мұлахаза қылу, екіншісі берік мұхафаза қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болмақ керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды» [3, 211 б.] – деп жазады. Мұлахаза араб тілінен аударғанда сөзталас өнерінде жетік болу деген мағынаны берсе, мұхафаза араб тілінен көзқарасты қорғауда табанды болу. Сыни ойлаудың қорытынды шарты егер сен өз ойың мен пікіріңнің дұрыстығына көзің жетік болып, дәлелдей алсаң, өз ойыңнан айнымай, таймай қорғау болып табылады.

Қорыта келе, Абай Құнанбайұлы сыни ойлау туралы қазақ ғылымында алғаш қолданып, өз ойынша сыни ойлау туралы өз өлең, аудармаларында, ғақлия сөздерінде ақпараттар жазып қалдырған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Құнанбаев А. Өлең – сөздің патшасы : шығармаларының бір томдық жинағы. – Жидебай : Халықаралық Абай клубы, 2006. – 560 бет
2. Мырзахметұлы М. Абай ұлғаты. – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ: Ұлағат баспасы, 2015. – 106 бет.
3. Сүйіншәлиев Х. Ж. Абайдың қара сөздері. – Алматы: Қазақтың Мемлекеттік Көркем Әдебиет Баспасы, 1956. – 151 бет.
4. Халперн Д. Психология критического мышления. – Питер, 2000 – 512 бет.

МЕДИАКОМПЕТЕНТНОСТЬ ПЕДАГОГА ИНОСТРАННОГО ЯЗЫКА: ПРИНЦИПЫ И МЕТОДЫ ПРАКТИЧЕСКОГО ПРИМЕНЕНИЯ

Е.А. Строева, Б.Д. Нызметова

*Павлодарский педагогический университет
имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

Аннотация. Мақаланың мақсаты – шет тілі мұғалімінің медициналық құзыреттілігінің түсінігін, принциптерін және компоненттерін ашу. Мектептегі оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастырудың қазіргі жағдайындағы шет тілі мұғалімінің медициналық құзыреттілігінің маңызы мен рөлі сипатталып, мұғалімнің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың жолдары мен тәсілдері көрсетілген. Қазіргі заманғы мұғалімнің медиақұзыреттілігін қалыптастырудың ерекшеліктері және шет тілі сабағында оқу-тәрбие үрдісінде кәсіби әлеуетін жүзеге асыру негізделді, шет тілі сабағында мұғалімнің медиақұзыреттілігін оқу-тәрбие процесіне енгізу әдістері сипатталады.

Кілтті сөздер: медиақұзыреттілік, медиатехнологиялар, медиақұзыреттілік принциптері, медиақұзыреттіліктің құрамдас бөліктері.

Аннотация. Цель статьи раскрыть понятие, принципы и компоненты медиакомпетентности педагога иностранного языка. Описывается значимость и роль медиакомпетентности педагога иностранного языка в современных условиях организации образовательного процесса в школе, представлены пути и средства формирования медиакомпетентности педагога. Обосновываются особенности формирования медиакомпетентности современного педагога и реализации профессионального потенциала в образовательном процессе на уроках иностранного языка, описываются методы реализации медиакомпетентности педагога в образовательном процессе на уроках иностранного языка.

Ключевые слова: медиакомпетентность, медиатехнологии, принципы медиакомпетентности, компоненты медиакомпетентности.

Annotation. The goal is to reveal the concept, principles and components of the medical competence of a foreign language teacher. The significance and role of the foreign language teacher's medical competence in the modern conditions of the organization of the educational process at school are described, the ways and means of forming the teacher's media competence are presented. The features of the formation of media competence of a modern teacher and the realization of professional potential in the educational process at foreign language lessons are substantiated, methods for implementing the media competence of a teacher in the educational process at foreign language lessons are described.

Keywords: media competence, media technologies, principles of media competence, components of media competence.

Современное общество все чаще характеризуется как «информационное», что обусловлено двумя глобальными факторами – совершенствованием системы образования и все возрастающей ролью средств массовой информации и коммуникации (печать, фотография, радио, кинематограф, телевидение, видео, мультимедийные компьютерные системы, Интернет), без использования которых немислима современная жизнь и образование. В современных реалиях каждый педагог, в том числе и педагог иностранного языка должен быть медиакомпетентным.

В Государственной программе развития образования и науки Республики Казахстан на 2020-2025 годы дается определение понятия «медиакомпетентность» – это уровень медиакультуры, обеспечивающий понимание личностью социокультурного, экономического и политического контекста функционирования медиа, свидетельствующий о ее способности быть носителем и передатчиком эффективности медиакультурных ценностей, вкусов и стандартов, создавать новые элементы медиакультуры современного общества, реализовать активную гражданскую позицию [1].

Раскроем понятие «медиакомпетентность». В Информационной доктрине Республики Казахстан указано, что «медиакомпетентность – это активное или пассивное восприятие и использование материалов медиа, включая их критическое восприятие и осознанную оценку, понимание методов, которые используют медиа, и их влияние» [2]. В то же время медиакомпетентность – совокупность компетенций, позволяющих людям получать доступ, анализировать, оценивать и создавать сообщения в различных видах медиа, жанрах и формах для личного самовыражения и реализации своих гражданских прав и тем самым обеспечение фундаментальных свобод общества.

Медиакомпетентность выступает как средство получения знаний, способ самореализации потенциальных возможностей личности. В. Поттер рассматривает медиакомпетентность как совокупность опыта, умения использования медиа, готовность к самосовершенствованию и предполагает наличие умений по работе и созданию медиапродукта. Исследователь считает, что личность должна постоянно совершенствовать свой уровень взаимодействия с медиа [9, с. 135]. Р. Кубей определяет медиакомпетентность личности как «способность анализировать, использовать, оценивать и передавать сообщения в разных формах» [8, с. 12].

Медиакомпетентность А.Р. Абузярова рассматривает как «совокупность мотивов, знаний, умений и возможностей, способствующих подбору и передаче медиатекстов разных форм, жанров, а также анализу сложных процессов функционирования медиа в обществе» [3, с. 2].

Интересен подход к выделению принципов медиакомпетентности, представленный в публикации В. Поттер. Он вывел восемь ключевых принципов медиаграмотности, позволяющих лучше изучать медиапродукты. Среди них, в частности [9, с. 136]:

- любой медиапродукт – это сконструированная реальность;
- медиа в определенной степени формируют наше чувство реальности;
- получатели медиасообщения интерпретируют его содержание;
- медиа имеют коммерческую поддержку;
- любое медиасообщение транслирует идеологию и информацию об определенных ценностях;
- медиа в образовании выполняют социальные и культурные функции;
- содержание сообщения зависит от вида медиа;
- каждый медиаресурс имеет свою уникальную эстетическую форму.

Учитывая большое количество преимуществ в применении медиасредств, С. Хубер выделяет ряд важных моментов, которые следует учитывать в процессе организации обучения иностранным языкам, в частности, «сначала нужно научить учащихся обращаться с новыми медиасредствами; учитывать больше дидактических, а не технических функций медиасредств при овладении содержанием учебного предмета; помнить, что обучение перед экраном более утомительно, чем обучение с традиционными медиасредствами; создавать такие задачи, которые мотивировали бы и заинтересовывали учащихся к обучению, поскольку работа с новыми медиасредствами требует самодисциплины и навыков учиться; суживать применение медиасредств к реализации целей учебного предмета, не концентрироваться на их широком использовании» [10, с. 35].

Особенностью медиакомпетентности, согласно мнению Р. Кубей является то, что ее цель состоит в «изучении вопросов, возникающих тогда, когда люди критически подходят к медиаконтенту (задавать вопросы, выявлять ключевые концепции, устанавливая связи между многочисленными идеями, ставить вопросы и отвечать на них, выявлять ошибки). то есть действия, требующие умственных навыков)» [8, с. 13].

Самосовершенствование уровня медиакомпетентности педагога иностранного языка происходит путём целенаправленной самообразовательной деятельности. Педагог должен знакомиться с современными педагогическими и психологическими исследованиями, искать новые способы и методы организации образовательно-воспитательного процесса, овладевать новыми формами, приемами обучения, заниматься разработкой методического и дидактического материала.

Поскольку информатизация современного учебно-воспитательного процесса является основой для поиска новых форм и методов работы учителя с обучающимися, у педагога иностранного языка возникает потребность использовать медиа в свою пользу. Так, например, на уроках иностранного языка по теме «Искусство» на этапе речевой зарядки можно предложить обучающимся создать правила использования мобильных телефонов в музеях, театрах, кинотеатрах и т.д. Следующим этапом мо-

жет стать дискуссия. Обучающиеся педагогом в свободной форме объединяются в две группы «За» и «Против» использования телефонов в вышеуказанных местах. Далее применяется метод «6 thinking hats» Эдварда де Боно – инструмент для решения креативных задач. Тема урока шифруется с помощью ребусного генератора, разгадывая которую учащиеся развивается критическое мышление. Отсюда следует, что от уровня медиакомпетентности учителя зависит мотивированность обучающихся в изучении иностранного языка.

Эффективным путем осуществления самообразовательной деятельности по проблеме формирования медиакомпетентности педагога иностранного языка, считает О.А. Соловьева, являются доклады, выступления на семинарах, конференциях, методических объединениях; взаимопосещение уроков; курсы повышения квалификации; разные курсы на онлайн-платформах и т.д. Следовательно, формирование медиакомпетентности педагога иностранного языка – это непрерывный процесс, требующий постоянного развития и совершенствования. Это необходимо еще и потому, что сфера медиа – это активно развивающаяся платформа, пополняющаяся новыми информационными ресурсами и средствами [6, с. 31]. Современный педагог иностранного языка должен уметь не только постоянно использовать их в своей практической деятельности, но и совершенствовать свои навыки в силу указанных объективных обстоятельств.

Медиаобразование является одной из составляющих общепедагогических компетентностей. Она характеризуется как интегральная характеристика личности учителя, а медиакомпетентность можно считать результатом медиаграмотности. А.И. Боталова характеризует медиакомпетентность как «умение эффективно взаимодействовать с медиапространством, правильно понимать, оценивать информацию, анализировать, передавать ее другим, соблюдая медиакультурные ценности, предпочтения и стандарты» [4, с. 25].

А.В. Федоров выделяет такие компоненты медиакомпетентности педагога иностранного языка, как [7, с. 102]:

- мотивационный (стимулирование к усовершенствованию знаний и умений в области медиаобразования);
- информационный (набор научно-педагогических знаний в сфере медиаобразования);
- методический (развитые методические умения в области медиаобразования);
- деятельностный (систематическая организация медиаобразовательной деятельности);
- креативный (творчество и новаторство в медиаобразовательном действии) и т.д.

Согласимся с мнением Е.А. Полькиной, что формирование медиакомпетентности педагогов иностранного языка происходит при выпол-

нении практических и самостоятельных работ (анализ медиатекстов по критериям стандартов медиа (статьи педагогических журналов и газет); работа с информационными ресурсами), поиск информации различных типов в Интернете (использование языка поисковых запросов), анализ видеофайлов по тест-вопросам, создание мультимедийных презентаций (создание виртуальных музеев, энциклопедий, библиотек интересных фактов), составление семантического ядра с помощью технологий веб 2.0; роликов, инфо-графики, овладение контент-анализом рекламных и социальных видеороликов (получение навыков противостояния манипуляциям медиа)) с использованием различных медиаресурсов и реализацией различными программными продуктами (инструментарием, необходимым для овладения медиакомпетентностью) [5, с. 76].

Новейшие технологии, визуализация играют немаловажную роль в образовательном процессе. Они помогают стимулировать и активизировать работу учащихся, заинтересовать их, повысить эффективность урока посредством выполнения творческих задач. Среди детско-юношеской аудитории популярны скрайбинг, скетчноутинг, интеллект-карты и другие инструменты.

На уроках английского языка и внеклассной деятельности рационально применять вебквесты. На этапе фонетической зарядки рационально предложить учащимся создать собственную скороговорку из ряда предложенных слов и словосочетаний (с указанием онлайн словарей для быстрого поиска необходимых слов). Возьмем такую дисциплину «Иностранный язык (по профессиональному направлению)», тема «Деловая корреспонденция». Основная форма работы на занятии – деловая игра. То есть создание условий для углубления знаний по обучаемой теме и развитие диалогической речи. Медиа технологии позволяют педагогу стать организатором и координатором проблемно-розыскной, исследовательской, учебно-познавательной деятельности учащихся, имеющих возможность реализовать приобретенные знания на практике. Кроме того, стимулировать и активизировать обучающихся к сотрудничеству на уроках иностранного языка можно с помощью технологии защиты индивидуальных проектов. Создание мультимедийных презентаций, видеофильмов формирует медиакомпетентность учащихся, при этом навыки медиакомпетентности совершенствуются и у самого педагога. Следует заметить, что соответствие задач возрастным особенностям учебной аудитории – это залог успешного достижения конечного образовательного результата.

Таким образом, быть медиаграмотным означает уметь квалифицированно пользоваться современными медиасредствами, программами мультимедийного назначения, интернет-технологиями; уметь работать с медиа-аттекстами; критически воспринимать и анализировать информацию. Медиакомпетентность учителя формируется в результате самообразовательной деятельности с использованием компьютера: участия в

онлайн-вебинарах, прохождения курсов на интернет-платформах, создание презентаций, видеороликов и использование их во время образовательно-воспитательного процесса.

Список использованных источников

1. Государственная программа развития образования и науки Республики Казахстан на 2020–2025 годы. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://www.gov.kz/memleket/entities/edu/press/article/details/20392?lang=ru>

2. Указ Президента Республики Казахстан от 20 марта 2023 года № 145 «Об утверждении Информационной доктрины Республики Казахстан». – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U2300000145>

3. Абузярова А.Р. Использование интерактивных технологий на уроке иностранного языка в процессе формирования коммуникативной активности школьников // В сборнике: Актуальные проблемы общего и дополнительного образования. Сборник научных статей по материалам Международной научно-практической конференции. Редколлегия: М.В. Антонова, Т.И. Шукшина (отв. ред.), Ж.А. Каско, В.И. Лаптун. – Саранск, 2022. – С. 2.

4. Боталова А.И. Применение лендинговых страниц в онлайн-образовании (на примере языковых сервисов) // Практический маркетинг.– 2020.– №8(282).– С. 25-34.

5. Польшкина Е.А. Об изучении интернет – ресурсов как составляющей развития информационной культуры будущего учителя // В сборнике: Закономерности и тенденции инновационного развития общества. сборник статей Международной научно-практической конференции: в 6 частях. – 2017. – С. 75-77.

6. Соловьева О.А. Использование информационных технологий в процессе совершенствования иноязычных грамматических навыков у учащихся старших // Заграничные языки у Республики Беларусь. – 2018. – №3. – С. 30-34.

7. Федоров А.В. Медиаобразование будущих педагогов. – Таганрог: Кучма, 2005. – 314 с.

8. Potter W.J. Media Literacy. 9th edition. – Thousand Oaks, London: Sage Publication, 2019. – 544 p.

9. Huber S. iPads in the Classroom – A Development of a Taxonomy for the Use of tablets in school. – Norderstedt, 2012. –109 p.

ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЗЕТ ЕТЕТІН БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУ МІНДЕТТЕРІ, ТЕНДЕНЦИЯЛАР МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕРІ

Қ.С. Тебенова

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды қаласы

А.А. Демесинова

№4 арайы мектеп-интернаты, Қарағанды қаласы

Аннотация. Мақалада ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға (ЕББҚ) шет тілін оқыту міндеттері, тенденциялар мен жаңа мүмкіндіктері тақырыбына жан-жақты талдау жасалынған. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды әлеуметтендіру, ортаға бейімдеу барысында ағылшын тілі пәнінің алатын орны қарастырылып, ЕББҚ білім алушыларға шетел тілін оқытудың жаңа мүмкіндіктері көрсетілді.

Кілтті сөздер: тенденция, диграф, оқыту міндеттері, жаңа мүмкіндіктер, әдістемелік қағида, тілдік құрылым.

Аннотация. В статье проведен всесторонний анализ темы задач, тенденций и новых возможностей обучения иностранному языку обучающихся с особыми образовательными потребностями. В ходе социализации, адаптации к среде обучающихся, нуждающихся в образовании, было рассмотрено место предмета английский язык, продемонстрированы новые возможности обучения иностранному языку обучающихся ООП.

Ключевые слова: тенденции, диграфы, задачи обучения, новые возможности, методический принцип, языковая структура.

Annotation. The article provides a comprehensive analysis of the topic of tasks, trends and new opportunities for teaching a foreign language to students with special educational needs. In the course of socialization, adaptation to the environment of students in need of education, the place of the subject English was considered, new opportunities for teaching a foreign language to students of the SEN were demonstrated.

Keywords: trend, digraph, training tasks, new opportunities, methodological principle, language structure.

Бүгінгі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне ену қажеттілігі көтеріліп отырған кезеңде білім беру мәселесін, әдіс-тәсілдерді инновациялық үрдістермен алмастырып, білім беру тенденцияларын меңгеру арқылы жалпы білім сапасын арттыру көзделген. XX ғасырдың басында Ж.Аймауытов: «Сабақ беру – жай үйреншікті нәрсе емес, ол – жаңадан жаңаны табатын нәрсе» деген екен.

Бұл мақалада ағылшын тілі сабақтарында білім алушылардың ерекшеліктерін ескере отырып оқытуда қолдануға болатын жаңа мүмкіндіктер, тенденциялары және шетел тілін үйретудің жаңа бағыттары қарастырылады. Іс-тәжірибе мен зерттеу нәтижесі көрсеткендей білім алушыға қолайлы орта қалыптастыра отырып бейімдеп, әлеуметтендіруге көмектесу – білім беру ұйымдарының басты міндеті. Ерекше білім беруді қажет (ЕББҚ) ететін білім алушыларды әлеуметтендіру, ортаға бейімдеу барысында ағылшын тілі пәнінің алатын орны зор.

Білім беру ұйымының негізгі міндеті – болашақ түлекті жан-жақты еркін дамыту.

Мектеп жасындағы ПДТ білім алушылардың ақыл-ой белсенділігі танымдық белсенділіктің төмендеуімен, нақтылығымен, стереотиптік шешімдерге бейімділігімен және сәйкессіздігімен сипатталады. Мұндай білім алушылардың ағылшын тілі сабағында табысты оқу және білімді игеру үшін жағдай жасау қажет.

Ағылшын тілі сабағында келесі әдістемелік қағидалар қамтылуы керек:

- тілдік ортаға ену;
- қызметтің өзгеруін қамтамасыз ету;
- мұғалімнің кіріспе сөздерін, сөз тіркестерін басқа тілдік құрылымдарды қайталау;

- қарастырылған материалды үнемі қайталау;
- сабақ барысында білім алушылардың жеке басын және олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту [1];

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды оқытудағы басты мақсат – білім алушыларды әлеуметтендіру болса, негізгі міндеттері жағымды қасиеттерді дамыту, өзін және өзгені дұрыс бағалауды қалыптастыру, әр түрлі жағдайларда білім алушылардың мінез-құлқындағы танымдық қасиеттің рөлін арттыру. Білім беру процесінде алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін, білім алушылардың қызығушылығын үнемі арттырып отыру қажет. Осы кезде білім беру процесіндегі АКТ маңызды рөл атқарады.

Ақпараттық технологиялар мұғалімнің құралдар арсеналын кеңейтеді, дамытушылық және түзетушілік тапсырмаларды орындау үшін көмектеседі. Компьютерлік оқытуға тән дидактиканың негізгі, нормативтік қағидаттарын бөліп көрсетуге болады:

- көрнекілік және теориялық ойлауды дамыту қағидаты;
- оқушылардың саналылық және шығармашылық белсенділік қағидаты;
- қол жетімділік және мүмкін болатын қиындық қағидаты;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерін есепке алу және оқытудың ұжымдық сипаты қағидаты.

Білім алушылардың арнайы оқыту құралы ретінде компьютердің артықшылығы:

- білім алушыларды олар үшін қиын қызмет түрлеріне ынталандыру;
- күрделі және тікелей бақылаудан жасырылған таным объектілерінің пәндік мазмұнын бірінен екіншісіне еркін ауыса отырып, кез келген қажетті белгі нысандарында модельдеу;
- бір пәндік мазмұнды көрнекі түрде және сөйлеу арқылы дәйекті ғана емес, сонымен қатар параллель модельдеуді жүзеге асыру, бір тәсілден екіншісіне өту;
- білім алушылардың топтық және жеке іс-әрекетінің өнімді түрлерін модельдеу (жобалау, эксперимент, болжау, жіктеу және т. б.);
- нақты және кейінге қалдырылған уақыт режимінде білім алушының өз іс-әрекетін талдауы үшін қосымша көрнекі динамикалық тіректерді енгізу;
- топтық оқыту жағдайында нәтижелі жеке қызмет мүмкіндігін қамтамасыз ету;
- арнайы оқытуды сапалы дараландыру мүмкіндіктерін кеңейту.

Ұлы ұстаз Мағжан Жұмабаевтың «Баланы өз күшіне сендіріп үйрету керек», деген ұлағатты сөзін әрқашан ұстаз жадында ұстауы керек. Білім алушылардың психо-физикалық ерекшеліктерін ескере отырып сабақта қолданылатын стратегияларды, тиімді технологияларды өзіміз құрастырамыз.

Әр сабақта көздеген мақсатқа жету үшін, сабақта білім алушыларда аффирмация, мотивация сөздермен жағымды көңіл күйді қалыптастырамыз. Әр сабақта білім алушылардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында «Calendar» әдісін құрастырдық. Яғни дәсүрлі сұрақ жауаптан көрі сыныптағы кезекші білім алушы аптаның қай күні, күн, ай, ауа райын жыл мезгілін айтып сәйкесін постерге жабыстырады. (сур. 1).



Сурет 1. «Calendar» әдісі

Сабақта өткен тақырып, жаңа сөздер білім алушылардың естерінде ұзақ уақыт сақталу үшін әр түрлі, тақырыпқа сай көрнекіліктер, таратпа материалдар дайындаймыз. Жаңа сөздерді бекіту үшін тақырыпқа сай «Puzzle» әдісі арқылы білім алушылар сурет пен сөзді құрап шығуы керек, осылайша білім алушылардың есте сақтау қабілеті жақсарады. Бастауыш сыныпқа осы әдіс арқылы бас әріп пен кіші әріпті табуға сәйкестендіруде қолданамыз (сур. 2). «Puzzle» әдісі сонымен қатар зат есімнің жекеше және көпше түрін оқығанда, осылай жаңа бағытта пазл құрастыру арқылы білім алушылардың тіл білуге қызықтырудың тағы бір әдісі. (сур. 3).



Сурет 2. «Puzzle» әдісі



Сурет 3. «Puzzle» әдісі зат есімнің жекеше және көпше түрін ажырату үшін

Сонымен қатар диграфтарды оқытуды «Postman» әдісі арқылы жүзеге асырамыз. Почта қорабына сәйкес диграфтарды енгізеді. Әр сөзді білім алушы қорапқа оқып, әріптерге спеллинг жасағаннан кейін бірақ сала алады. (сур. 4).



Сурет 4. «Postman» әдісі

Мысалы, «School uniforms» тақырыбында «Mysterions cloths» әдісі бойынша мата қиындыларын таратып, білім алушыларды жаңа тақырыптың матамен байланысы бар екенін сипап, сезу қасиеттері арқылы ұйымдастыруға болады. (сур. 5).



Сурет 5. «Mysterions cloths» әдісі

Тағы бір мысал «Healthy bodies» тақырыбында «Long life vitamins» стратегиясы бойынша білім алушыларға өткізілетін жаңа тақырыпты алдын ала болжап, ұйымдастыруға болады.

Мысалы: «Ruler» әдісі білім алушылар бір – біріне қарама-қарсы тұрады, мұғалім «Мен саған сенемін...» деп жазылған парақты ынталандыру сөзімен жалғастырып бір оқушыға табыстайды. Сызғыш бойымен тұрған барлық білім алушы өз ынталандыру сөзін ағылшын тілінде айтып шығады. Мысалы: Мен саған сенемін, сен ақылдысың... (сур. 6).



Сурет 6. «Ruler» әдісі

Бұл жерде осындай стратегияларды ойдан шығаруымыздың басты мақсаты, білім алушылардың психо-физикалық ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ басынан аяғына дейін тақырыпқа деген қызығушылықтарын арттыру, яғни сабақтың ұйымдастыру кезеңінен білім алушылар жаңа тақырыпты іштей болжап, қабылдай бастайды.

Білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін дамытуда, жоғарыда айтылғандай баланы өз күшіне сендіруге үйрету үшін топта жұмыс жасауға баулимыз. Топқа бөлуде, оқыту стратегияларын үнемі жаңа тақырыппен байланысты құрастырып отырамыз.

Мысалы: «School uniforms» тақырыбында «Needle and thread» әдісін қолданамыз (сур. 7).




Сурет 7. «Needle and thread» әдісі

Бұл әдісті жұптық жұмыс жасау мақсатында құрастырдық. Білім алушылардың қолдарына ине, екінші топқа жіп таратамыз. Қолдарында жіптері бар білім алушылар өзіне ұнаған инеге барып сабақталады. Бұл жерде білім алушылардың қауіпсіздігі ескеріледі. Ине қағаздан жасалады. Білім алушылар осылай екі топқа бөлінеді. Бұл әдіс білім алушыларға өте қатты ұнайды.

Біздің білім алушылардың психо-физикалық ерекшеліктерін ескеріп, ағылшын тілінде тілдік құзыреттіліктерін қалыптастыру мақсатында жоғары сынып оқушыларымен тақырыпқа сай жаңа сөздерді есте сақтаудың жеңіл жолдарын іздестірдік, бірнеше жұмыс түрлерін істеу нәтижесінде, балалардың есте сақтау қабілетін жақсартуға, жұмыстан жалықтырмайтын тапсырмалар жиынтығын құрастырдық. Бұл жерде стандартты форматтан ауытқуға тура келді. Жаңа тақырып бойынша жаңа вокабулярды балалардың есте сақтауы үшін, келесі схема бойынша жұмыс тізбегін құрастырдық.


- жаңа сөздер
 - Қысқа мәтін
 - 1 тапсырма. Мәтінді оқу;
 - 2 тапсырма. Берілген сөздермен мәтіннен сөйлемдерді тауып жазу;
 - 3 тапсырма. Сөйлемдердің жалғасын мәтіннен табу;
 - 4 тапсырма. Мәлімдеменің дұрыс немесе дұрыс еместігін анықтау.
 - 5 тапсырма. Берілген сөздерден мәтін бойынша сөйлемдер құру
 - 6 тапсырма. Мәтінді қайта оқып сөйлемдердегі қателерді түзетіңіз
- (сурет 8).



Сурет 8. Мәтінмен жұмыс тізбегі

Осы тізбек бойынша жұмыс істеу барысында әр түрлі жаттығу орындайды, бірақ түпкі мақсат, білім алушылар тапсырма орындау барысында мәтінге қайта – қайта оралып, әр тапсырманы орындауда

жаңа сөздермен жұмыс істейді. Сабақ соңына білім алушылар сабақта өткен жаңа сөздерді оқылуын, аудармасын біледі. (сурет 9).



Сурет 9/ Мәтінмен жұмысқа мысал

Осылайша алты тапсырмадан тұратын тізбектелген оңай тапсырмалар жиынтығын орындау барысында, білім алушы жадында жаңа сөздерді еріксіз сақтайды, мәтінді меңгереді.

Осындай жұмыс мөлшерін орындауда білім алушылар тез жалығып қалмас үшін, қызықты әуенді, ырғақты сергіту сәттерін өткізіп отырамыз. Сергіту сәттерінде балалар сүйіп тыңдайтын, әндерді аламыз. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар сабақ барысында, денсаулықтарына байланысты тез шаршап қалады. Әр сабақта қызықты сергіту сәтін өткізу міндет болып табылады.

Әр сабақты білім алушыларды қызықтырып, сабаққа деген қызығушылығын арттыру мақсатында инновациялық технологияларға жүгінуге тырысамыз. Сабақ тақырыбын бекіту кезеңінде интербелсенді тақтаның көмегімен, «QR», «Жанды сурет», Kahoot.com., және т.б. қолдану арқылы білім алушылармен кері байланыс жасалады. Сонымен қатар, әр сабақта білім алушыларды жалықтырып алмас үшін тақырыпқа сай көрнекіліктерді таратпа материалдардан бөлек, электронды әр түрлі онлайн тақырыпқа сай презентация көмегімен сабақтарымызды түрлендіріп отырамыз. Атап айтқанда, презентацияларды Prezi.com., Canva.com., PowerPointinBase сияқты программаларда дайындаймыз.

Қорыта келе, Ахмет Байтұрсынұлы өз заманында «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса...., білім де сондай керек» деп бекер айтпаған болар. Біздің ұстаз ретінде басты міндетіміз ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларға сабақ жоспарын тиімді құрастырып, жаңа заман талабына сай сабақ өткізу. Ол үшін сабақтың құрылымы, сабақта қолданылатын тапсырмалар, таратпа материалдыр, ЕББҚ білім алушылардың психо-физикалық ерекшеліктерін ескеріп құрастырылуы керек. АКТ-ның көмегімен өткізілген сабақтар білім алушыларды жалықтырмай, сабаққа деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Обучение английскому языку детей с задержкой психического развития (ЗПР) | Статья на тему: | Образовательная социальная сеть (nsportal.ru)
2. Пассов Е.И., Кузовлева Н.Е. Урок иностранного языка. – М.: Глосса-Пресс, 2010.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ НА ПРИМЕРЕ САКРАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТИ

Д.К. Жунусова

*Павлодарский педагогический университет
имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

Аннотация. Бұл мақалада қазіргі тандағы АКТ-ны тіл сабақтарында пайдалану жолдары, және оның пайдасы мен зияны сияқты мәселелер қарастырылған. Мақаланы оқи отырып, жаңа технологиялардың білім саласындағы орны туралы тереңірек ақпарат алуға болады. Көптеген мәселелер айтылғанымен, шешімін таппай жатады. Мақала осы мәселелерге үңіліп, шешімдерін іздейді. Тіл сабағында АКТ-ны тиімді қолданудың жаңа тәсілдерін көрсетіп қана қоймай, оны қалай жүзеге асыруға болатынын нақты мысалдармен көрсетеді. Негізгі өзекті мәселе – оқушылар мен студенттердің АКТ арқылы сабаққа қызығушылығын оята отырып, зияндарымен күресу. Оларға сабақ барысында дамыта оқыту әдісін қолдану және тиімділіктері қарастырылған.

Кілтті сөздер: АКТ, Google Forms, Prezi.com, kahoot, canva, quizizz flippity, classtime, әдіс-тәсіл.

Аннотация. В этой статье рассматриваются современные способы использования ИКТ на уроках казахского языка, а также такие вопросы, как его польза и вред. Читая статью, можно получить более подробную информацию о месте новых технологий в сфере образования. Многие проблемы, хотя и озвучены, остаются нерешенными. Статья углубляется в эти проблемы и ищет решения. На уроке языка не только покажут новые способы эффективного использования ИКТ, но и покажут на конкретных примерах, как его можно реализовать. Основной актуальной проблемой является борьба с вредом, пробуждая интерес учащихся и учащихся к занятиям посредством ИКТ. К ним относятся использование развивающего метода обучения во время занятий и эффективность.

Ключевые слова: ИКТ, Google Forms, Prezi.com, kahoot, canva, quizizz flippity, classtime.

Annotation. This article discusses ways to use modern ICT in language lessons, as well as its benefits and harms. Reading the article, you can get more in-depth information about the place of new technologies in the field of Education. Many problems are voiced, but remain unresolved. The article delves into these issues and looks for solutions. In a language lesson, it not only shows new ways to effectively use ICT, but also shows with

specific examples how it can be implemented. The main problem is to combat the harm of students and students by stimulating their interest in the lesson through ICT. They are provided with the use and effectiveness of the developmental learning method during the lesson.

Keywords: ICT, Google Forms, Prezi.catfish, kahoot, canva, quiz flippity, classtime, method-approach.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар немесе АКТ. Бұл тіркес ХХІ ғасырдағы адам үшін нені білдіреді? Білім беру саласының дамуының қазіргі кезеңі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және ғаламдық интернет ұсынатын мүмкіндіктерді пайдаланумен байланысты. М.А. Бовтенко «Ақпараттық технологиялар біздің өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып, оқу-тәрбие процесіне белсенді түрде еніп отыр» деп атап көрсетеді [1]. Еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және азаматтық құндылықтар мен практика жетістіктері негізінде, жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желіге шығу.

Қазіргі заманның даму қарқыны мұғалімдер шығармашылығын жаңаша, ғылыми-зерттеу бағытында құруды талап етеді. АКТ-ны қолдану оқушылар мен мұғалім жұмысын ұйымдастыруда кең мүмкіндіктерге ие, оқытудың әдістерін кеңінен әрі сапалы қолдануға мүмкіндік береді. Ендеше, ақпараттық технологияны сабақта қолдану оқушының іс-әрекетін, жұмысын түрлендіруге көмектеседі, зейінін белсендіреді, жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерін жоғарылатады деуге болады. Ақпараттық технология арқылы жасалатын тапсырмалар уақытты, шығынды үнемдеуге көмектесе отырып оқушылардың өз білімін бағалауға үйретеді. Ең бастысы, оқушылардың өзіндік білім алуын қамтамасыз етіп, әр түрлі білім көздерінен негізгісін бөліп алу, тауып алу дағдыларын дамытады. Әрбір оқушының білім деңгейін талапқа сай көтеру үшін озық әдістемелік технологиялар қажет. Сол жаңа озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды.

Қазіргі мұғалім АКТ-ның жағымды қасиеттерін ескеріп, оларды өзінің кәсіби қызметінде қолдана білуі керек. АКТ құралдарын оқытудың жаңа формалары ретінде сауатты қолдану арқылы дидактикалық сипаттағы бірқатар маңызды мәселелерді шешуге болады:

- Ең алдымен, оқыту процесін жетілдіруге қол жеткізу;
- Оқушылардың өзіндік жұмыс деңгейін, өзін-өзі даярлау тиімділігін едәуір арттыру;
- Оқушыны ғылыми-зерттеу, іздеу қызметі бағытында оқыту процесін жандандыру;

- Оқушының оқуға деген ынтасын қалыптастыруға әсер ету;
- Өткен материалды қайталау және бекіту;
- Материалды ойын түрінде игеретін әртүрлі оқу жағдайларын жасау;

- Ақпараттың әр түрін хабарлау және ақпаратты іріктеу және жүйелеу бойынша дағдыларды қалыптастыру және т. б. [3, 9]

Алайда, таяқтың екі ұшы болатыны бәрімізге аян. Осы тұста, жаңа технологиялардың пайдалы тұсынан бөлек, зияны да кем емес екенін айта өткен жөн.

Кез-келген зат немесе құбылыс сияқты, АКТ-ның да кемшілігі бар. Оларды оқытудың барлық түрлерінде қолдану бірқатар жағымсыз салдарға әкелуі мүмкін:

- Оқушының физиологиялық жағдайы мен денсаулығының нашарлауы (балалардың тұрақсыз психикасы оқушылардың компьютеріне тәуелділікке әкеледі, бұл олардың денсаулығына әсер етеді);

- Бірқатар психологиялық-педагогикалық мәселелер (сүзілмеген ақпарат балаға психологиялық зиян келтіреді);

- Оқушының сөйлеу белсенділігінің төмендеуі (бұл әсіресе ашық және қашықтықтан оқыту формаларына тән), нәтижесінде оқушының өз ойларын тұжырымдау және айту тәжірибесі жеткіліксіз. Соңғы психологиялық зерттеулерге сәйкес, белсенді сөйлеу тәжірибесінің ұзақ уақыт болмауы ойлау процестеріне, соның ішінде тәуелсіз ойлау процестеріне теріс әсер етеді;

- Оқытудың шамадан тыс даралануы нәтижесінде тапшы болатын білім беру процесіне қатысушылар арасындағы жанды диалогтық қарым-қатынастың болмауы.

- Мұғалімге қойылатын талаптардың артуы (көптеген оқушылардың үйде заманауи техникасы бар, сонымен бірге мұғалімдердің саны өте көп, тіпті АКТ саласында минималды білімі жоқ);

- Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына екі себеп кедергі келтіреді: дайын өнімді алуға мүмкіндік беретін көптеген CD және онлайн эсселер;

- Жобалау қызметінің технологиясын пән мұғалімдері толық игерген жоқ;

- Оқушылар мен мұғалімдердің ақпараттық мәдениеті төмен;

Қазіргі мектептегі сабақтарда АКТ-ны қолданбай өткізу мүмкін емес, бірақ оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесінде АКТ қолдану мүмкіндіктерін реттейтін санитарлық ережелер мен нормаларды сақтау қажеттілігіне ерекше назар аударған жөн.

Тікелей компьютермен сабақтардың үздіксіз ұзақтығы аспауы тиіс:

- мектепалды, мектепке дейінгі топтарда\сыныптарда және 1 сыныптарда – 15 минут;
- 2–3 – сыныптарда – 20 минут;
- 4–5 – сыныптарда – 25 минут;

- 6–8 – сыныптарда – 25 минут;
- 9–11(12) – сыныптарда – 30 минут [4].

АКТ қолданудың бірқатар кемшіліктері болғанымен, қазіргі заманда ең бір қажетті бірден бір құрал. Өйткені, ол оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу процесіне ақпараттық технологияларды енгізу ерекшеліктерін және олардың оқушылардың білім сапасына әсерін қарастыра отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар оқытудың тиімділігін едәуір арттыратынын көреміз. Бірақ, мұғалім жағымсыз нюанстарды ескеріп, баланың психикасы мен денсаулығына зиян келтірмеу, тәуелділік туғызбау, бірақ әлемді білуге деген қызығушылықты ояту үшін сабақтың және сабақтан тыс жұмыстың әр кезеңінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануды мұқият ойластыруы керек. Білім беру жүйесін жетілдіру, жаңа әдістер мен тұжырымдамалардың пайда болуы – оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталған [5].

Жүсіпбек Аймауытов «Сабақ беру үйреншікті жәй ғана емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер», – деп тұжырым жасайды [2]. Сондықтан оқытушы өз пәніне психологиялық тұрғыдан қарап, әдістемелік шеберлікпен келу керек. Егер жаңа ақпараттық технологияны қазақ тілі мен әдебиеті сабағында тиімді пайдаланса, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы, танымдық белсенділігі, зерттеушілік іскерлігі, шығармашылығы артады.

Оқыту жағдайында қолданысқа жеңіл, әрі тиімді АКТ құралдары жетерлік. Мысалы, *Google Forms* платформасы. Бұл Google ішіндегі бір қосымшасы болып табылады. Платформамен жұмыс жасау үшін Google account болу қажет. Google формы мүмкіндіктерін айта кететін болсақ, бұл арқылы оқушылардан, қашықтықтан сауалнама алуға және де сіздің өткен сабағыңызды қалай түсінгендігін білу үшін, google формада тест дайындап, оқушыларға whatsapp арқылы сілтемелерін жібереміз. Оқушылардың орындаған тест нәтижесі, мұғалімнің Google форма аккаунтына автоматты түрде келіп отырады. Білім беруде бұл платформамен жұмыс жасау өте тиімді болып табылады.

Prezi.com веб-сервиси. Тиімділігі – бағдарламамен жұмыс істеу үшін оны арнайы орнатудың қажеті жоқ. Ол үшін алдымен интернетке кіріп сол сайтқа өзіміздің аты-жөнімізді жазу арқылы тіркелеміз. Оның қызықтылығы бағдарлама презентация сияқты слайдтардан құралмайды. Бағдарлама бір ғана слайдтан тұрады, оны *path* деп атайды. Бір паздың үстіне өзімізге керекті ақпаратымызды қойып, оны зум арқылы жақындатып, алыстатып көре аламыз. Паздың үстіне әртүрлі суреттермен видеоларды да жүктеп қоюға болады. Президің әртүрлі эскиздері бар, оның ішінде 3D эскиздері де берілген. Бағдарламаны жасап бітіргеннен кейін интернет желісінен жүктеп алып, кез-келген компьютерде көрсетуге болады.

Kahoot интербелсенді сайты. Сыныпта интерактивті викториналар өткізуге мүмкіндік береді. Мұғалім мектеп оқушыларына ауызша сауалнама жүргізгенде, ол көп жағдайда бірнеше ғана оқушының жауаптарын ести алады да, барлығына уақыт жетіспейді. Kahoot көмегімен мұғалімдер бір уақытта барлық оқушылардан сұхбат алып, олардың әлсіз және күшті жақтарын бірден біле алады. Мұғалім сайтта сауалнама жасайды, оқушылар сыныпта смартфондар немесе компьютерлер арқылы жауап береді. Мұғалім оқушылармен бірге жауаптар статистикасын көре алады және олардың қандай жерде кателескенін біле алады.

Canva фоторедакторы. Мұғалімдер көбінесе иллюстрациялық материалды өздері дайындауы керек, ал Canva фоторедакторы бұл процесті жеңілдетуге көмектеседі. Әсіресе оқытушылар бұл сайттан презентациялар, рефераттар, сабақ жоспарларының шаблондарын оңай қолдана алады. Canva-да фотосуретті жылдам өңдеуге, кескінді қиюға және мәтін қосуға болады.

Quizizz платформасы. Quizizz сізге басқа мұғалімдердің қызықты викториналарын табуға немесе өзіңізді құруға және оларды өзгелермен бөлісуге мүмкіндік береді. Ойынды тікелей сыныпта өткізуге немесе үй тапсырмасы үшін пайдаланған жөн. Мұғалім сабақ барысында көшбасшылар тақтасын, таймерді және басқа параметрлерді ауыстыру арқылы процесті басқара алады.

Flippity.net платформасы. Бұл мұғалімдерге арналған веб-сайттардың бірі, әрі тегін болғандығымен ыңғайлы. Сабақ барысында уақытты үнемдеп, осы сайт арқылы оқушыларды автоматты түрде топтарға немесе жұптық жұмыстарға жұппен бөліп береді. Жалпы осы платформаның артықшылықтарына тоқтала кетсек:

- Үнталандыруға арналған тапсырмаларды ойын түрінде ұсыну;
- Оқушылардың білімін үздіксіз бақылап отыру;
- Кез-келген пән үшін қолайлы;
- Интерфейс тілін өзгерту мүмкіндігі;
- Тапсырмаларды жылдам өзгертуге және оларды жаңадан жасауға болады;
- Және тапсырмаларды тексеру үшін мұғалімге арнайы уақыт бөлудің қажеті жоқ, жүйе автоматты түрде баллдарды есептейді.

Classtime платформасы. Жеке тәсілдерді жүзеге асыруға, білім беру үдерісін жақсартуға арналған сайт. Classtime – бағалаудың өте қызықты сандық құралы. Бағдарлама өте қол жетімді және пайдаланылуы оңай, уақытты, күш-жігерді үнемдейді және оқушылардың бүкіл сабақ барысында жұмысын қадағалап отырады. Сынып нақты уақыт режимінде жұмыс істейді.

Қазақ тілі пәні жоғарыда айтылған түрлі платформалар арқылы өткізілсе, оқушыларда ой белсенділігі артады. Мәселен, қазақ халқының киелі санымен таныстыру: 7 және септіктерді қайталау сабағын қарас-

тырайық. Алдымен сабақтың тақырыбы, мақсаты түсіндіріледі және бұл әдеттен тыс ойын сабақ болатынын, септіктерді қайталау, пысықтау керек екенін айтамыз.

1. 7-ге байланысты: жеті жетім, жеті қазына, жеті жұт, жеті ата, жеті теңге беру туралы әңгімелеу. Бұл жерде Prezi.com веб-сервисі көмекке келеді. Бағдарламаға 7 саны жайлы мәліметтерді енгізіп, әртүрлі суреттермен видеоларды да жүктейміз. Түрлі түсті дизайнғағы суреттерді, видеоны тамашалау балаларға тек сөзбен әңгімелегеннен әлдеқайда қызығырақ болады.

2. Поэзия минуты. Өлеңдер оқылып, кімнің өлеңі екенін айтады. Осы тұста, Quizizz қызықты викторина құруға мүмкіндік береді. Өлеңдерді викторинаға кіріктіріп, ал өлең авторын жасырып қойып, ойынды тікелей сыныпта өткізсеңіз, балалардың қалай белсенділік танытып отырғанын байқауға болады. Сабақ барысында көшбасшылар тақтасын, таймерді және басқа параметрлерді ауыстыру арқылы процесті басқарған жөн.

3. Сергіту сәті. 7 күнді атау. Сол күнді септеу. Kahoot интербелсенді сайты. Мұғалім сайтта 7 күннің атауын енгізіп, қызықты ойын жасайды, оқушылар сыныпта смартфондары арқылы жауап береді. Мұғалім оқушылармен бірге жауаптар статистикасын көре алады және олардың қандай жерде қателескенін көрсетіп, түзей алады.

4. «Жеті жолақ» ойыны арқылы жаттығулар орындалады. Бұл ойынды ұйымдастыруда Flippity.net платформасы тиімді. Себебі, мұнда әр түрлі нұсқаулықтар арқылы түрлі ойындарды жасап шығуға болады. Бұл жүйе бағаларды автоматты түрде есептеп, сабақты жылдам қорытындылауға бірден бір көмек.

5. Сабақ уақыты мәресіне жеткенде, үйге тапсырма беріледі. Үй тапсырмасында ерекше қылып дайындауға болады. Мысалы, септіктер жайлы білімін нақты бекіту үшін google формада тест дайындап, оқушыларға whatsapp арқылы сілтемелерін жібереміз. Оқушылардың орындаған тест нәтижесі, мұғалімнің Google форма аккаунтына автоматты түрде келіп отырады.

Күнделікті жоспардағы сабақтан гөрі мұндай сабақтар оқушының есінде ұзақ сақталады, ой-өрісі кеңейеді. Ойлау қабілеті дамиды, сабаққа қызығушылығы артады.

Әр ұстаз үздіксіз даму мен ізденіс үстінде болу керек. Себебі, бұл оқушыға тікелей әсер ететін фактор. Сабаққа түрлі smart технологиялар мен сайттарды енгізуді қазіргі таңда әрбір ұстаз қолдана алуы тиіс. Себебі, көптеген білім платформаларын пайдалану мұғалімнің оқыту шеберлігін арттыруға көмек беретіні анық.

Қорыта келе, оқытуды компьютерлендіру кейде өте күрделі психологиялық және әдістемелік мәселелерді тудырады. Одан күтілетін оң нәтижеге қол жеткізу үшін адамның ақпараттың жаңа түрлерін қабылдау және игеру ерекшеліктерін ескеру қажет. Жыл сайын заманауи

технологиялар жетілдірілуде. Әр мұғалім өзінің кәсіби қызметінде білім беру процесінде АКТ құралдарын пайдалану туралы білімдерін дамытып қана қоймай, сонымен қатар сабақ құрылымын тиімді және танымдық етіп өткізудің жаңа қызықты әдістерін іздеп табуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Бовтенко М.А. Информационно-коммуникационные технологии в преподавании иностранного языка: создание электронных учебных материалов. – Новосибирск, 2005.
2. <http://sabaq.kz/?p=10088>
3. Ғұбайдуллин И.А. Оқыту үрдісінде интерактивті Smart-тақтаны пайдалану // Мұғалім. – 2007. – No 4. – б. 8-10
4. <https://www.gov.kz/memleket/entities>
5. Антонова Т.С., Харитонов А.Л. Оқу үрдісінде АКТ-ны қолдану. – www.pedsovet.org

МОБИЛЬДІ ОҚЫТУ – АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ БІРІ

С.А. Мутишева, Қ.С. Ергалиев

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.*

Аннотация. Мақалада дүниежүзіне кең таралған заманауи ақпараттық білім беру технологияларының бірі – мобильді оқыту мәселесі талдауға түседі. Онда мобильді технологиялар оқытуды ұйымдастырудың технологиялық платформасы болып табылатындығы сараланады, мобильді оқытудың бағдарламалық платформасы қарастырылып, педагогикалық негіздері зерделенеді. Заманауи білім беру технологияларын мобильді оқытудың технологиялық және бағдарламалық платформасы негізінде пайдалану мұғалімдерге оқу орнының электрондық ақпараттық-білім беру ортасының аясын кеңейтуге мүмкіндік береді және болашақ жастардың дербес бағдарланған білім алуын қалыптастыруға ықпал етеді.

Кілтті сөздер: мобильді оқыту, ақпараттық білім беру технологиясы, мобильді құрылғы, веб-қызмет.

Аннотация. В статье анализируется одна из самых распространенных в мире современных информационных образовательных технологий – проблема мобильного обучения. В нем будет проанализировано, являются ли мобильные технологии технологической платформой для организации обучения, рассмотрена программная платформа мобильного обучения, изучены педагогические основы. Использование современных образовательных технологий на основе технологической и программной платформы мобильного обучения позволяет учителям расширить сферу электронной информационно-образовательной среды учебного заведения и способствует формированию самостоятельного ориентированного образования будущей молодежи.

Ключевые слова: мобильное обучение, информационные образовательные технологии, мобильное устройство, веб-сервис.

Annotation. The article analyzes one of the most widespread modern information educational technologies in the world – the problem of mobile learning. It will analyze whether mobile technologies are a technological platform for organizing training, consider a software platform for mobile learning, and study the pedagogical foundations. The use of modern educational technologies based on the technological and software platform of mobile learning allows teachers to expand the scope of the electronic information and educational environment of the educational institution and contributes to the formation of independent oriented education of future youth.

Keywords: mobile learning, information educational technologies, mobile device, web-service.

Қазіргі уақытта мобильді оқыту дүниежүзіне кең таралған заманауи технология болып табылады. «Мобильді оқыту кез келген уақытта және кез келген жерде оқу мақсатында мобильді технологияларды өздігінен не басқа ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен бірге пайдалану дегенді білдіреді. Оқыту түрлі формада жүзеге асырылуы мүмкін: адамдар білім беру ресурстарына қол жеткізу үшін мобильді құрылғыларды қолдана алады; басқа адамдармен қарым-қатынасқа түсе алады; сыныпта немесе сыныптан тыс та контент жасай алады. Сонымен қатар мобильді оқыту мектеп жүйелерін тиімді басқару және мектеп пен отбасы арасындағы байланысты жақсарту сияқты кең білім беру мақсаттарын қолдауға бағытталған мәселелерді қамтиды» [1].

Оқытудың мұндай оңтайлы тәжірибесі «мобильді оқыту эко-жүйесін» құрайтын көптеген компоненттердің басын біріктіреді. Оған әртүрлі ерекшеліктері мен мүмкіндіктері, контент түрлері, әр алуан мобильді операциялық жүйелер мен платформалар, түрлі стандарттары, ұсыныстары және баға құрылымдары бар мобильді байланыс провайдерлерінің желісі, контент құрудың дамып келе жатқан жиынтығы, сондай-ақ біз енді ғана түсіне бастаған жаңа ұғымдар мен мобильді оқытуды қолдану жүйесі кіреді [2].

Мобильді оқытуды есептеу техникасы мен байланыс құралдарына, дамыған бағдарламалық жасақтамаға және білім беру қызметінің заманауи әдістеріне негізделген технология ретінде қарастыруға болады.

Мобильді оқытудың технологиялық платформасы мобильді құрылғылар, ал оқытудың бағдарламалық платформасы әлеуметтік бағдарламалық жасақтама мен бұлтты қызметтерді дамыту болып табылады. Олар әртүрлі мақсаттағы қосымшаларды кеңінен қолдануға мүмкіндік береді. Бұл оқытудың педагогикалық негізі білім беру процесіне қатысушылардың өзара іс-қимылының жаңа нысандары мен әдістерін дамыту негізінде қалыптасады: мұғалімдер мен білім алушылардың ынтымақтастығы, оқу процесі шеңберінде және одан тыс жерлерде олардың өзара іс-қимылы үшін веб-сервистер негізінде контекстік білім беру ортасын құру мүмкіндігі пайда болады. Ендеше, осы аспектілердің әрқайсысына толығырақ тоқталайық.

Мобильді технологиялар оқытуды ұйымдастырудың технологиялық платформасы болып табылады. С. Маккуин, Л. Костурко, Дж. Маккуин, Ж. Сабоурн мобильді технологияның техникалық мүмкіндіктерімен қамтамасыз етілетін мобильді оқытудың мынадай артықшылықтарын көрсетеді [3]:

- * Жол үстінде оқуға мүмкіндік жасау.
- * Қамтылмаған балалар мен қолжетімсіз мектептер.
- * Ойлау дағдыларын жетілдіру.
- * Баламалы оқу орталарын қолдау.
- * Жеке оқытуға мүмкіндік туғызу.
- * Білім алушылардың қызығушылығын арттыру.

Бүгінгі таңда ұялы телефон білім алушылар үшін ең қолжетімді әрі зор мүмкіндік тудыратын құрал болып табылады. Білім алушылардың өздері оны ұзақ уақыт бойы оқу процесін жеңілдету мақсатында қолданғаны белгілі: мобильді құрылғылар интернеттен немесе құрдасынан әртүрлі жедел хабар алмасу жүйелерін пайдалана отырып жауап алуға мүмкіндік береді. Оның артықшылықтарының ішінде мыналарды атауға болады: қандай да бір оқу орнына тікелей тіркелмейді, құрал-жабдық пен бағдарламалық жасақтама арзан бағамен қолжетімді және оны барлық жерде қолдануға болады.

Мобильді құрылғылар дыбыстық, мәтіндік, бейне және графикалық файлдарды беру және қосу үшін қызмет етеді, оқу ақпараты, электрондық анықтамалықтары бар сайттарға кіруді қамтамасыз етеді, құрдастарымен оқу мәселелерін талқылауға, мұғалімдермен байланысқа шығуға мүмкіндік береді [4].

Білім беру мақсатында ұялы телефондардың техникалық және функционалдық мүмкіндіктері келесідей қолданылады:

- білім беру процесіне қатысушылар жедел хабар алмасады;
- ғаламдық желіге шығу қажетті сайттарға кіруге, электрондық поштамен алмасуға, қажетті ақпараттық файлдарды жіберуге мүмкіндік береді;
- дыбыстық, графикалық және бейне файлдарды қосу тілдік пәндерді оқытуға көмектеседі, білім алудың әртүрлі көздері мен әдістерін қолдануға, білім алушыны оқытудың ерекше әдістерімен қызықтыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар мұғалімдер қосымша материалдық және қаржылық салымдарсыз білім беру мекемелерінің электрондық ақпараттық-білім беру ортасын (ЭАБО) қалыптастыруға және кеңейтуге жағдай тудыратын мобильді оқыту мүмкіндіктерін пайдалана алады. Бұлтты қызмет базасына негізделген SaaS платформасында (SaaS «бұлтта» деректерді сақтау, оқу, өңдеу және жұмыс істеу үшін тек веб-браузер қажет ететін қосымшаларға қол жеткізу қызметтерін ұсынады) мобильді оқытуды ұйымдастыру кең мүмкіндіктерге ие [5]. Бұлтты қызметтер мобильді оқыту функционалдығының көп бөлігін қамтамасыз етеді.

Байланыс мәселелерін шешуде электронды пошта, жедел хабар алмасу, форум, күнтізбелік жоспар құру, пайдаланушыларды топтарға біріктіру және т.б. бар.

Оқу процесіне мобильді құрылғылардың арнайы мүмкіндіктері қатысуы мүмкін. Мысалы, техникалық құрылғыларды қашықтан басқару, GPS навигация құралдарын пайдалану, байланыс құралдарын зерттеу.

Білім беруге мобильді технологияларды енгізу экономикалық тұрғыдан тиімді: ол білім беру процесіне қатысушыларға еркін қозғалуға мүмкіндік береді; оқу процесінің шеңберін оқу орнының қабырғасынан шығарады; мүмкіндігі шектеулі адамдарға білім алуға жағдай жасайды; дербес компьютер мен оқу әдебиетін сатып алуды талап етпейді.

Мобильді оқытудың бағдарламалық платформасы. Оқытуды ұйымдастыруға арналған бағдарламалық платформа ретінде веб-ресурстарды пайдалануға болады. Білім алушылар оқу барысында мынадай ресурстарға қол жеткізе алады: Википедия, электронды оқулықтар, деректерді сақтайтын бұлтты ресурстар, арнайы бағдарламаларға негізделген форумдар т.б.

Веб-қызметтерді оқу процесінде контекстік білім беру кеңістігі ретінде пайдалануға болады:

– оқу процесіне қатысушылардың (мұғалімдер мен білім алушылар) барлығына қол жеткізу мүмкіндігі;

– құжаттарды бірлесіп пайдалану және редакциялау, бұл ақпараттың жинақталуы мен дамуына қарай түрлендіруге мүмкіндік береді.

Заманауи веб-құралдар мұғалімдер мен білім алушыларға оқу мазмұнын дамытуға үлес қосуға көмектеседі. Веб-қызметтер оқу мазмұнын қалыптастыруда келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

– Сыртқы жинақтауыштарсыз шексіз оқу ақпаратын сақтау. Мұғалім білім алушылардың оқулықтар және оқу құралдарымен қамтамасыз етілуі жайлы алаңдамайды. Осы мақсатқа бұлтқа негізделген веб-ресурстарды немесе әлеуметтік медиа топтарын пайдалана алады.

– Оқу мазмұнын интернеттің шексіз ресурстарына шығу арқылы қосымша ақпарат көздерін пайдалану негізінде кеңейтуге болады. Мұғалім іздеу жүйесінде сабаққа қажетті кез келген сұраныс туралы ақпаратты таба алады немесе әлеуметтік желілердегі топтық ресурстарды қолдана алады.

Бұлтты қызметтерді оқытуды басқару жүйелерімен (LMS – Learning Management System) біріктіру оқу мазмұнын жариялауды және басқаруды жеңілдетеді [5].

Мобильді оқытудың педагогикалық негіздері. Қазіргі уақытта мобильді оқытудың технологиялық және бағдарламалық платформасы іс жүзінде дамығанымен, мұғалімдер мобильді оқытуды пайдалана отырып, білім беру қызметін ұйымдастырудың әртүрлі жолдарын іздеп, қолдану үстінде.

Мобильді оқыту дәстүрлі білім беру процесін қолдау үшін, мектепте қашықтықтан және қосымша білім беруді ұйымдастыру үшін, үздіксіз білім беру үшін, сондай-ақ аралас оқытуды ұйымдастыру үшін пайдаланылуы мүмкін. Аралас оқыту әртүрлі формалардың артықшылықтарын біріктіреді және интерактивті оқу ортасында оқыту контекстіне сәйкес келеді. Мобильді оқытуды білім алушыларға интерактивті жағдай жасау арқылы оқытудың басқа түрлерімен біріктіруге болады. Мысалы, И.Б. Государев жұмысында электронды оқыту жүйелері мен веб-ресурстарға негізделген мобильді электрондық ақпараттық-білім беру ортасын пайдалану арқылы оқыту мәселесі талқыланады [6].

Мобильді оқытудың артықшылықтарын пайдалану білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін өзара іс-қимылдың қосымша мүмкіндіктерін жасайды: мұғалімдерге аудиторлық сабақтар аясында оқу іс-әрекетінің әртүрлі нысандарын қолдануға, білім алушылардың өзіндік жұмысын тиімдірек ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұғалімдер қазіргі заманғы білім беру технологияларының деңгейіне сәйкес келетін оқу іс-әрекетінің жаңа әдіс-тәсілдерін дамыта алады, сондай-ақ білім алушылармен ынтымақтастықты ұйымдастыра алады, оларды оқу орнының ЭАБО дамуына тарта алады.

Мобильді құрылғылар арқылы оқыту білім алушылардың өздігінен оқуына мүмкіндік жасайды. Бұл олардың қызығушылықтарын ескере отырып, оқу мазмұнын таңдауға мүмкіндік береді. Мобильді оқыту оқытуды жекелендіруге ықпал етеді және келесі мүмкіндіктерді ұсынады:

– Оқу ақпаратының көздерін іздеу және алмасу, интернеттің ақпараттық ресурстарынан қосымша оқу ақпаратын алу.

– Шығармашылық мәселелерді шешу үшін оқу ақпараты мен интернет ресурстарын пайдалану.

– Білім алушы мен мұғалімнің жеке қарым-қатынасы, оның ішінде мобильді құрылғыларды пайдалану.

– Кез келген уақытта және кез келген жерде білім алушылардың өзіндік жұмысының нәтижелерін бақылау.

– Оқу жобасы аясындағы жеке шығармашылық жұмыс.

– Жеке режимде және жеке траектория бойынша оқу ресурсымен жұмыс.

Қысқасы, мобильді оқытуды ақпараттық білім беру технологиясы ретінде қарастыра отырып, қазіргі уақытта бұл технологияның технологиялық және бағдарламалық компоненті іс жүзінде дамыды деуге толық негіз бар. Мобильді ақпараттық орта мен оқу орнының АҚ-инфрақұрылымын интеграциялау ресурстар мен қызметтерді орталықтандырылған басқаруды қамтамасыз етуге және тиісті педагогикалық құрамдас бөлікті дамытуды талап ететін мобильді оқыту инфрақұрылымын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Заманауи білім беру технологияларын мобильді оқытудың технологиялық және бағдарламалық платформасы негізінде пайдалану мұғалімдерге оқу орнының ЭАБО аясын кеңейтуге мүмкіндік береді және болашақ жастардың дербес бағдарланған білім алуын қалыптастыруға ықпал етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. UNESCO. ICT in education / Mobile learning. – <http://www.unesco.org/new/en/unesco/themes/icts/m4ed/>
2. Udell C., Woodill G.; Bingham T. Mastering mobile learning, tips and techniques for success.// John Wiley & Sons, Inc., Hoboken. – New Jersey, 2014. – 344 p.
3. McQuiggan S., Kosturko L., McQuiggan J., Sabourin J. Mobile learning: a handbook for developers, educators, and learners. – Wiley. 2015. – 379 p.
4. Голицына И.Н. Технология образования 3.0 в современном учебном процессе // Международный электронный журнал «Образовательные технологии и общество (Educational Technology & Society)». – 2014. – Vol. 17. № 3. – С. 646–656
5. Макаrchук Т.А., Минаков В.Ф., Артемьев А.В. Мобильное обучение на базе облачных сервисов // Современные проблемы науки и образования. – 2013. – № 2.
6. Государев И.Б. Мобильное обучение веб-технологиям и веб-программированию // Международный электронный журнал «Образовательные технологии и общество (Educational Technology & Society)». – 2014. – Т. 17. – № 3. – С. 657–666.

ПРОФЕССИОНАЛЬНЫЕ КОМПЕТЕНЦИИ В МОДЕЛИ ВЫПУСКНИКА: КОНТЕНТ-АНАЛИЗ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО СТАНДАРТА «ПЕДАГОГ»

З.К. Темиргазина

*Павлодарский педагогический университет
имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

Аннотация. Мақалада қазақстандық педагогикалық жоғары оқу орындарының филология мамандықтары түлегінің құзыреттілік моделінің құрылымындағы педагогтің кәсіби құзыреттілігі қарастырылады. Жұмыстың мақсаты – кәсіби құзыреттер кешенін анықтау үшін 2022 жылғы «Педагог» кәсіби стандартының контент-талдауын жүзеге асыру. Бұл педагогикалық университеттің филолог-түлегінің тиімді моделін құру үшін қажет, өйткені кәсіби құзыреттілік өте маңызды.

Кілтті сөздер: кәсіби құзыреттер, филологиялық мамандықтар мұғалімі түлегінің моделі, құзыреттілік моделі, «Педагог» кәсіби стандарты.

Аннотация. В статье рассматриваются профессиональные компетенции педагога в структуре компетентностной модели выпускника филологических специальностей казахстанских педагогических вузов. Цель работы – осуществить контент-анализ Профессионального стандарта «Педагог» 2022 года для выявления комплекса профессиональных компетенций. Это необходимо для построения эффективной модели выпускника-филолога педагогического вуза, поскольку профессиональные компетенции имеют первостепенное значение.

Ключевые слова: профессиональные компетенции, модель выпускника педагога филологических специальностей, компетентностная модель, Профессиональный стандарт «Педагог».

Annotation. The article examines the professional competencies of a teacher in the structure of the competency model of a graduate of philological specialties of Kazakhstan pedagogical universities. The purpose of the work is to carry out a content analysis of the Professional Standard “Teacher” 2022 to identify a set of professional competencies. This is necessary to build an effective model of a philologist graduate from a pedagogical university, since professional competencies are of paramount importance.

Keywords: professional competencies, model of a graduate teacher of philological specialties, competency model, Professional standard “Teacher”.

Сегодня перед педагогическими вузами Казахстана поставлена задача подготовить квалифицированного педагога, свободно владеющего своей профессией, готового к деятельности и профессиональному росту, обладающего социальной и профессиональной мобильностью, умеющего адаптироваться в динамике социально-экономических условий. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев в Послании от 1 сентября 2023 года говорит о том, что «решающую роль в построении Справедливого Казахстана сыграют школьные учителя. Для повышения привлекательности этой профессии в последние годы государство сделало немало. Однако в данном направлении все еще требуются положительные изменения» [1]. И далее он ставит конкретные задачи, касающиеся прежде всего стандартизации педагогических вузов и формирования компетенций учителя: «Предстоит принять новый стандарт аккредитации педагогических вузов и выработать рамку компетенций педагога» [1].

Решение поставленных задач ложится на плечи ученых и преподавателей педагогических вузов Республики Казахстан. Так, в подготовке педагогов необходимо переходить от квалификационной модели выпускника, которая основана на знаниях, умениях, навыках, на передаче знаний от преподавателя к студенту, к компетентностной модели выпускника, в основе которой лежит готовность применять знания, умения, навыки и личностные качества. При этой модели преподаватель становится консультантом, а студент – активным субъектом. Э. Зеер и Э. Сымонюк считают, что компетентностный подход – это приоритетная ориентация на цели, т.е. векторы образования: обучаемость, самоопределение, самоактуализация, социализация и развитие индивидуальности. В качестве инструментальных средств достижения этих целей, по их мнению, выступают принципиально новые образовательные конструкты: компетентности, компетенции и метапрофессиональные качества [2, с. 25]. Компетентностная модель выпускника вуза по направлению профильной подготовки – это результат образования в вузе, основанный на компетентностном подходе, в основе которого лежит компетентностное развитие будущего выпускника. Компетентностная модель, в отличие от знаниевой, предполагает не только получение определенного объема академических знаний, но и практико-ориентированное применение полученных знаний в профессионально ориентированной деятельности [3, с. 16].

А.Е. Прямикова утверждает, что более соответствующим сегодняшним реалиям является социологическое понимание компетентностного подхода как новой модели взаимодействий субъектов образования, предполагающей изменение содержания и функций, институциональных характеристик, нормативных предписаний и повседневных практик [4, с. 3].

Материалом для разработки компетентностной модели выпускника педагогического вуза послужили нормативные документы. В качестве основного метода был использован контент-анализ нормативных документов с точки зрения отражения в них компетенций, необходимых для эффективного выполнения педагогической деятельности. Более детально мы рассмотрим в статье Профессиональный стандарт «Педагог», утвержденный приказом МЮ РК 15 ноября 2022 года [5].

Исследователи пишут и важности компетентностного подхода в образовательном процессе вузов: «Формирование и развитие компетенций – цель реализуемых образовательных программ. Компетенции формируются на всех курсах обучения и оцениваются на разных стадиях обучения» [6, с.162]. В отличие от знания компетентность предполагает не просто владение информацией, а возможность её применения в деятельности [7, с. 103].

Компетенция – это способность применять знания, умения и личностные качества для успешной и эффективной деятельности в определенной предметной области, в том числе в образовательной деятельности. При этом компетентность мы понимаем как совокупность компетенций, позволяющих определить знания, умения, навыки, которыми обладает субъект. В компетентностной модели выпускника выделяются следующие группы компетенций: общекультурные компетенции; профессиональные компетенции; исследовательские компетенции; коммуникативные компетенции.

Определим профессиональные компетенции: это способность успешно действовать на основе практического опыта, умения и знаний при решении профессиональных задач. В. Адольф рассматривает их в качестве «сложного образования, включающего комплекс знаний, умений, свойств и качеств личности, которые обеспечивают вариативность, оптимальность и эффективность построения учебно-воспитательного процесса» [8, с. 118]. В разработанной нами модели выпускника-филолога [9, с. 67–68] представлен комплекс компетенций – от общекультурных, профессиональных, исследовательских до коммуникативных.

В данной работе мы делаем акцент на профессиональные компетенции педагога, зафиксированные в Профессиональном стандарте «Педагог», который разработан в соответствии Трудовым Кодексом Республики Казахстан и определяет требования к уровню квалификации, компетенции, содержанию, качеству и условиям труда педагогов всех уровней образования. Так, в нем в разделе «Область применения Стандарта» речь идет о профессиональных компетенциях в первом и третьем пунктах,

что, несомненно свидетельствует об их важности для формирования выпускника-педагога:

«1) обеспечение единого понимания профессиональных компетенций педагога и информирование заинтересованных сторон общества;

3) описание профессиональных компетенций педагога в проектировании и осуществлении педагогической деятельности» [5].

В Приложении 4 к рассматриваемому нами Профстандарту в карточке «Педагог школы» конкретизируются виды его профессиональной деятельности – основной и дополнительной. См. в таблице 1.

Таблица 1. Профессиональная деятельность педагога школы

Профессиональная деятельность педагога школы		
I	Основная профессиональная деятельность	<ol style="list-style-type: none"> 1. Осуществление учебного процесса. 2. Оценивание учебных достижений обучающихся. 3. Поддержание общественного доверия к профессии и приобщение обучающихся к системе ценностей. 4. Осуществление учебно-методической деятельности.
II	Дополнительная профессиональная деятельность	<ol style="list-style-type: none"> 1. Участие в разработке дидактических материалов, методических рекомендаций. 2. Определение в процессе саморазвития. 3. Классное руководство.

В такой важнейшей сфере профессиональной деятельности, как «осуществление учебного процесса» поставлены две задачи: «Задача 1: планирование учебного процесса. Задача 2: организация учебного процесса». Обе задачи включают ряд профессиональных знаний, умений и навыков. См. таблицу 2.

Таблица 2. Комплекс профессиональных компетенций при осуществлении учебного процесса

I. Осуществление учебного процесса	Задачи	Профессиональные знания, умения и навыки
1	2	3
	Задача 1. Планирование учебного процесса	<p style="text-align: center;">Знания:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нормативных правовых актов в области образования. 2. Содержание учебного предмета, методик преподавания и оценивания. 3. Содержание учебной деятельности. <p style="text-align: center;">Умения и навыки:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Составлять планы уроков с учетом особенностей и потребностей обучающихся, определяя соответствующие методики преподавания и инструменты оценивания.

Продолжение таблицы 2		
1	2	3
	Задача 2. Организация учебного процесса	<p>Знания:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Основ трудового законодательства, правил безопасности и охраны труда. 2. Основ методики преподавания, современных технологий обучения, в т.ч. информационных. 3. Закономерностей возрастного и индивидуального развития. <p>Умения и навыки:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Поддерживать здоровьесберегающую учебную среду и эмоционально-психологический климат в классе. 2. Проводить уроки, учитывая особенности и потребности учащихся, применяя соответствующие методики преподавания и инструменты оценивания учебных достижений. 3. Применять современные технологии обучения. 4. Применять широкий спектр образовательных ресурсов, социальные сети в профессиональной деятельности. 5. Определять методы и приемы обучения с учетом потребностей и возрастных особенностей обучающихся. 6. Создать доступную среду обучения для раскрытия потенциала каждого обучающегося с учетом его особенностей и потребностей. 7. Осуществлять эффективную коммуникацию, развивать языковые компетенции обучающихся. 8. Формировать мотивацию к обучению.

Можно сделать вывод, что профессиональная педагогическая компетентность – это:

– знания, умения, навыки, которые необходимы педагогу для его профессиональной деятельности;

– умение эффективно решать педагогические, дидактические, методические проблемы, используя высокий профессионализм.

В Профессиональном стандарте педагога школы представлены компетенции во втором виде профессиональной деятельности – оценивании учебных достижений обучающихся. См. таблицу 3.

Детально разработаны в Профстандарте педагога такие виды его профессиональной деятельности, как «поддержание общественного доверия к профессии и приобщение обучающихся к системе ценностей» и «осуществление учебно-методической деятельности». Задачи и конкретные знания, умения и навыки в этих областях см. в таблице 4.

Таблица 3. Комплекс профессиональных компетенций при оценивании учебных достижений обучающихся

II. Оценивание учебных достижений обучающихся	Задачи	Профессиональные знания, умения и навыки
	<p>Задача 1: контроль за прогрессом и уровнем усвоения обучающимися содержания образования</p>	<p>Знания: 1. Методик и технологий контроля прогресса учащихся с учетом их особенностей и потребностей.</p> <p>Умения и навыки: 1. Применять систему критериального оценивания обучающихся. 2. Осуществлять мониторинг прогресса обучающихся. 3. Разрабатывать инструменты оценивания.</p>

Таблица 4. Профессиональные компетенции при приобщении обучающихся к системе ценностей и при осуществлении учебно-методической деятельности

<p>III. Поддержание общественного доверия к профессии и приобщение обучающихся к системе ценностей</p>	<p>Задача 1: Поддержание высоких стандартов этики и поведения в школе и за ее пределами</p>	<p>Знания: 1. Правил педагогической этики, утвержденных приказом Министра образования и науки Республики Казахстан от 11 мая 2020 года № 190 «О некоторых вопросах педагогической этики» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 20619).</p> <p>Умения и навыки: 1. Организовывать педагогическую деятельность в соответствии с нравственно-этическими и правовыми нормами. 2. Управлять поведением обучающихся, мотивируя их учебно-познавательную деятельность. 3. Организовать субъект-субъектное взаимодействие всех участников педагогического процесса, владение технологией управления образовательным процессом.</p>
	<p>Задача 2: Расширение и укрепление ценностно-смысловой сферы личности посредством принятия единых ценностей</p>	<p>Знания: 1. Нормативных правовых и инструктивных документов, регулирующих воспитательную деятельность школы. 2. Основ методики воспитательной работы, современных концепций воспитания. 3. Основных здоровьесберегающих и физкультурно-оздоровительных технологий. 4. Способов формирования у обучающихся основ поликультурного образования.</p>

		<p>Умения и навыки:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Применять современные формы и методы воспитательной работы. 2. Содействовать личностному росту обучающихся, создавая траекторию индивидуального развития. 3. Демонстрировать открытость к культурному многообразию, сохраняя национальные и общечеловеческие ценности. 4. Проектировать воспитательную работу, развивающую эмоционально-ценностную сферу обучающегося (культуру переживаний и ценностные ориентации ребенка). 5. Содействовать формированию у обучающихся культуры здорового и безопасного образа жизни. 6. Сотрудничать с родителями, педагогами и социумом.
IV. Осуществление учебно-методической деятельности	Задача 1: Подготовка и разработка учебно-методических материалов	<p>Знания:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Основ проектирования и разработки дидактических материалов. <p>Умения и навыки:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Разрабатывать дидактические материалы к уроку. 2. Участвовать в разработке программ.
	Задача 2: Осуществление профессионального развития	<p>Знания:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Нормативных правовых актов, регулирующих повышение квалификации / профессиональную переподготовку. <p>Умения и навыки:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Определять собственные потребности в совершенствовании профессиональной деятельности. 2. Планировать профессиональное непрерывное образование в формальной, неформальной, информальной формах.
	Задача 3: Рефлексия собственной практики и практики коллег	<p>Знания:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Алгоритма, форм, методов выявления, изучения, обобщения практик. <p>Умения и навыки:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Осуществлять рефлексию своей профессиональной деятельности и практики коллег. 2. Изучать лучшие педагогические практики.
	Задача 4: Исследование образовательного процесса	<p>Знания:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Подходов, методов, инструментов исследования образовательного процесса. <p>Умения и навыки:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Изучать результаты актуальных исследований по совершенствованию образовательного процесса.

		2. Проводить исследование урока/Lesson Study (Лессон Стади).
--	--	--

В рассмотренном стандарте педагога школы наиболее полно и четко отражены виды его основной и дополнительной профессиональной деятельности, сформулированы задачи и комплекс знаний, умений и навыков в соответствии с поставленными перед педагогом задачами.

Таким образом, ориентация на подготовку педагогов согласно компетентностной модели, представленной в Профессиональном стандарте «Педагог», позволит педагогическим вузам готовить высококвалифицированных специалистов для работы в образовательных учреждениях. Профессиональный стандарт «Педагог» 2022 г. ориентирован не на квалификационные требования работодателей, а на компетентность, в которой сочетаются квалификация и социальная направленность, практическое применение полученных знаний, способность работать в команде, нести ответственность и проявлять инициативность.

Примечание. Данное исследование является направлением общеузовской темы «Научно-методическое обеспечение развития актуальных профессиональных компетенций педагога в условиях формирования Нового Казахстана» ППУ имени Альякея Маргулана, утвержденной Ученым советом решением №13 от 29.06.2022 г., приказ № 411осд от 28 июля 2022 г.

Список использованных источников

1. Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество» от 1 сентября 2023 г. – Электронный ресурс. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130> (5.09.2023).
2. Зеер Э.Ф. Психология профессий. Москва: Проект: Мир, 2008. 330 с.
3. Андриенко А.С. Компетентностно-ориентированный подход в системе высшего образования: история, современное состояние и перспективы развития. – Чебоксары, 2018. – 92 с.
4. Прямикова Е.В. Компетентностный подход в современном образовательном пространстве функциональное и структурное содержание: Автореф. дис. ... канд. пед. наук. – Екатеринбург, 2012.
5. Профессиональный стандарт «Педагог», 2022. – Электронный ресурс. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149#z220> (15.08.2023).
6. Казинец В.А., Тринадцатко О.А. Компетентностная модель высшего образования // Современные наукоемкие технологии. – 2020. – № 12–1. – С. 160–165.
7. Кострова Ю.С. Генезис понятий «компетенция» и «компетентность» // Молодой ученый. – 2011. – №12(35). – С. 102–104. – Электронный ресурс. URL: <https://moluch.ru/archive/35/4011> (4.09.2023).
8. Адольф В.А. Профессиональная компетентность современного учителя. – Красноярск: Красноярский гос. ун-т, 1998. – 310 с.
9. Нуржанова Р.М., Темиргазина З.К. Модель выпускника-филолога: компетентностный подход // Язык и литература: теория и практика. – 2023. – №2. – С. 62–72. DOI: 10.52301/2957-5567-2023-2-62-72

ИНТЕРНЕТ-МЕМ ТҮРЛЕРІ

Н.С. Сеитова, Қ.С. Ергалиев

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.*

Аннотация. Мақалада күлкілі әсерге қол жеткізу құралы ретінде интернет желісінде пайда болған интернет-мемдер талдауға түскен. Интернет-мем – прецеденттік құбылыстардың бір түрі, интернет-коммуникация арқылы берілетін ақпарат бірлігі. Күлкілі әсерге қол жеткізу интернет-мемнің мәтіндік мем, мем-сурет, бейне-мем, креолизденген мем сынды түрлерімен жүзеге асырылады.

Кілтті сөздер: интернет-мем, интернет-коммуникация, прецеденттік мәтін, креолизденген мәтін, демотиватор.

Аннотация. В статье проанализированы интернет-мемы, появившиеся в сети интернет, как средство достижения комического эффекта. Интернет-мем – вид прецедентных явлений, единица информации, передаваемая через интернет-коммуникации. Достижение комического эффекта осуществляется с помощью таких типов интернет-мемов, как текстовый мем, мем-картина, видео-мем, креолизированный мем.

Ключевые слова: интернет-мем, интернет-коммуникация, прецедентный текст, креолизированный текст, демотиватор.

Annotation. The article analyzes Internet memes that appeared on the Internet as a means of achieving a comic effect. An Internet meme is a type of precedent phenomena, a unit of information transmitted through Internet communications. The comic effect is achieved using such types of Internet memes as text meme, picture meme, video meme, creolized meme.

Keywords: internet-meme, internet-communication, precedent text, creolized text, demotivator.

Қазіргі кезде интернет арнайы ақпараттық, әлеуметтік, психологиялық және лингвистикалық кеңістікке айналууда. В.А. Михайлов интернет ортасына виртуалдық, интерактивтілік, гипермәтіндік, жаһандық, шығармашылық, анонимдік және құрастырмалылық сынды белгілер тән екенін айтады [1]. Интернет-коммуникацияның ерекшелігі ауқымдылығымен және кез келген ақпаратты жылдам тарату мүмкіндігімен анықталады. Аталған ашық коммуникативтік кеңістік күлкі элементтерінің пайда болуы мен дамуына қолайлы жағдай туғызғаны анық.

М.М. Бахтиннің пайымынша, бұқаралық байланыстың бір түрі ретіндегі интернет-коммуникация «орта ғасырлардағы бүкілхалықтық карнавалдық өмірге» ұқсас [2, 17-б.]. Виртуалды байланыс карнавал сияқты арнайы ойын түрінде жасалады [3].

Ойын – интернет-коммуникация түрлерінің бірі. Ол өзінің ойын-сауық қызметінен «асып», интернет-коммуникацияға тән белгілерді (виртуалды кеңістік пен уақытты күнделікті өмірден оқшаулау, сөз

бостандығы, ерікті қабылданған ережелердің болуы, жағымды эмоционалдылық және т.б.) жобалау құралына айналады [3].

Қарым-қатынаста ойын компонентін жүзеге асыру тілді субъектінің белгілі бір мақсатқа (эстетикалық) жету құралы ретінде қолданумен байланысты. Сөйлеушінің эстетикалық немесе шығармашылық міндеттер қоюы тілге тәжірибе жасауды, оны стандарттан, нормадан шығаруды, қолданыстағы прагматикалық канондарды саналы түрде бұзуды көздейді. Көп жағдайда аталған мақсат (тілді стандарттан тыс қолдануға байланысты) күлкілі әсерге қол жеткізу түрінде жүзеге асырылады.

Аннотация. Мақалада қазақ жалқы есімдерінің, «Қобыланды батыр» эпосындағы антропонимдер қарастырылған. Жырдағы басты кейіпкерлердің есімдеріне салыстырмалы-сипаттамалы талдау, есімнің семантикалық мәніне талдау жүргізілген. Сондай-ақ батырлық эпостарға тән көпнұсқалылығы мен зерттелуі тұжырымдалған. В. Радловтың, Г.Н. Потаниннің, Ш. Уәлихановтың, Ә. Диваевтің, Ә. Марғұланның пікірлері пайымдалған. Жырдың ең көне жазбалары ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында жазылған. «Предания о Кобланды» – ғылыми журналдар мен «Дала уалаяты» (1899), «Туркестанские ведомости»(1899), «Тургайская газета» (1901), «Труды Оренбургской ученой комиссии» (1910) газеттерінде жарияланғандығына тоқталған. Мергенбай жырау мен Марабай Құлбайұлы жыраулардың, Ш.Қалмағамбетовтың жырлау дәстүрлері сипатталған.

Аннотация. В статье рассматриваются имена казахских собственных, антропонимы из эпоса «Кобыланды батыр». Проведен сравнительно-описательный анализ имен главных героев эпоса, также проведен анализ семантического значения имен главных героев героического эпоса. Сформулированы вариативность и исследование, присущие героическим эпосам. Даны цитаты по мнению ученых В. Радлова, Г.Н. Потанина, Ш. Уалиханова, А. Диваева, А. Маргулана. Рассмотрены древние рукописи-записи эпоса датируемые концом ХІХ – началом ХХ вв. «Предания о Кобланды» – опубликован в научных журналах и газетах «Дала уалаяты» (1899), «Туркестанские ведомости»(1899), «Тургайская газета» (1901), «Труды Оренбургской ученой комиссии» (1910). Описаны традиции исполнения Мергенбай жырау и Марабая Құлбайұлы жырау, Ш. Калмағамбетова.

Annotation. The article discusses the names of Kazakh proper names, anthroponyms from the epic «Kobylandy Batyr». A comparative descriptive analysis of the names of the main heroes of the epic was carried out, as well as an analysis of the semantic meaning of the names of the main heroes of the heroic epic. The variability and research inherent in heroic epics are formulated. Quotes are given according to scientists V. Radlov, G.N. Potanin, Sh. Ualikhanov, A. Divaev, A. Margulan. Ancient manuscripts-records of the epic dating from the late ХІХ – early ХХ centuries are considered. «Legends about

Koblan» – published in scientific journals and newspapers «Dala ualayaty» (1899), «Turkestan Vedomosti» (1899), «Turgayskaya Gazeta» (1901), «Proceedings of the Orenburg Scientific Commission» (1910). The traditions of performing Mergenbai zhyrau and Marabai Kulbayuly zhyrau, Sh. Kalmagambetova are described.

Кіріспе

В. Радловтың, Г.Н. Потаниннің зерттеулерінде Қобыланды есімімен келген шығармалар татар және қарақалпақтарда да кездеседі. Алғашқы зерттеушілердің бірі Ш.Ш. Уәлиханов, Совет Үкіметі тұсында М. Әуезов, С. Мұқанов, С. Сейфуллин, академик А.С. Орлов, Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ә. Марғұлан, М. Ғабдуллин болды.

«Қобыланды батыр» жырын Нұрпейіс ақын 9000 жолмен жырлаған. Жыраулар эпикалық дәстүрді сақтай отырып, қазақ этногенезін құрайтын тайпаларды – оғыздар, қоңырат, қыпшақ, ноғайлыларды фольклордың барлық жанрларында, соның ішінде әсіресе эпостық жырларда қолданған.

Жыр орындаушылар тыңдаушылардың жас мөлшеріне қарай жырдың мазмұнын өзгертіп айтқан: кәрі қарттарға – батырдың халқы үшін жасаған ерліктерін, оның тұлпары туралы тоқтала жырлаған; Орта жастағы тыңдаушыларға – батырлардың ерекше тууы, ата-анасының алладан жалбарынып сұрап алуы, балалары мен ұрпақ жайлы ойларын баса жырлаған; Жас тыңдаушыларға – батырдың қалыңдық тандауы, қалыңдығының ақылына көркі сай екендігі туралы айтқан. «Қобыланды батыр» жырының көп нұсқасы (29 нұсқасы) болуының бірден-бір себебі – осы деп ойлаймыз.

«Қобыланды батыр» эпосын жыраулардың орындауында тыңдаған ғалым А.А. Диваевтың айтуынша: «...3 күн бойы жырлайтындай, 6-9 мыңдай тармақтан тұратын аса көлемді шығарма» болып табылады.

Ш.Ш. Уәлиханов: «Халық батырлардың ерліктерін сүйсіне жырлайды». Жырдағы кездесетін батырлар есімдерінің уәжінен де қазақ халқының батыл да қайсар, намысы зор, ер мінезді болмысы имплицитті көрініс тартқан. Жыраулардың импровизациясына сүйсіне келе, батырлар жырының мазмұн ұқсастығына көңіл аударады.

«Қобыланды батыр» поэмасы күрделі композициясымен осы күнге дейін жеткен жыр. Композициясының ерекшелігі – батырдың тууынан бастап Шошай ханмен соңғы ұрысына дейін, Қарлығадай батыр қызға үйленуімен аяқталады.

Жырдың ең көне жазбалары ХІХ ғ. аяғы мен ХХ ғ. басында жазылған. «Предании о Кобланды» – ғылыми журналдар мен «Дала уалаяты» (1899), «Туркестанские ведомости» (1899), «Тургайская газета» (1901), «Труды Оренбургской ученой комиссии» (1910) газеттерінде жарияланған еді.

Ақын Біржан Толымбаевтан жазып алынған «Қарақыпшақ Қобыланды батыр» поэмасының толық нұсқасы ХІХ ғ. басында Қарабалық болысында Қостанай уезінде (қазіргі Қостанай облысы) 1914 ж.

Қазан қаласында мұғалім М. Тұяқбаев араб графикасы бойынша жазған. Бұл «Қобыланды батыр» поэмасының ең алғашқы басылымы еді.

Біржан ақынның жырлаған нұсқасы мазмұны мен композициясы бойынша фольклор жинаушы Шапай Қалмағамбетовтың (1890 ж. Қостанай облысында туған) революциядан кейінгі жазбасына жақын, ол Ш. Қалмағамбетовтың өзінен тыңдап, жазып алып, 1939 ж. ҚазССР ҒА Тіл және әдебиет институтына жіберген болатын.

Поэманың алғы сөзінде Ш. Қалмағамбетовтың еш өзгеріссіз жырлағанын (қалай естіп есіне сақтаса, солай жырлағаны туралы) көрсеткен. Ш. Қалмағамбетов Мергенбай жыраумен таныс болған және одан көп эпикалық өлеңдер үйренген. Ш. Қалмағамбетов «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Қарабек», «Алпамыс», «Қыз Жібек», «Құбығұл» поэмаларын орындаған. Орындаушылардың көбі жыр орындау дәстүрін ХІХ ғ. әйгілі Мергенбай жырау мен Марабай Құлбайұлынан үйренгендерін айтады. Импровизатор Мергенбай жырау шамамен 1831 ж. туып, 1911 жылы Қостанай облысы, Комсомол ауданында қайтыс болған. 1936 жылы Ш. Қалмағамбетов осы Қостанай облысының тұрғыны Досжан ақыннан поэманың нұсқасын жазып алған.

Досжан ақын Мергенбай жырау нұсқасын қайта өңдегенін айтқан. Бұл мәтінді Ш. Қалмағамбетов (1939 жылғы) жазбасымен салыстырғанда поэманың басталуы, батырдың тууы, Құртқаға үйленуі, батырдың атының дүниеге келуі және оны Құртқаның баптауы жырдың барлық детальдарымен сәйкес келеді. Жырдың бірсыпыра ерте кездегі жазбалары қазіргі Орал облысы, Теректі ауданында туған және өмір сүрген Марабай Құлбайұлынан (1891–1898 ж.) жазылып алынған. Негізінен кедей отбасынан шыққан Марабай домбыра тартып, өлең, ән шығарып, 18 жасында халық арасында батырлық эпосты жырлаумен әйгілі болған.

Негізгі бөлім

«Қобыланды батыр» поэмасының «Гайбурылдың шабысы» үзіндісі алғашқы рет Марабай ақынның орындауынан ХІХ ғ. 70 жылдары ағартушы Ы. Алтынсарин жазып алып, «Қырғыз хрестоматиясында» Оренбург қаласында 1879 жылы жарық көрген болатын. Марабайдың толық нұсқасы – Қараманның Қобыланды батырға келуінен бастап, Қобыландымен бірге Қазанға қарсы жорыққа аттанғанынан бастап, елін Алшағырдан азат етуімен аяқталған.

1894 жылы «Қобыланды батыр» поэмасын қазақ ақыны Баймұрат Өскеұлы орындаған. Баймұрат Өскеұлы поэманы өте жақсы білген, Марабайдан жаттап алған. Атақты фольклор жинаушы А. Диваевтің сұрауы бойынша өзі жазып жіберген. Бұл жөнінде поэманың соңғы шумақтарынан автордың арнау сөздерін байқауға болады. Эпос ХІХ ғ. 20 жылдары араб графикасымен жазылған «Батырлар» эпостық поэмалар сериясында А. Диваевтің авторлығымен «Қобыланды батыр» атауымен жарық көрген. А. Диваевтің басып шығаруымен Марабай нұсқасы бірнеше рет жарық көрген: 1933 жылы – С. Сейфуллин, 1939

жылы – С. Мұқанов баспаға ұсынған. Ол оқу хрестоматияларына да енген. Баймұрат Өскеұлының түпнұсқасы осы күнге дейін табылған жоқ.

1894 жылы жыр жинаушы Дәулетше жазған «Қобыланды батыр» қолжазбасы Марабай нұсқасынан аумайды.

Егер төңкеріске дейінгі жазылған Марабай жыраудың нұсқаларымен 1939 жылғы Ш. Қалмағамбетов жазбаларын салыстырған кезде келесі ұқсастықтарды байқауға болады: екі нұсқада да Қобыландының Қараманмен бірге Қазан ханға аттануы, батырдың туыстарымен қоштасуы, Тайбурыл аттың шабысы, Қазан, Көбікті және Алшағыр батырлармен жекпе-жегі, Қарлыға батыр қызға үйленуі суреттеледі.

Қобыланды батырды жырдың ерте кездегі нұсқаларында «қазақ» деп айтпайды. Қобыландыдан бұрынғы Едіге, Шора, Қамбар, Тарғын және онан кейінгі Алпамыс, Ер Сайын батырларды қазақ деп атамау қазақтардың о кезде әлі жеке хандық құрмауы, Алтын Орда, Қырым және Қазан хандығы құрамында ноғайлы деп аталуы дәлел. Алтын орданың құлдырауы Қазақстан аумағында екі ірі мемлекеттің – Ақ Орда (кейінірек екіге бөлініп, өзбек-шайбанидтер мен қазақтар) және Ноғай Ордасының пайда болуына себеп болды. Бұл жерде аталған рулар мекен еткен, бірақ билік үстем тап өкілдерінің қолында болып келген. Осы себепті қыпшақ рулары кейде ноғайлы, өзбек, қазақтар деп аталған. Ертеде «қыпшақ» этнонимі аталған үш ұлт өкілдерінің жалпы аталымы ретінде қолданыс тапқан. Мұны М. Әуезов өзінің Л. Соболевпен бірігіп жазған «Эпос и фольклор казахского народа» еңбегінде тоқталады.

Қазақтар мен қарақалпақтар, ноғайлылар мен башқұрттар, қырым барабин татарлары арасында атақты «Қобыланды батыр» эпосы ноғайлы тайпасы – қыпшақтар және қалмақтар мен қызылбастардың хандары арасындағы күрес туралы айғақтайды. Қазақ эпосында қияттармен біріге жауға шапқан Қобыланды батырдың ержүректілігі мен асқан ерлігі суреттеледі. Батыр бейнесі арқылы бүкіл ру-тайпа болмысы көрінеді.

«Қобыланды батыр» эпосындағы оқиғалар, кейіпкерлер есімдері, ерліктері, еш өзгеріссіз сол қалпында көптеген ертегі, жыр, аңыздарда кездеседі. Мәселен, «Әлеуке-батыр» қаһармандық ертегісінде батырдың қалмақтармен (эпос желісіндегідей) күресі суреттеледі. Ертегіде Қобыланды қалмақтардың Көбікті батырынан (эпоста Көбікті – қалмақтардың ханы) жеңіледі. Өз руы үшін Орақ – Әлеуке батырдың ұлы Көбіктіні жеңеді (ал эпоста Орақ – қалмақтармен шайқасқан Қобыландының руласы).

«Таласпай мерген» ертегісінде Қобыланды мен Қараман эпикалық батырларының және Таласпай -мерген баланың ерлігі суреттеледі. Ол Қараман батыр жаулап алған өз елі үшін шайқасқа түсіп, бірақ қарақыпшақтарға кек қайтара алмайды, өйткені Қобыландының жиені болатын. Қобыландыны Ер Қосайдың баласы – Ер Көкше күресте өлтіреді. Таласпай қыпшақтардың ханы атанады. Бұл ертегі туралы зерттеуші Н.С. Смирнова:

«...XIV–XVI ғ. Алтын Орда мен оның құлдырауы батырлық эпостар арқылы дамыған сюжеттер – эпикалық батырлар тарихын аяқтайды». деген. «Ер Көкше мен оның ұлы Ер Қосай» ертегісінде Ер Көкше – Қамбардың ұлы (кейде Қамбардың немересі) қарақыпшақ Қобыландыны жеңеді.

«Ертеде Орал облысында, Бөкей ордасы мен Усть-Уралда» В. Карлсонның айтуы бойынша «Труды Оренбургской ученой Архивной комиссии» 1906 ж.(XVI п.) «Илецкіден Уил трактісі бойында Хобланды станциясында кірпішпен көмкерілген шағын төбе бар. Бұл тұрғындар бұзып тастаған көне мола». Ақша хан заманында қырғыз (қазақ) даласында қазіргі Орал облысында атақты Тоқтарбай есімді бай өмір сүрген. Өзі ноғайлы руынан, әйелі Аналық болған. Қартайған шақтарында ұл көріп, атын Қобыланды деп қояды. 13 жасында Құртқа есімді қызға үйленеді. Жасынан серілік құрған, өз жасақтарымен Қазан қаласына (Қазан есімді хан болса керек) аттанады, Қобыланды жоқ кезде қалмақтар елін шауып кетеді. Ашулы Қобыланды қалмақтарға қарсы күресте жеңіске жетіп, олардың ханы – Көбіктіні өлтіреді». «Қобыланды» аңызы бойынша бұл мола Жирен-құлмен күресте жеңіске жетуінің айғағы ретінде батырдың ұрпақтары Хобда болысында сақталған Қобыландыға орнатылған ескерткіш [1, 20].

«Ер Сайын» поэмасында Қобыланды 60-қа толған шағында Сайын батырмен бірге ұрысқа аттанады. «Бозмонай»эпосында Қобыланды Сайым батырды сынамақ болып оған қарсы күреске шығып, Сайым батырға батасын береді.

«Қобыланды батыр» поэмасының мазмұны негізінен реалды тарихи бейнелер мен оқиғаларға шолу жасалған. Эпос – бұл поэтикаланған тарих. Жырдағы антропонимдер жөнінде сыр шертер болсақ, адам есімдерінің бірден-бір ерекшелігі – олардың қаз қалпында сақталуы, әр есімнің өз орнында жұмсалуды айтуға болады. Жалпы, есім туралы тоқтала кетсек, Қобыланды есімін алғаш естіген кезде ассоциацияланатын ұғым парадигмаларын былайша топтауға болады:

Қобыланды			
Аталым	}	{	қаблан зоонимі
Ұғым	}	{	ер, батыл
Арман-тілек			антропоним

Аталым- атау үрдісінің нәтижесі болса, Ө. Марғұланның зерттеуінде ерте кезде балаға туа салысымен ат қоймайды екен, 10–12 жасқа келген кезде небір жасаған ерлік істеріне қарай есім қояды екен. Бұл үрдістің біраз «Спартак» мектебіне жақынырақтығы: ежелгі Грекияда туған сәби әлсіз, аурушаң, әлжуаз болса, ол баланы далаға, терең шұңқырға тастаған көрінеді, бұл – нағыз жауынгер дайындаудың белгісі. Көне түркі сақ тайпасынан тарайды десек, сақ жауынгер тайпаның да ел үшін, жер үшін туу керектігін ойлаған болар деп пайымдау жасауға болатын

сияқты. Бұл батырлар есімдерінің бойынан көрініс тапқан секілді. «Қобыланды батыр» жырында кездесетін антропонимдер бүгінгі ұрпаққа жетіп, қойылып келеді. Жырдағы кейіпкерлердің аталымдары басқа да эпостарда кездеседі: «Мұңлық – Зарлық», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу».

«Қобыланды батыр» жырындағы антропонимдердің кездесу жиілігін топтай келсек: Қобланды, Тоқтарбай, Тоқтар – 8 рет, Аналық, Қарлығаш, Қоблан – 56 рет, Қоблеке 6 рет, Қоблаке – 2 рет, Естеміс, Тоқтар – 4 рет, Көктім Аймақ, Құртқа – Құртқажан – Құртқажан 3 рет, Қызыл ер, Естеке, Қара Көжек, Бурыл – 68 рет, Қазан, Сейілдің ұлы Қараман – Сайымұлы Қараман, Қарақозы, Аққозы, Қаражанұлы Қосдәулет, Қара Бұқан, Тайбурыл – 18 рет, Көктім, Қарлыжан – Қарлығажан – 2 реттен, рет, Алла, Қыяс пайғамбар, Илияс пайғамбар, Ықлас атты Шашты Өзіз – 5 рет, Мұхамбет, Қамбар-ай көл иесі, шөл иесі – 2 рет, Ғали атты арыстан, Қарауыл, Бекауыл,

Дәуіт – 3 рет, Көбікті хан, Тарлан ат – 4 рет, Ақмоншак, Қарлыға, Алшағыр, Шағыр – 4 рет, Қаныкей, Тінікей, Омар, Оспан, Мұңдық, Зарлық, Қозы Көрпеш, Баян, Орақ, Қамқа, Ағанас, Тоғанас, Ақтайлақ, Нарқызыл, Қара дәу, Қара батыр, Біршымбай, Көкала ат, Бөкенбай – Бөкен 8 рет, Бөкенжан, Шошай, Киікбай атты аталымдар бар.

Жырда Қобыландыны Қоблекең деп деминутивті атап жазған. Деминутивтік есім – еркелету, кішірейту мағынасында қолданылатын жалқы есімдер [2, 99].

...Естемістей еріңнің
Таусылғасын амалы,
Батасын беріп қол жайып,
Жад қылады *Құданы* [2, 7].

Құданы- Құдайды деген мағынада қолданылған. Құдай сөзінің бірнеше конотаттары кездеседі: Жалғыз, Құда, Ие, Хақ, Тәңір, Хақ Жаббар, Алла, Хақ құдай.

«Тапсырдым, – деп, – *Жалғызға!*»,
Амандасып жүргізді [2, 8].
...Артымда жау қалдырман,
Берсе *Құдай* несіпті [2, 8].
...Сізге деген *Құданың*
Қабыл еттім бұйрығын [2, 30].
...Баладан болып садаға,
Жад қылады *Иені* [2, 13].
Аузын үріп сыпырып,
Маңдайынан иіскеп,
Шүкір ғып *Хаққа* тұрады [2, 14].
...Кеткен кісі келе ме?
Алғанын *Тәңір* бере ме? [2, 23]
...Он сегіз мың ғаламға

Падиша болған *Хақ Жаббар*,
Тек тапсырдым өзіңе! [2, 32]
...Қош, аман бол, *Алла жар*
Жалғызымды тапсырдым,
Құданың досты пайғамбар [2, 36]
...Жалғызыма жар бол, – деп,
Жад қылып *Жаббар Құдайды* [2, 39]

Қарлығаш антропонимінің Қарлыжан, Бикешжан деген деминутивтік есім конотаттары кездеседі:

...Мойныңды бұршы, *Қарлыжан*...
...Қарындасым *Қарлыжан* [2, 32]
...Қарындасың *Бикешжан*
Әбдестесі жанында,
Бес кесесі қолында
Белдемшесі белінде,
Қызылбастың елінде
Шай қайнатып жүргенде,
Сұлтаным сонда келерсің [2, 36].

Мифологиялық кейіпкер Шашты Әзіз конотаты – Ықылас деп берілген:

...*Ықылас* атты Шашты Әзіз,
Осы кеткен қозымды
Тек тапсырдым қолыңа,
Қозымды жықпа орыңа,
Жолықтырма зорыңа! [2, 37]
...*Ықылас ата, Шашты Әзіз* [2, 70]
...Қысылған жерде дем берер
Ықылас ата, Шашты Әзіз... [2, 77]

Сигнификат үнемі денотат белгілерінің жиынтығын көрсетеді. Денотат белгілері тұрақты немесе тұрақсыз(уақытша), нақты немесе жанама болуы мүмкін [3, 188]. Реалийлерге ат беруге байнысты, атауды жасау процесі кезінде аталым ұғымы қолданылады. Екіншілік аталым – реалийлердің танымдық ұғымы мен белгісін айқындайтын сигнификатын (коннотатын) білдіретін жаңа атау. Мысалы, заңғар-ау, сұлтан (Қобландыны Қарлығаның атауы), ...бұл сөзден сұлу жеңілді (Қарлыға), Жалғыз, Құда, Ие, Хақ, Тәңір, Хақ Жаббар, Алла, Хақ құда (құдай) екіншілік аталым ретінде жыр ішінде кездеседі.

Мұндағы антропонимдердің құрылымдық типтері мен сигнификаттары бірізді аталым принципіне негізделген. Әсіресе көне түркілік дәуірде ономастикалық жүйеде негізінен екі сыңарлар қолданыс тапқан [4, 38]: Қобыланды батыр, Алпамыс батыр, Орақ батыр. Аталымдардың бір сыңары (антропонимі) – айырым белгісі, екінші сыңары – жинақтаушы мағынаны білдіреді. Бұл денотаттар біртіндеп бір ұғым атауының қалыптасуына негіз болады. Аталымның бойында қандай

ақпарат бары есептеледі де, соның ішінен анықтайтын ерекшелігі мен айрықша мәлімет беретін белгісі аталымның айқындауыш қасиеті болмақ. Сонда антропонимдерден мәлімет аламыз. Бұл аталымдардың түпкі астарында ең алдымен – уәж жатыр. Күрделі уәждерге қатысушы – құрастырушы сыңарлардың негізінде жатқан уәжділіктер арқылы күрделі антропонимдер пайда болады. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында:

...Қарақыпшақ Қобланды
Атасы мұның Тоқтарбай
Халықтан асқан болды бай [2, 4].
...Қаражанұлы Қосдәулет
Топты бұзған бұл батыр [2, 18].
...Қарлығаның соңынан
Сейілдің ұлы Қараман –
О да келді былқылдап [2, 106].

Эпостағы ерекше есімдердің бірі – **Құртқа**. Құртқа есімі халық арасында өте сирек қолданылады. Басқа түркі тілдерінде ол «қартайып біткен, қураған кемпір» дегенді білдіреді. Қазақ тілінде **құртқа** сөзіне тұлғалық жағынан тек **кәрі-құртаң** дейтін қос сөздің екінші сыңары «құртаң» ғана сырттай ұқсасады. Егер қарт түбірінің әрідегі нұсқаларының бірі «құрт» түрінде айтылғандығын ескерсек, онда **кәрі-құртаң** дегендегі **құртаң** қазіргі тіліміздегі «қартаң» сөзінің бір кездегі сәйкесімі деп шамалауға болады. әредіктеу ұшырасатын «қарт-құрт» тұлғалы қос сөз бұл пікірді дәйектеу түседі деуге болады [5, 125-126].

Қорытынды

Батырлар жырындағы халық батырлары мен тамаша парасатты тарихи адамдардың дәстүрлі есімдері ұрпақтан ұрпаққа жетіп, күні бүгінге дейін қойылып келе жатыр. Тіліміздегі кеңінен тараған екі не үш сөздарден құралған күрделі тұлғалы есімдердің көбірек кездесетіндері – құрамында бай, бек, би, төре, шах, компоненттері (сыңарлары) бар есімдер. Тарихи сипаты жағынан бұл сөздер архаизм әрі историзм ретінде кеткен әлеуметтік терминдер. Кейбір есімдердің мән-мағынасы (семантикасы) мен дыбыстық сипаттары арқылы белгілі бір аймақ тұрғындарының тілдік ерекшеліктерін анық байқауға болады. Сол жергілікті тілдер негізінде қойылған есімдердің алуан түрлі тұлғалары мен тұрмыстық нұсқалары да ерекшеленіп тұрады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кобланды батыр / Сост. Н. Кидайш-Покровская. – Москва: Наука, 1975. – 446 с.
2. Батырлар жыры. 1 том. Ред. алқасы: Ә. Асқаров, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Ә. Кекілбаев. – Алматы: Жазушы, 2000. – 256 б.
3. Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: «IDK-ТИПО» ред. баспа орталығы, 1998. –304 б.

4. Қасым Б. Күрделі зат атауларының мағыналық құрылымы және сөзжасамдық үлгілері. – Алматы, 2000. – 154 б.
5. Төрт батыр. Қобыланды батыр. – А.: Жалын, 1990. – 125–126.

АУДИРОВАНИЕ КАК МЕТОД ПОВЫШЕНИЯ ЛЕКСИКО-ГРАММАТИЧЕСКИХ НАВЫКОВ У УЧАЩИХСЯ НА УРОКЕ АНГЛИЙСКОГО ЯЗЫКА

А.К. Мухамбетжанова

Аннотация. Данная статья посвящена актуальным вопросам использования аудирования на уроках английского языка с целью повышения лексико-грамматических навыков у учащихся. На сегодняшний день ни у одного учителя не вызовет сомнения утверждение о том, что проблема эффективности обучения аудированию является одной из самых актуальных. Каждому необходимо искать и использовать те методы и приёмы, которые окажутся наиболее эффективными в их работе. В нашем исследовании мы представили лишь один взгляд на решение этой проблемы, – разработали задания для обучения аудированию учащихся. Поэтому данная статья содержит теоретические и практические аспекты рассматриваемой проблемы.

Ключевые слова: информационно-коммуникационные технологии, аудирование, аутентичный материал, онлайн-платформы, аудиокурс.

Аннотация. Бұл мақала студенттердің лексикалық және грамматикалық дағдыларын жетілдіру мақсатында ағылшын тілі сабақтарында тыңдауды қолданудың өзекті мәселелеріне арналған. Бүгінгі таңда тыңдай білуге үйретудің тиімділігі мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып табылады деген тұжырымға бірде-бір мұғалім күмән келтірмейді. Әр адам өз жұмысында тиімді болатын әдістер мен әдістерді іздеп, қолдануы керек. Біз өз зерттеуімізде бұл мәселені шешудің бір ғана көзқарасын ұсындық – біз оқушыларды тыңдап түсінуге үйретуге арналған тапсырмалар әзірледік. Сондықтан бұл мақалада қарастырылып отырған мәселенің теориялық және практикалық аспектілері қамтылған.

Кілтті сөздер: ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, тыңдау, шынайы материал, онлайн платформалар, аудио курс.

Annotation. This article is devoted to topical issues of using listening in English lessons to improve students' lexical-grammatical skills. Today, even one teacher has no doubts about the fact that the problem of the effectiveness of listening to education is one of the most urgent. Everyone needs to look for and use the methods and techniques that will be the most effective in their work. In our study, we presented only one view of the solution to this problem – we developed tasks for teaching listening to students. Therefore, this article contains theoretical and practical aspects of the considered problem.

Keywords: information and communication technologies, listening, authentic material, online platforms, audio course.

Рассматривая теоретические аспекты рассматриваемой темы, в рамках данной статьи, мы дали понятие «аудирование», описали проблему недостаточной сформированности компонентов процесса аудирования и языковые трудности. А также использование информационных технологий в процессе обучения аудированию.

Итак, аудирование с психологической точки зрения представляет собой сложную иерархическую структуру, в которой можно выделить три уровня: побудительно-мотивационный, ориентировочно-исследовательский / аналитико-синтетический и исполнительный. [1, с. 205]

При недостаточной сформированности компонентов процесса аудирования он протекает с большими или меньшими трудностями. К психологическим факторам трудностей восприятия иноязычной речи на слух относятся некоторые особенности слуховой памяти. К лингвистическим трудностям аудируемого текста относится, прежде всего, наличие в тексте определенного количества незнакомых и непонятных слов, языкового материала. К языковым трудностям следует отнести стилистические особенности текста, фонетические особенности аудируемой речи, грамматическая составляющая. К факторам, затрудняющим аудирование, относятся также особенности голосовых данных диктора (тембр, высота) и темп речи. [2, с. 117]

Процесс обучения аудированию может носить как аудиальный так и визуальный характер. В этом могут помочь информационные технологии, осуществляющие трансляцию видеоматериала. При успешной совместной работе преподавателей и учащихся, и интеграции ИКТ в учебный процесс можно достичь великолепных результатов. Интерактивное обучение с участием компьютера представляет собой синтез информационных и педагогических технологий. Это подразумевает создание реальной ситуации, приближенной к подлинному общению на иностранном языке.

Мультимедийные технологии позволяют совместно использовать различные носители информации: текст, графические изображения, звук, анимацию и видеотреклеты. Использование данных технологий позволяет моделировать любую речевую ситуацию реального общения. Использование компьютерных программ способствует быстрому формированию речевых навыков. Кроме того, эффективность обучения увеличивается за счет того, что обучающиеся получают информацию в тот момент, когда она им требуется, они в любое время могут вернуться и повторить ранее пройденное и попросить у компьютера подсказку – осуществляется обратная связь. [3, с. 98]

Плюсами использования ИКТ в процессе обучения аудирования можно считать:

- возможность выбора разнообразных акцентов носителей языка;
- возможность выбора необходимого темпа речи;
- широкий выбор тем при использовании интернет-технологий;
- более четкое аутентичное произношение материала;
- возможность совершать остановки и паузы по мере необходимости по усмотрению учеников;

Рассматривая практические аспекты темы, нами были разработаны некоторые эффективные, интересные для учащихся задания, которые мы опишем ниже.

В результате проведенного теоретического исследования и изучения опыта методистов, занимавшихся данной проблемой, был разработан мини-комплекс заданий для обучения аудированию на старшем этапе обучения. В ходе исследования были отобраны и проанализированы материалы англоязычных СМИ, которые могут быть включены в урок английского языка в качестве дополнения к аудиокурсу УМК.

Упражнения включают в себя:

- 1) задания на развитие фонетических навыков аудирования,
- 2) задания на развитие лексических навыков аудирования,
- 3) задания на развитие грамматических навыков аудирования,
- 4) задания на развитие оперативной памяти,
- 5) задания на развитие языковой догадки и вероятностного прогнозирования,
- 6) задания на развитие внимания.

Во время прослушивания перед учителем стоит цель – помочь учащимся научиться извлекать интересующую информацию, ориентироваться в тексте, соотносить печатную информацию и информацию звучащую, быстро искать нужный отрывок. Для того, чтобы облегчить понимание и сконцентрировать внимание слушателей на важнейшей информации, передаваемой видеоматериалами, упражнения включают в себя ряд установок, организующих восприятие. Для перечисленных ниже упражнений характерны задания следующего характера:

- прослушать текст и вставить пропущенные слова в предложениях;
- прослушать текст и сказать, какие из предложенных словосочетаний употреблялись в нем без каких-либо изменений;
- прослушать текст и сказать, какие определения к следующим словам в нем встречались;
- закончить следующие предложения;
- прослушать текст и сказать, что в нем говорилось о чем-либо;
- прослушать текст и найти русский/иностранный эквивалент слов в параллельном столбце.
- заполнить таблицы и др. [4,с.75]

Все вышеперечисленные задания делятся на три типа: подготовительные (ориентирующие), речевые и контролирующие.

Представим подробнее перечисленные задания:

I. Задания на развитие фонетических навыков

1. Listen and repeat (*Archeologist, civilization, irrigation technology, anthropologist, barbarism, Islam, Byzantium and etc.*)

2. Underline the rhyming words.

*Civilization, irrigation, administrators, administration
Mathematics, archeologist, anthropologist, technology*

3. Tick the word that you recognize/ put the words in the right order (as you hear).

Drink-drank-drunk, sea – saw – sew, pig- pick – big, lay- lie – loy, sheep -ship, coast – cost -cast, sail – sell – soil, food – foot – fought etc.

4. Listen to some sentences and raise a hand when you hear a question sentence.

5. Listen to the sentence and define type of this sentence (interrogative sentence, exclamatory sentence, declarative sentence).

What did Tony Blair do right after college?

6. Listen to the sentence and tell how many words are in this sentence.

Our house-warming party last week was fun!

7. Listen to the words. Put the stress in these words

(scientific, prosperity, progress, hypocritical etc.).

8. Listen to the sentence and put the words in the correct order (as you hear).

What would you like for starters?

YOU FOR WHAT LIKE STARTERS WOULD

9. Listen to the text and arrange the punctuation.

Yes I'll have a glass of mineral water please

10. Listen to some proverbs and learn by heart one of them.

When in Rome, do as the Romans.

Fortune favors the bold.

Birds of a feather flock together.

II. Задания на развитие лексических навыков аудирования

1. Listen to the sentence and guess the meaning of the unknown word from the sentence.

He was mainly famous for having six wives, two of whom were beheaded.

2. Listen to some sentences and guess the meaning of the synonyms from these sentences.

3. Listen to the sentence with unknown word and try to translate the sentence.

At present we have no evidence of life on other planets.

This has been a prolific year for Apples.

4. Listen to the sentence and choose the most correct variant of translation.

I have been reading detective stories about Sherlock Holmes this week.

Я читаю детективные истории о Шерлоке Холмсе на этой неделе.

Я прочитал детективные истории о Шерлоке Холмсе на этой неделе.

III. Задания на развитие грамматических навыков аудирования

1. Listen to the sentence and tell what are the subject and the predicate.

Crete has never been an ideal place to live.

2. Listen to the sentence and define the main and subordinate clauses.

While Bailey slept on the sofa in front of the television, Samson, the family dog, gnawed on the leg of the coffee table.

3. Listen to some sentences and define the sentences with the same grammatical phenomena.

IV. Задания на развитие оперативной памяти

1. Listen to a text and retell it using pictures.

2. Listen to a dialogue and act it in pairs.

3. Listen to phrases which consist of more than 10 words and repeat them.

4. Listen to a dialogue one time and answer the questions.

5. Listen to a text and make notes. Looking at your notes retell the story.

V. Задания на развитие языковой догадки и вероятностного прогнозирования

1. Fill in the gaps. Listen to a text and check your answers.

A: Hello!

B: Good morning. I'm calling about the house advertised for rent in Paddington.

A: Oh yes?

B: I wonder 1) give me a bit more information, please.

A: Of course. 2) like to know?

B: First of all, 3) exactly where the house is situated?

A: Yes, it's on 15, Bayswater Drive.

B: And the lounge and dining room – are they separate?

A: Yes, but they're joined by a sliding glass door.

B: And do all the bedrooms have fitted wardrobes?

A: No, only the two largest bedrooms.

B: One last question. Is the garage large enough for two cars?

A: Oh, definitely.

B: It sounds perfect. 4) I could see it?

A: 5) 6 o'clock this evening?

B: That's fine – see you then.

2. Listen to verbs and create adjectives from them.

To write – written; to count – countable; to resist – resistant; etc.

3. Read the words and say: which of these words do you expect to hear and in what context?

Headache, falling, burning, toothache, poisoning, indigestion, etc.

4. Read a title and try to guess about the theme of the text.

VI. Речевые задания, выполняемые в процессе прослушивания текста

1. Listen to a text and choose the most suitable answer to the question given below.

1) Why did William's soldiers feel reluctant to cross the Channel and attack the English?

a) They were afraid of the English attack.

- b) *They were afraid of the sea storm coming to the shores of France.*
- c) *They were afraid that their good luck had left them.*

2. Listen to a text and complete the table.

Date of birth

Education

Plans for the future

3. Listen to a text and choose the most suitable answer.

1. *Diana's family acquired the title of earl ...*

a) *in the 16th century*

b) *in the 17th century*

c) *in the 18 century*

2. *Diana and Charles had ... children*

a) *three*

b) *no*

c) *two*

3. *They divorced in the year ...*

a) *1989*

b) *1996*

c) *1981*

4. *Diana enjoyed...*

a) *light music*

b) *classic music*

c) *realistic novels*

4. Listen to a text and mark: TRUE, FALSE or NOT MENTIONED IN THE TEXT.

1. *Arthur became the king of England at the age of 16.*

2. *His nephew turned out to be disloyal.*

3. *Arthur left the country together with his brother.*

4. *Lancelot was Arthur's minion.*

5. *King Arthur died on the Isle of Wight.*

VII. Речевые задания, выполняемые после прослушивания текста

1. Listen to the text and answer the questions.

From what you understand, how are these holidays celebrated (food, family activities, local celebrations games, etc.)?

2. Listen to the text. *Imagine an international exchange student is coming to live with you for a year. What are the three most important holidays in your country that he or she should be aware of in preparing to understand your traditions. Explain how this holiday is celebrated, its meaning and significance, and what activities are held on that day. Which holiday do you enjoy the most?*

3. Listen to the dialogue. *In pairs act out similar dialogues using the prompts and the phrases in the box.*

(Go to the theatre, have dinner at an expensive restaurant, spend the weekend in Chicago).

4. Listen to the text. Retell the text using your notes.

Технология работы с аудио- и видеоматериалами практически не отличается от технологии работы с обычным аудиотекстом из учебника. Она также требует четкой последовательности в деятельности учителя и обучающихся: учитель отбирает аутентичный аудиотекст, соответствующий возрастным особенностям учеников и их уровню владения иностранным языком, анализирует его на наличие в нем лингвистических трудностей, подбирает или разрабатывает самостоятельно задания, затем работа над аудиотекстом проводится в три этапа: до прослушивания, во время прослушивания и после. [5, с.64]

Итак, изучая теоретические и практические аспекты аудирования как метода повышения коммуникативной компетенции у учащихся на уроке английского языка, выявили, что работа с аудио- и видеоматериалами безусловно, обладает огромным лингводидактическим потенциалом, что обуславливается их доступностью, многократностью применения в любое удобное время, разнообразием тем, вызывающих интерес учащихся данного возраста и т.д. Однако использование подобных материалов требует от учителя огромных временных затрат на подготовку, а от обучающихся – высокого уровня владения иностранным языком и мотивации.

Следовательно, материалы аудио- и видеоматериалы вряд ли могут быть задействованы на каждом уроке, но они прекрасно подойдут для факультативных занятий. С их помощью возможно:

- повысить коммуникативную компетенцию у учащихся;
- повысить уровень мотивации учащихся;
- познакомить с аутентичным языком;
- получить дополнительные сведения о стране изучаемого языка;
- создать основу для дальнейшей самостоятельной работы учащихся.

Список использованных источников

1. Сухова Е.Д. Отбор звучащих текстов: трудности аудирования [Текст] / Е.Д. Сухова // Альманах современной науки и образования. – 2022. – № 3 (3): в 3-х ч. Ч. II. – С. 205-208.

2. Гончар И.А. Аудирование иноязычного текста как объект лингвистики и методики / И.А. Гончар // Вестник С.-Петербургского университета. – Сер.9. – 2021. – С. 117-121.

3. Кони́на Ю.М. Технология работы с аудиоматериалами при обучении аудированию / Ю.М. Кони́на // Актуальные вопросы изучения иностранного языка в вузе: межвуз. сб. науч. тр. – Рязань: Изд-во Рязанского высшего воздушно-десантного командного училище им. В.Ф. Маргелова, 2021. – 243 с.

4. Махмутова Г.Н. Использование видеоматериалов в преподавании иностранного языка / Г.Н. Махмутова // Гуманитарные науки. Вестник Финансового университета. – 2023. – №1. – С. 75-78.

5. Миролюбов А.А. Методика обучения иностранным языкам: традиции и современность: кол. монография / под ред. А.А. Миролюбова. – Обнинск: Титул, 2020. – С. 64-100.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТІЛДІК ЖАҒДАЙЫ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, МӘСЕЛЕЛЕРІ

Н.Р. Омаров, Қ.М. Текжанов

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.*

Аннотация. Осы мақалада тіл саясатының, Солтүстік Қазақстанның тілдік жағдайдың негізгі мәселелері көптілді қоғам жағдайындағы әлеуметтік лингвистиканың негізгі категорияларының бірі ретінде қарастырылады. Мемлекеттің де, өңірлердің де тіл саласындағы өңірлік саясатының мақсаты – әрбір нақты өңірде жеткілікті жоғары тілдік дамуды қамтамасыз ету, олардың қажеттілігіне қарай белгілі бір аумақта ұсынылған әртүрлі тілдерді дамыту үшін шамамен қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктер жасау.

Кілтті сөздер: тілдік жағдаят, мемлекеттік тіл, аймақтық тәсілдеме, мемлекеттің тіл саясаты, этностар мен этникалық топтар, қазақ тілінің толыққанды қызмет ету.

Аннотация. Настоящая статья рассматривает основные проблемы языковой политики, языковой ситуации Северного Казахстана как одной из основных категорий социолингвистики в условиях полиязычного общества. Цель региональной политики как государства, так и регионов в языковой сфере – обеспечение достаточно высокого языкового развития в каждом конкретном регионе, создание приблизительно благоприятных условий и возможностей для развития представленных на определенной территории различных языков, исходя из их востребованности.

Ключевые слова: языковая ситуация, государственный язык, региональный подход, языковая политика государства, этносы и этнические группы, полнокровное функционирование казахского языка.

Annotation. This article considers the main problems of language policy, the language situation in Northern Kazakhstan as one of the main categories of sociolinguistics in a multilingual society. The goal of the regional policy of both the state and the regions in the language sphere is to ensure a sufficiently high language development in each specific region, to create approximately favorable conditions and opportunities for the development of various languages represented in a certain territory, based on their demand.

Keywords: language situation, state language, regional approach, language policy of the state, ethnic groups and ethnic groups, full-blooded functioning of the Kazakh language.

Тілдік жағдаят – әлеуметтік лингвистиканың негізгі категорияларының бірі. Ол кез келген мемлекеттің тіл саясаты үшін шешуші мәнге ие. Осы күрделі әлеуметтік-лингвистикалық категорияны зерттеудің

әлемдік тәжірибесі оның сипаттамасы үшін ең маңыздысы болып табылатын бірқатар проблемаларды анықтады. Бұл мәселелерді зерттеуге шетелдік, кеңестік және қазақстандық ғалымдар Ч. Фергюсон мен У. Стюарт, А.Д. Швейцер, Л.Б. Никольский, А.О. Орусбаев, Н.Б. Мечковская, Б. Хасанұлы, Е.Д. Сүлейменованың еңбектері арналды.

Тілдік жағдаяттарды сипаттау кезінде келесідей объективті факторларға назар аударылады:

1) мемлекетті мекендеген әр түрлі лингвистикалық қауымдастықтар мен топтардың сандық және болжамды арақатынастары; 2) макро-элеумет аясында қатар өмір сүретін тілдердің функционалдық қатынастарының параметрлері: а) тілдік жағдайды құрайтын тілдердің экстралингвистикалық факторлармен (элеуметтік, саяси, экономикалық, психологиялық және т.б.) өзара әрекеттесу параметрлері; б) тілдердің элеуметтік мәртебесін анықтайтын параметрлер (тілдің орны, оның нұсқасы, диалектісі, белгілі бір қоғамда қолданылатын басқалармен салыстырғандағы орны; б) тілдің элеуметтік-коммуникативтік рөлін анықтайтын параметрлер; оның нұсқасы, нақты, саяси-әкімшілік бірлестікте әрекет ететін диалект [1, 249 б.].

Ч. Фергюсон мен В. Стюарт елдердің элеуметтік-лингвистикалық кескінінің формулаларын ұсынды. Тілдік жағдайды типтеу көрсеткіштері сандық-демографиялық белгілер болып табылады. Ч. Фергюсон, У. Стюарт және басқа да шетелдік ғалымдардың тілдік жағдайлар теориясын А.Д. Швейцер сипаттаған [2].

Тілдік жағдайлар мынадай параметрлер негізінде сипатталады: 1) экзоглосстық (жағдайлар белгілі бір әкімшілік-аумақтық білім берудің жекелеген тілдерінің жиынтығы) және эндоглосстық (тілдік жағдай – белгілі бір әкімшілік – аумақтық білім берудің қосалқы тілдері мен функциялық стильдерінің жиынтығы); 2) теңгерімділік (оларды құрайтын тілдік ішкі жүйелер жұмсалымды түрде әр түрлі болатын жағдайлар) және теңгерімсіздік (егер олардың құрамдас бөліктері қарым-қатынас салалары мен элеуметтік топтар бойынша бөлінген болса, жағдайлар орын алады) [3]; [4].

Н.Б. Мечковская тілдік жағдаяттардың мынадай түрлерін ажыратады: 1) біркомпоненттік – көпкомпоненттік; 2) көпкомпоненттік, біртүлді, көпкомпоненттік екі-үш, бестілдік; 3) демографиялық тепе-теңдік – тепе-теңдік емес; 4) теңдестірілген – теңдестірілмеген; 5) құқықтық статусы бірдей тілдік жағдаяттар – құқықтық статусы әртүрлі; 6) жақын туыстық және жақын туыстық емес, туыс емес кәсіптілік бар тілдік жағдаяттар; 7) эндоглоссты және экзоглоссты; 8) диглоссты – диглоссты емес [5, 101-102 б.].

Қазақстанның дамуының әртүрлі кезеңдеріндегі тілдік жағдайының сипаттамасы қазақстандық элеуметтік лингвистиканың негізін қалаушы Б. Хасановтың және т. б. еңбектерінде келтірілген [6]; [7].

Қазақстан Республикасы халқының этникалық белгілері бойынша ең жалпы түрде ұсынылуы мынадай: республиканың батыс, шығыс бөліктері аз көпэтникалық, ал солтүстік, оңтүстік және орталық бөліктері неғұрлым көпэтникалық болып көрінеді. Тілдік тұрғыдан алғанда, аталған аймақтардағы жағдай, тиісінше, келесідей қалыптасты: Қазақстанның батысы мен оңтүстігінде қазақ тілі үстем, ал елдің солтүстігінде, шығысында және орталық бөлігінде орыс тілі үстем.

Облыстардың әрқайсысы және олармен бірге олардың әкімшілік-аумақтық бөліністерінің өзіндік тілдік және этно-тілдік ерекшеліктері бар. Аймақтардың тілдік дамуы осы және басқа да бірқатар факторларға байланысты. Өзінің этникалық және лингвистикалық жағдайы бойынша ерекшеліктерінің бірі Солтүстік Қазақстан болып табылады, онда қазақ және басқа тілдерді дамыту мәселелері бүгінгі күнге дейін проблемалы болып қала береді.

Солтүстік Қазақстан – тілдік әртүрліліктің жоғары дәрежесімен сипатталатын және көптілділікке қатысты елдің бірегей аймағы болып табылатын үлкен аумақ, өйткені ол 100-ге жуық ұлт өкілдерінің тұратын жері болып табылады.

Өткен 30 жылдан астам уақыт Қазақстанның тіл өмірінде болып жатқан үдерістерге байсалды көзқараспен қарауға, ең күрделі тіл мәселесі – қазақ тілінің толыққанды қызмет етуіне бағытталған мемлекеттік шаралардың нәтижелері мен тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Еліміздің солтүстік өңірлерінде мемлекеттік тілдің қоғамдық өмірдің түрлі саласына енуіне байланысты қалыптасқан жағдай бүгінгі күнге дейін проблемалық күйінде қалып отыр. Қазақстанның солтүстік, орталық және шығыс аймақтарының қоғамдық-коммуникативтік жүйесінде әлі күнге дейін орыс тілі басым тіл болып табылады. «Қазақ тілінің әлеуметтік маңызы бар қызметтерінің аясын кеңейту баяу жүргізілуде, қазақ тілін білу мен қолдануға әлеуметтік қажеттілікті қалыптастыру оның коммуникативті позицияларына әлі толық сәйкес келмейді» [8, 513 б.].

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің жақында шыққан «2021 жылғы халық санағының қысқаша қорытындылары» ұлттық статистика бюросының жинағында жалпы Қазақстан Республикасы бойынша және елдің облыстары бөлінісінде халық санағын өткізу жылдары бойынша (1999, 2009 және 2021 жж.) халық санының өзгеруі туралы деректер жарияланады, сондай-ақ ана тілі мен халықтың мемлекеттік тілді меңгеруі мен қолдануы туралы деректер көрсетілген.

Мәселен, Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 1 қаңтардағы соңғы халық санағы бойынша еліміздегі 17 194 712 адамның 80 пайызы мемлекеттік тілді меңгерген. Жалпы, жалпы көрсеткіш жаман емес. Бірақ республиканың солтүстік облыстары (Ақмола, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан) бойынша келтірілген мәліметтерді талдау

қазақ тілінің құқықтық мәртебесінде қолданылуына қатысты тілдік ахуалдың проблемалық күйінде қалып отырғанын көрсетеді. Қазақстанның солтүстігінде барлығы 4 миллион 148 мың адам тұрады. Бұл елдегі жалпы халықтың 21,6 пайызын құраса, бүгінде бұл өңірлер тұрғындарының 66,3 пайызы ғана мемлекеттік тілді меңгерген. 66,3%-ға қазақ тілін меңгергендердің саны айтарлықтай жоғары және 88,1%-ды құрайтын Астана қаласының көрсеткіші кіреді. Бұл көрсеткішті алып тастаса, 4 облыста (Астананы қоспағанда) нақты меншік 57,3% құрайды. Ұсынылған сандардан көріп отырғанымыздай, Қазақстанның солтүстік облыстарында тұрғындардың айтарлықтай бөлігі қазақ тілін білмейді. Ал, оны иеленіп, күнделікті өмірде қолданатындардың пайызы одан да төмен – 35 пайыз. Міне, мәселенің бірі осында жатыр: қызметтік, іскерлік, тұрмыстық, отбасылық қарым-қатынаста халықтың айтарлықтай бөлігі қазақ тілін қарым-қатынас құралы ретінде қолданбайды.

Жекелеген өңірлер тұрғысында мемлекеттік тілді меңгеру көрінісі мынадай: Ақмола және Павлодар облыстары – сәйкесінше – 63 және 64 пайыз, Қостанай – 52,5, Солтүстік Қазақстан – 45,6, Астана қаласында – 88,1 пайыз. Қазақ тілін білмейтіндердің пайызы жоғары және бұл аймақтарда 35–54,4 пайыз аралығында ауытқиды, оны төмендегі кестеден көруге болады [9, 31-32 б.].

1-кесте. Өңірлер бойынша мемлекеттік тілде сөйлейтін халық саны. Барлық халық

Облыстар	Барлығы	%	Сөйлейді	%	Оның ішінде күнделікті өмірде қолданады	%	Сөйлемейді	%
Қазақстан Республикасы	17194712	100	13768406	80	8472661	61,5	3426306	19,9
Ақмола	723289	100	459730	63	155525	33,8	263559	36,4
Қостанай	776069	100	407727	52,5	124545	30,5	368342	47,4
Павлодар	698528	100	453789	64	193921	42,7	244739	35
Солтүстік Қазақстан	506703	100	231096	45,6	87659	37,9	275607	54,4
Астана қаласы	1096300	100	965975	88,1	321266	33,2	130325	11,9
Барлығы	3800889	100	2518317	66,3	882916	35	1282572	33,7

Тілдік диспропорциялар көбінесе объективті және субъективті себептерге байланысты. Солтүстік Қазақстан аймақтарының лингвистикалық дамуының қазіргі жағдайы осы аумақтарда болып жатқан лингвистикалық үдерістер туралы әлеуметтік лингвистикалық білімді одан әрі тереңдетуді шұғыл түрде талап етеді. Тіл реформасының ұзаққа созылуы орын алған мәселелерді шешу тек мемлекетке ғана емес, өңірлердің өз белсенділігіне, қолда бар барлық ресурстарды

жұмылдыруға байланысты екенін түсінуге әкеледі. Бүгін біз еліміздің әртүрлі өңірлерінің ұлттық және тілдік ерекшеліктерімен байланысты және өз оқу пәнін тұжырымдауға бағытталған мәліметтер мен білімді жинақтайтын мақсатты өңірлік зерттеулерді ұйымдастыру және дамыту қажеттілігі туралы айтуымыз керек. Өңірлік деңгейлерде ғылыми негізделген, нақтырақ және пәрменді шаралар қажет. Сондықтан қоғамның тілдік дамуының бүгінгі кезеңі тілдерді дамытуға қатысты мемлекеттік қызмет әдістерін қайта қарауға мәжбүр етіп қана қоймай, сонымен қатар бірқатар тілдік мәселелерге жаңа әлеуметтік-лингвистикалық көзқарасты талап етеді.

Тіл білімін дамытудың өңірлік көзқарасы қабылданған тілдерді дамытудың мемлекеттік стратегиясына сәйкес еліміздің белгілі бір лингвистикалық «күрделі» аумақтарындағы лингвистикалық мәселелерді тез арада жоюға бағытталған мемлекеттің ұлттық тіл саясатының құрамдас бөлігі болуы тиіс. Аймақтық тіл саясатын құрудың объективті алғышарттары лингвистикалық, этнолингвистикалық аспектілердегі ел кеңістігінің сандық және сапалық әркелкілігі болып табылады. Мұндай әркелкілік тіл мәселелеріне байланысты кез-келген іс-шараны қолданыстағы тілдік бағдарламаларда жетіспейтін аймақтардың мүдделері мен ерекшеліктерін ескере отырып қабылдауға мәжбүр етеді.

Мемлекеттің тіл саясатының мақсаты – әр түрлі этностар мен этникалық топтар өкілдерінің, бүкіл елде тұратын жекелеген адамдардың тілдік қажеттіліктерін қанағаттандыру. Сондықтан да мемлекеттің де, аймақтардың да тіл саласындағы аймақтық саясатының мақсаты – әрбір нақты аймақта жеткілікті жоғары тілдік дамуды қамтамасыз ету, олардың қажеттілігіне қарай белгілі бір аумақта ұсынылған әртүрлі тілдерді дамыту үшін шамамен қолайлы жағдайлар мен мүмкіндіктер жасау. Бірақ елдің тіл саясатын жүзеге асыру, негізінен заңнамалық және құқықтық базаға, ауқымды ұйымдастырушылық іс-шараларға байланысты, сонымен қатар елдің экономикалық мүмкіндіктеріне сүйенеді. Мемлекеттік органдар тарапынан тілдік бағдарламаларды елеулі қаржылық қолдаусыз аймақтың тілдік мәселелерін шешу қиын. Жергілікті билікті қаржыландырудың бюджеттік көздерінің шектелуі мемлекеттің қолдауды қажет ететін аймақтарға қаржылық көмек көрсетуін талап етеді. Тілдік жағдайы күрделіленген белгілі бір аймақтың тиімді лингвистикалық дамуын қамтамасыз ету үшін аймақтық тіл саясатын жүргізетін мемлекеттік органдар ғана емес, сондай-ақ осындай дамуға мүдделі тұлғалар мен ұйымдардың кең аясы қаржылық қолдауды қажет етеді.

Іске асырылып жатқан тілдік бағдарламалардың қаржылық қамтамасыз етілуі аймақтық жоспарлаудың жетекші аспектілерінің бірі болып табылады.

Осылайша, өз шешімін таппай келе жатқан көптеген тілдік мәселелер негізінен белгілі бір аймақтық факторлар мен жағдайлардың

ықпалымен тығыз байланысты, оларды тиісті ғылыми көзқараспен аймақтық деңгейде ауыртпалықсыз шешуге болады.

Қазіргі кезеңде адамдардың ана, мемлекеттік және басқа тілдерді меңгерудегі табиғи тілдік мүдделерін қанағаттандыруға әлеуметтік қажеттілігі артып келе жатқан кезде, бұл мәселелерді шешу негізінен орталықтан олардың шешілуін күтпей, аймақтарға бағытталуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Әбішева Қ.М. Әлеуметтік-лингвистикалық контактология. – Алматы: 2001. – 427 б.
2. Швейцер А.Д. Қазіргі әлеуметтік лингвистика: теориясы, мәселелері, әдістері. – М.: Наука, 1976. – 176 б.
3. Никольский Л.Б. Синхронды әлеуметтік лингвистика (теория және мәселелер). – М.: ҒА КСРО, Шығыстану институты. – 1976. – 168 б.
4. Орусбаев А.О. Қырғызстанның тілдік өмірі (Тілдердің функционалды таралуы). – Фрунзе: Ілім, 1990. – 296 б.
5. Мечковская Н.Б. Әлеуметтік лингвистика. – М.: Аспект-Пресс, 1996. – 205 б.
6. Хасанов Б.Х. Ұлттық тілдер, көптілділік, көптілділік: ізденістері мен болашағы. – Алма-Ата: Қазақстан, 1989. – 136 б.
7. Сүлейменова Э.Д. жаңа тіл саясаты жағдайында орыс және қазақ тілдерінің жұмыс істеуі // әлемдік мәдениеттегі орыс сөзі. Орыс тілі мен әдебиеті оқытушыларының халықаралық қауымдастығының X конгресінің материалдары. Санкт-Петербург, 30 маусым-5 шілде 2003 ж. пленарлық отырыстар: баяндамалар жинағы. 2 Т. Т. 2. / Е.Е. Юркова, Н.О. Рогожина редакциясымен. – Санкт-Петербург: Политехника, 2003. – Б. 513.
8. Чеснов Я.В. Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі этникалық процестер. – М.: Ғылым. Шығыс әдебиетінің бас басылымы, 1974. – 320 б.
9. қысқаша қорытындылар / Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы ұлттық санақ департаменті. – Нұрсұлтан, 2022. – 63 б. (<https://www.stat.gov.kz/>).

Д. ИСАБЕКОВТІҢ «ӘПКЕ» ДРАМАСЫ МЕН Р. ГҮНТЕКИННІҢ «ҮЗІЛГЕН ЖАПЫРАҚТАР» ШЫҒАРМАСЫНЫҢ АЙЫРМАШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

Н. Ерік, Б.Ш. Құралқанова

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.*


Аннотация. Бұл мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қызығушылығын дамыту шарттары қарастырылады. Жұмыстағы бағыттар мен іске асыру тәсілдері ашылады. Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық құзыреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктері айтылады. «Таным», «белсенділік» және т.б. ұғымдарға түсінік беріледі, көптеген ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалады.

Кілтті сөздер: белсенділік, танымдық белсенділік, танымдық белсенділікті дамыту.

Аннотация. В данной статье рассматриваются условия развития познавательного интереса дошкольников. Раскрываются направления и способы реализации в работе. В статье рассказывается о возможностях формирования познавательной компетентности дошкольников. Дается понимание понятий «познание», «активность» и др., проводится анализ работ многих ученых.

Ключевые слова: активность, познавательная активность, развитие познавательной активности.

Annotation. This article discusses the conditions for the development of cognitive interest in preschool children. The directions and ways of implementation in the work are revealed. The article discusses the possibilities of forming cognitive competence of preschool children. The concepts of «cognition», «activity», etc. are interpreted, and the works of many scientists are analyzed.

Keywords: activity, cognitive activity, development of cognitive activity.

Қазіргі қоғам білім беру мекемелерінің алдына қойған басым міндеттердің бірі – өскелең ұрпақтың білім беру қызметін дамыту. Бұл мәселені тек танымдық процестің дамуына және өзін-өзі жүзеге асыруға ұмтылуға ерекше назар аудару арқылы шешуге болады.

Таным – адамның санасындағы ақиқаттылық және нағыздықтың оны одан өрі өзгерту мүмкіндігін мақсат ететін, мақсатты бағытталған белсенді бейнелену үдеріс. Іс-әрекет – бұл қоршаған әлемді, оның ішінде өзін және оның өмір сүру шарттарын тануға және шығармашылық түрде өзгертуге бағытталған белсенді адамның нақты түрі». Іс-әрекет – бұл қоршаған шындық пен оның адамға әсері арасындағы белсенді қатынас.

А. Леонтьев, Б. Теплов, С. Рубинштейннің зерттеулері психикалық процестердің іс-әрекетке дамитынын, психикалық, ерікті және эмоционалдық қасиеттердің қалыптасатынын, тұлғаның қабілеттері мен мінездерінің жетілдірілетінін көрсетті.

Танымдық іс-әрекет – бұл адамның қоршаған шындықты белсенді түрде зерттеуі, оның барысында жеке тұлға білім алады, қоршаған әлемнің болмысының заңдылықтарын біледі және онымен өзара

әрекеттесуді ғана емес, сонымен қатар оған мақсатты түрде әсер етуді де үйренеді.

А.Г. Литвак, А.Р. Лурия, В.И. Селиверстов, М.С. Певзнер және басқалар танымдық іс-әрекет мектеп жасына дейінгі балалардың білімге деген табиғи ұмтылысы ретінде қарастырады, бұл білімге деген ұмтылыс адамға тән деп санайды және бұл ұмтылыс балада өмірінің алғашқы күндерінен бастап көрінеді.

Танымдық іс-әрекет баланың танымдық белсенділігімен, оның осы әрекеттің субъектісі ретіндегі белсенді түрлендіруші позициясымен сипатталады, ол мыналардан тұрады:

– танымдық тапсырмаларды көру және өз бетінше қою мүмкіндігінде;

– іс-қимыл жоспарын белгілеу;

– мәселені шешу жолдарын таңдау;

– нәтижеге жету және оны талдау.

Т.И. Шамованың айтуынша, танымдық іс-әрекет мектеп жасына дейінгі баланың зияткерлік және физикалық күштерінің қарапайым шиеленісіне байланысты емес.

Бұл жеке тұлғаның іс-әрекетінің сапасы ретінде қарастырылады, ол баланың іс-әрекеттің мазмұны мен процесіне деген көзқарасынан, оның оңтайлы уақыт ішінде білім мен іс-әрекет тәсілдерін тиімді игеруге деген ұмтылысынан, оқу-танымдық мақсаттарға жету үшін адамгершілік-ерік күштерін жұмылдырудан (мобилизация) көрінеді.

Танымдық іс-әрекет мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың жаңа білім, қабілеттер мен дағдыларды меңгеруге белгілі бір қызығушылығын, ішкі мақсаттылығын және білім мен ой-өрістерін жинақтау, кеңейту үшін әртүрлі әрекет әдістерін қолданудың тұрақты қажеттілігін көрсетеді.

Я.А. Коменский, И.Г. Песталоцци, И.П. Подласий танымдық іс-әрекетін дамуы күрделі процесті, қарапайымнан күрделіге, жетілмегеннен кемелге қарай қозғалысты білдіретінін атап өтті. Танымдық іс-әрекеті дамыту – адамның қоғаммен ойдағыдай араласуына мүмкіндік беретін, ой-өрісін кеңейтіп, дамытатын әдіс. Танымдық іс-әрекетті белсендіру, В. Оконның пікірінше, егер бала проблемалық жағдайларға батырылса, табысты болады. Танымдық ойындарды сабақта қолданғанда жоғары нәтижеге қол жеткізуге болады.

Мектепке дейінгі жастағы танымдық іс-әрекеттің мотиві іс-әрекеттің, ең алдымен ойынның қажеттіліктеріне байланысты. Ойын мектеп жасына дейінгі балалардағы танымдық белсенділікті көрсетеді. Н.И. Новиков пен А.С. Макаренконың пікірінше, танымдық іс-әрекетті ынталандыру үшін болжау, қызықты сұрақ қою, жаңа материалды енгізу, сұрақтарға итермелейтін иллюстрацияларды қарастыру және т.б. әдіс-тәсілдерді қолдану қажет. Олар баланың өмірі мен шығармашы-

лығына қызығушылықпен ену керек, тәрбие жұмысының мазмұны балалардың қызығушылығымен анықталады деп есептеді.

Танымдық іс-әрекеттің негізгі принципі – білімді игеру үдерісіндегі хабардарлық пен белсенділік. Баланың танымдық іс -әрекетінің негізгі міндеті – қиындықтарды белсенді түрде жеңуге, ойлануға, әр түрлі мәселелерді шешуге қажеттілік пен қабілеттілікті дұрыс қалыптастыру.

Мектепке дейінгі жаста балалардың айтарлықтай даму резервтері бар, бұл В.С. Мухинаның пікірінше, баланың жан-жақты дамуы оған оқу процесіне сәтті кіруге және сыртқы әлеммен қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

П.П. Блонский, А.А. Смирнов бұл кезеңдегі есте сақтаудың еріксіз сипатта болатынын, баланың өзіне қызықты және әсер қалдырған нәрсені есте сақтау қабілеті бар екенін атап өтті [3].

Мектепке дейінгі ересек жаста практикалық іс-әрекеттерде үлкен тәжірибе жинақталады, қабылдау, есте сақтау, ойлау деңгейі жеткілікті, баланың өзіне деген сенімділік сезімі артады. Бұл неғұрлым күрделі мақсаттар қоюда көрінеді.

Л.В. Занков былай деп жазды: «...ойлау үдерістері шындықтың сезімдік танымына тікелей сүйенеді және тек сезімдік тәжірибенің деректерін бастапқы талдау мен синтездеуді ғана білдіреді» [5].

6–7 жастағы балада танымдық іс-әрекет күрделі құбылыспен сипатталады, ол қоршаған әлемде шарлауға, сонымен қатар өз қызметін реттеуге мүмкіндік беретін барлық танымдық процестерді (ойлау, қабылдау, қиял, есте сақтау) дамытуды қамтиды.

Баланың танымдық іс-әрекетін жүзеге асырған кезде баланың қоршаған әлеммен танысуына және оның интеллектісін дамытуға ықпал ететін ынталандырғыштардың болуы маңызды. Көрнекі іс-әрекеттің әр түрлі түрлері мен дизайнның арқасында бала объектінің қасиетін өзінен ажыратады. Нысанның қасиеттері немесе белгілері бала үшін ерекше назарға айналады. Бір сөзбен айтқанда, олар танымдық іс-әрекет санатына айналады. Осылайша, мектеп жасына дейінгі баланың іс-әрекетінде өлшем, пішін, түс, кеңістіктік қатынастар категориялары пайда болады. Бала әлемді категориялық түрде көре бастайды, қабылдау процесі интеллектуалдандырылады

Л.И. Божович, А.В. Запорожец мектеп жасына дейінгі баланың танымдық іс-әрекетке қатынасы өзіндік ерекшелігімен сипатталатынын, зияткерлік мәселені шешу арнайы танымдық іс-әрекет аясында жүрмейтінін, бірақ бұл іс-әрекетті практикалық және ойын мотивтерімен ынталандыратынын атап өтті [6].

Баланың ерекше танымдық міндеттері бар және ата-аналар мен тәрбиешілердің міндеті баланың танымдық іс-әрекетті жүргізуге тырысуына мұқият қарау. Баланың танымдық іс-әрекетін дамытудың негізгі жолдарының бірі-оның тәжірибесін кеңейту және байыту,

қызығушылықтарын дамыту. Осыған байланысты экскурсиялар, сапарлар, балалар экспериментінің әртүрлі түрлері өте тиімді.

А.И. Сорокина қызығушылықты «... жалпы бағдар, құбылыстардың кең ауқымына оң көзқарас» – деп анықтайды. Қызығушылық баланың тікелей қабылдаған нәрседен тыс еруге бейімділігімен сипатталады.

Танымдық іс-әрекетін жоғары деңгейін қамтамасыз ететін негізгі шарт – ақпаратпен толтырылған орта, оның ішінде ондағы физикалық іс-әрекетін мүмкіндігі.

Мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың танымдық іс-әрекет үшін мыналар тән: интеллектуалды мәселелерге жетуге және шешуге ұмтылыс; ұсынылған әрекет ету тәсілін зерделеуге орнату; жағымды эмоционалдық тәжірибе, олардың қызметіне қызығушылық.

Мектепке дейінгі ересек жастағы бала бағдарланудың арнайы тәсілдерін (эксперимент және модельдеу) дамыта отырып, танымға бағытталған өз қызметін дербес басқарады және жүргізеді. Танымдық іс-әрекеттерді жүргізе отырып, бала тәжірибе жасайды, заттар мен құбылыстарды іс жүзінде өзгертеді, шығармашылық сипатта болады, жаңа қасиеттерді, байланыстар мен тәуелділіктерді ашады. Бала осы жас кезеңінде әр кезеңнен кейін не болып жатқанын талдап, келесі қадамды жүзеге асыру үшін қажетті қорытынды жасай отырып, белгілі бір жағдайда кезең-кезеңімен әрекет ету қабілетіне ие болады [4].

Бүгінгі таңда танымдық іс-әрекет білім беру процесінің жетекші қағидаларының бірі болып табылады. Мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік стандартында мектепке дейінгі білім берудің негізгі принциптерінің бірі баланың танымдық қызығушылықтары мен танымдық іс-әрекеттерін әр түрлі іс-әрекетте қалыптастыру болып табылады.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі стандартында балалардың танымдық іс-әрекетінің негізгі міндеттерін анықтайды [1]: қызығушылықты, танымдық мотивацияны дамыту; танымдық әрекеттерді қалыптастыру; сананың қалыптасуы мен дамуы; шығармашылық пен қиялды дамыту; өзі және айналасындағы адамдар, заттар туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру, Отан, әлеуметтік құндылықтар, дәстүрлер туралы алғашқы идеяларды қалыптастыру.

Білім беру стандартының міндеттері оқу процесінің мектепке дейінгі балалардың танымдық іс-әрекетін дамытуға бағыттылығын анықтады және мектепке дейінгі мекемелердің күш-жігерін оларды іске асыруға бағытталды [2].

Сонымен, жүргізілген талдау негізінде танымдық әрекетті білім мен дағдыны меңгеруге бағытталған белсенді әрекет деп айта аламыз. Танымдық іс-әрекеттерді жүзеге асыра отырып, бала жастайынан өз бетімен ойлайтын, өзіне жүктелген міндеттерді шеше алатын, жаңа идеялар ұсынып, оны өмірде тиімді жүзеге асыра алатын тұлға болып қалыптасуына негіз қалайды.

Танымдық іс-әрекеттің арқасында бала ойын барысында алынған білім мен дағдыларды, арнайы оқыту процесінде игеруге болатын білім мен дағдыларды алады.

Танымдық іс-әрекет барысында мектепке дейінгі ересек жастағы балалар ұсынылған жағдайларда психикалық түрде белгілі бір позицияны алады және мәселені шешудің әр түрлі нұсқалары мен әрекеттерін ойша қайталайды. Бұл жастағы танымдық іс-әрекеттің дамуының нәтижесі – балаларды мектепке даярлау, оқу іс-әрекетіне адекватты қатынас.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы заң» 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_.

3. Блонский П.П. Таңдамалы педагогикалық шығармалар. – М.: Изд.АПН., 2007. – 615 б.

4. Герд А.Я. Таңдаулы педагогикалық еңбектері. – М.: Педагогика ғылымдары Академиясы, 2007. – 206 б.

5. Занков Л.В. Таңдаулы педагогикалық еңбектері. – М.: Альянс, 2010. – 215 б.

6. Запорожец А.В. Қазіргі заманғы балалар туралы ғылым. А.В. Запорожецтің 90 жылдығына арналған конференцияның тезистері (13–15 желтоқсан 1995). – М.: «Мектепке дейінгі балалық шақ» орталығы, 2005. – 172 б.

УЧИТЕЛЬ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ – ПЕРВОИСТОЧНИК ОБРАЗОВАНИЯ

А.Б. Алыпкашева

школа-лицей им. Аманжола Шамкенова, г. Павлодар

Аннотация. Бұл мақалада бастауыш сыныптар ұстазының қоғамдағы рөлінің маңыздылығы туралы айтылады. Сонымен қатар, оқушыларға сапалы білім беру үшін ұстазға тән кәсіби қабілеттер жайлы айтылады.

Кілтті сөздер: білім беру, бастауыш, сапалы, негіз.

Аннотация. В этой статье рассказывается о важности роли учителя начальных классов в обществе. Также, говорится о профессиональных качествах, которыми должен обладать учитель начальных классов для качественного преподавания учащимися.

Ключевые слова: образование, начальный, качественный, основа.

Annotation. This article talks about the importance of the role of a primary school teacher in society. It also talks about the professional qualities that a primary school teacher must have in order to provide quality teaching to students.

Keywords: education, primary, qualitative, the basis.

В будущем наша страна будет стремиться войти в число ведущих развитых стран мира. Для достижения этой грандиозной цели необходимо обучать каждого гражданина профессиональной квалификации со школьной скамьи. «Если хочешь быть страной, начни с колыбели», – говорит наш мудрый народ.

Основа образования и обучения в школе начинается с начальных классов. Учитель начальных классов – это не только учитель-предметник, но и садовник, возвращающий в детях человеческие качества, словно цветы, проводник в яркое и безоблачное будущее ребенка, первооткрыватель и исследователь способностей ребёнка [1, с. 250].

Если основа всего образования закладывается в начальной школе, то очень важно создать все необходимые условия для эффективного обучения ребёнка в этот период. Начальная школа является основным этапом обучения и воспитания ребёнка, создания условий для самораскрытия как личности, формирования общего развития.

Для достижения качественных результатов в образовательном процессе учащегося, в школе и во всём педагогическом процессе необходимо построить ответственный и результативный образовательный процесс в начальных классах в соответствии с современными требованиями преподавания.

Любые положительные и благоприятные начинания в школе закладываются в начальной школе. Вот почему к учителям начальных классов предъявляются высокие требования: наличие развитого самосознания и несение личной ответственности.

Современный учитель должен уметь быть не только «готовым» источником знаний для ученика, но и организатором и координатором познавательной деятельности младших школьников. Для этого преподавателю необходимо быть специалистом, способным самостоятельно совершенствовать свои знания, обладающим развитым творческим и критическим мышлением, привыкшим находить новые пути решения обычных профессиональных задач.

Теория и образование в области воспитания, обучения и развития учащихся начальных классов пересекаются в вопросе получения знаний учащимися. Познавательная деятельность – это очень активная мыслительная деятельность учащегося по направлению к познанию.

Если грамотно использовать в образовании инновационные методы обучения, способствующие формированию познавательной активности и интереса современных детей, это придаст образованию мощнейшие импульсы: уровень учащегося значительно повышается в результате обучения; возрастает неподдельный интерес к предмету; повышается качество образования учащихся; повышается способность мыслить логически и творчески.

Учитель – это наставник, советник, педагог, который передает своё бесценное искусство, драгоценный опыт и важнейшие знания молодому

поколению. Учитель является, в первую очередь, государственным служащим. Государство готовит и воспитывает учителей и поручает им в руки будущее государства – подрастающее поколение. Учитель всегда стремится обозначить нужды общества, думает о будущем и служит верно государству.

Учитель – источник развитой культуры, скульптор, формирующий талантливую молодежь. Современный учитель, особенно, учитель начальных классов, должен быть учителем-универсалом, обладающим весьма обширными пластами знаний. Учитель должен сохранять своё достоинство, самоуважение на высоком уровне. Ученик начальной школы доверчив. Долг учителя – оправдать веру ребенка [2, с. 186].

Работа учителя интересна, ответственна и отличается особой потребностью трудолюбия. Обучение требует большого сердца, теплой доброты по отношению к детям. Учитель – это человек, реализующий политику государства. Учитель начальных классов должен уметь находить общий язык с детьми, уметь организовывать работу с ними, уметь предъявлять к себе строгие требования, понимать своих коллег, уметь сотрудничать с родителями.

Преподавание очень сложный и кропотливый процесс. Потому что учитель не воспитывает одного-двух детей. Он готовит к жизни, формирует как личность, наполняет знаниями детей всех уровней, у которых присутствует огромное число способностей, склонностей, талантов, интересов.

Особенность работы педагога характеризуется его постоянным общением с ребёнком и морально-духовным взаимодействием с ним. Учительский этикет – это не просто вежливое выражение, это творческая мыслительная деятельность, сочетание культурного и сознательного поведения, знаний и практичности.

На каждом этапе взаимоотношений педагога с ребёнком проявляются чуткость, внимательность, серьёзность, настойчивость, внимательность, спокойствие. Умение предъявлять требования, формировать в детях доверие к достойным людям, развивать энтузиазм и готовность проявить справедливость и честность в случае спорных ситуаций, умение находить ответы в пути к сердцу ребёнка, умение понимать мысли и эмоции детей относятся к признакам высочайшего профессионализма педагога.

В основе этики учителя лежит искренняя заинтересованность в саморазвитии учащихся и верность их человеческому достоинству. Учительский этикет часто определяют как соответствующие меры, которые следует принимать по отношению к учащимся на протяжении всего образовательного процесса для установления наилучшего контакта между учителем и учащимися.

Преподавание – это творческая и одновременно интеллектуальная деятельность. Педагог, обладающий особой деловой этикой, может не

только владеть различными методами созидательного воздействия, но и взвешивать их на весах разума и правильно, уместно использовать при необходимости. Учительская этика может проявляться по-разному у каждого учителя. Это зависит от его возраста, темперамента, поведения и других особенностей. Учительский этикет – уникальная характеристика каждого учителя [3, с. 67].

Особенности профессионального образования учителя начальных классов обширны. Учитель начальных классов – особенный человек. Потому что, он эксперт, проводник между миром детей и взрослых. Труд учителя начальных классов нельзя сравнивать с другой деятельностью, потому что продуктом труда педагога является человек.

Семья и общество доверяют учителю самое дорогое – будущее гражданина государства, его судьбу. Наше будущее будет таким, какой будет сегодняшняя работа учителя. Те, кто будет работать и жить в будущем, – это сегодняшние школьники, Казахстан будет на том уровне, на котором учащихся воспитывает учитель. Поэтому задача, возложенная на учителя, тяжела. Современные учителя обязаны не только быть знатоками своего предмета, но и обладать историко-познавательной, педагогически-психологической, политико-экономической, информационной грамотностью.

Способный педагог должен быть учителем, увлеченным инновациями в современном образовании, творчески работающим, занимающимся обучением и воспитанием детей, мастерски владеющим новыми технологиями преподавания.

Учитель всегда непрерывно самообразовывается в соответствии с запросами общества, умеет быстро устанавливать взаимоотношения с людьми, особенно с учащимися, обладает прекрасными организаторскими способностями, идеально знает свой предмет и является рупором передающим основы предмета в сознание учащихся, обладает талантом и опытом, которые использует на благо детей, активно участвует в общественной и политической жизни общества, искренне любит свою страну и землю, должен быть примером достойного гражданина для учащихся.

Первоосновой образования и воспитания является учитель. В настоящее время существует особо повышенная потребность в профессиональных педагогах топ – уровня, хорошо владеющих новыми педагогическими методами творческого и интеллектуального исследования образовательного процесса.

Быть учителем – это героизм сердца. Он изо всех сил старается помочь каждому из своих учеников стать «человеком», уникальной личностью.

Быть хорошим учеником зависит не только от слов учителя, но и от его личного примера. Учитель – это, прежде всего, воспитатель. Это спутник обучения и образования [4, с. 245].

Основное требование и пожелание к учителю стандартно. Это наличие неисчерпаемых знаний, наличие безграничной веры и здравого смысла. Когда учитель передаёт учащимся свои знания и учит их языку, познанию мира, он одновременно воспитывает у них развитие логического мышления.

Я хочу сравнить работу учителя с особенностями времён года в природе. Учитель, как жизнь весной, питает и укрепляет учащихся, на пути к получению образования.

Современные учителя должны стойкими, мужественными и храбрыми перед многочисленными преградами и барьерами жизни. Особенно необходимо быть разносторонне развитым, владеть новыми технологиями, уметь продолжать свою деятельность через Интернет, работать онлайн и постоянно обновлять свои знания, в соответствии с трендами нынешнего времени.

Что касается сути вышесказанных идей и мыслей, то учитель должен нести функции «учителя», «книжки», «родителя» и «компьютера» одновременно, быть незаменимым человеком в судьбе учащихся.

Список использованных источников

1. Баранников А.В. Содержание общего образования: Компетентностный подход. – М.: ГУВШЭ, 2002. – 357 с.
2. Белобрыкина О.А. Речь и общение: Популярное пособие для родителей и педагогов. – Ярославль: «Академия развития», «Академия К», 1998. – 240 с.
3. Русская речевая культура: Учебный словарь-справочник / Под ред. д. филол. н., проф. В.Д. Черняк. – СПб.: «САГА», «Азбука-классика», 2006. – 224 с.
4. Хрестоматия по истории советской школы и педагогики / Под ред. А.Н. Алексеева и др. – М.: Просвещение, 1972. – 407 с.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ: ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕН РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫНЫҢ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ЖИНАҚТАЛҒАН ТӘЖІРИБЕ

А.Б. Оразбай

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
Педагогика жоғары мектебінің оқытушы-модераторы*

Аннотация. Осы мақалада Мифтахитдин Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінде жинақталған нақты тәжірибесі беріледі. Ол Еуразиялық кеңістіктегі халықаралық ынтымақтастықта, атап айтқанда, Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының жоғары білім беру саласындағы ынтымақтастықта байқалады.

Кілтті сөздер: интеграциялық процесс, білім, ғылым, білім беру кеңістігі, келісім.

Аннотация. В данной статье дается реальный опыт, накопленный в Башкирском государственном педагогическом университете имени Мифтахитдина Акмуллы.

Он наблюдается в международном сотрудничестве на евразийском пространстве, в частности, в сфере высшего образования Республики Казахстан и Российской Федерации.

Ключевые слова: интеграционный процесс, образование, наука, образовательное пространство, согласие.

Annotation. This article presents the real experience gained at the Bashkir State Pedagogical University named after Miftakhitdin Akmulla. It is observed in international cooperation in the Eurasian space, in particular, in the field of higher education of the Republic of Kazakhstan and the Russian Federation.

Keywords: Integration process, education, science, educational space, agreement.

Жоғары мектептің білім беру кеңістігінде қалыптасатын жаңа білім беру жағдайының мәнін ұлттық білім беру стандарттарының халықаралық интеграциясы ретінде атап көрсетуге болады. Бұл мән Еуразиялық білім берудің көп деңгейлі моделі үшін (бакалавриат, магистратура, аспирантура, қосымша кәсіптік білім беру) жоғары білікті педагог қызметкерлерді сапалы даярлауға; бірлескен білім беру және ғылыми-зерттеу бағдарламалары мен жобаларын іске асыруға ықпал етеді.

Білім ғылыми-техникалық прогресс, жаңа технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында стратегиялық мәнге ие болады. Кез-келген мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін халықтың білім деңгейі, оның қазіргі заманғы халықаралық стандарттарға сәйкестігі анықтайды. Білім беру экономикалық прогресті, қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылықты, өмір сапасының жоғары стандарттарын қамтамасыз ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады: ол мемлекеттің жаһандық еңбек нарығындағы және жалпы халықаралық аренадағы орнын айқындайды.

XX–XXI ғғ. шегі Қазақстан үшін де, Ресей үшін де, бүкіл қоғамның күрделі өзгеруімен, саяси, экономикалық, әлеуметтік салаларды реформалаумен тұспа-тұс келді, бұл білім беру жүйесін қайта құруға да әсер етті. Қазақстан мен Ресейдің білім беру саласындағы екіжақты ынтымақтастығы бір жағынан бұрынғы кеңестік республикалардың білім беру жүйесінде қалыптасқан бәсекелестік артықшылықтарды сақтауға және көбейтуге, ал екінші жағынан бұл саланы жаңғыртуға, Достастық елдерінің бәсекеге қабілеттілігін әлемдік аренада арттыруға мүмкіндік берді. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы саммиттерінің күн тәртібінде білім берудегі ынтымақтастықты дамыту мен жетілдіруге қатысты мәселелер жиі талқыланады. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «адам капиталын күшейтудің қажеттілігі біздің елдерімізді біріктіреді», – деп атап өтті[2].

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы ынтымақтастықты дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеу қажеттілігі Қазақстан мен Ресейдің әлемдік білім беру кеңістігіне кіруіне байланысты. Бұл жоғары білім берудің кеңестік жүйесінің бай тәжірибесі мен жетістіктерін, сондай-ақ оның дамуының жалпы әлемдік үрдістерін ескеретін ұлттық білім беру жүйесінің жаңа моделіне

көшумен байланысты. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының басшылары бұл жөнінде бірнеше рет айтқан [1].

Ресей Достастық елдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың кепілі ретінде ТМД шеңберінде бірыңғай білім беру кеңістігін құруға бағытталған білім беру саласындағы өңірлік ынтымақтастық жобаларының бастамашысы және белсенді қатысушысы болды [4, 598 б.].

Бүгінгі таңда посткеңестік аумағында ең перспективалы жобалар ТМД Желілік университеті мен ШЫҰ Университеті болып табылады. Бұл жағдайда әңгіме еуразиялық кеңістіктің интеграциясы туралы болып отыр, ол айтарлықтай мәдени-өркениеттік әртүрлілігімен, сондай-ақ осы аймақ елдерінің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейлерінде елеулі болып отыр [6].

Желілік университет пен ШЫҰ университетінің жобалары студенттік және оқытушылық ортадағы мәдениетаралық диалогқа, әр түрлі халықтардың мәдениеттерін, тілдерін, тарихи және ұлттық дәстүрлерін өзара байытуға нақты ықпал етеді.

Атап айтқанда, Мифтахитдин Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университетінің базасында 2014 жылдың 21–22 мамырында «ШЫҰ мүше-мемлекеттердің «Шекарасыз білім беру» атты білім апталығы ұйымдастырылып, өткізілді. Білім апталығы аясында Еуразия кеңістігіндегі жоғары білім беру жүйесінде педагогикалық кадрларды даярлау процесін жаңғырту мәселелері талқыланды, онда Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы университеттерінің «Педагогика» бағыты шеңберінде бірлескен білім беру бағдарламалары мен желілік ғылыми-зерттеу жобаларын әзірлеу және іске асыруда бірлескен қызметтің негізгі қағидаттары, тәсілдері мен технологиялары бойынша ұсыныстар жасалды.

Акмулла атындағы Башқұрт мемлекеттік педагогикалық университеті Ресей Федерациясындағы А.С. Пушкин атындағы мемлекеттік орыс тілі Институтының бастамасымен «Студенттік бірлестіктерді дамыту Бағдарламасын» жүзеге асыру аясында Ресей білім және ғылым министрлігінің желісі бойынша «әлемдегі орыс тілі елшілері» халықаралық волонтерлік бағдарламасының тірек жоғары оқу орны болып табылады. Еріктілер елшілері ұлттық мектептердің балаларымен орыс тілімен айналысатын болады, сондай-ақ олар орыс тілін үйренуге, оқуға, Ресейдің мәдениеті мен тарихы туралы білімді тереңдетуге ынталандыратын болады. «Әлемдегі орыс тілінің елшілері» бағдарламасының волонтерлері ойын құралдары мен интерактивті формалардың технологиясын пайдалана отырып, шетелдік оқушыларды орыс тілімен, мәдениетімен және әдебиетпен таныстырады, сондай-ақ орыс әдебиетін насихаттайтын және сауаттылықты арттыратын болады.

М. Акмулла атындағы БМПУ-да 2018 жылдың желтоқсан айында ұлы ағартушының 185 жылдығына арналған Акмулла оқуларының халықаралық күндері ұйымдастырылып, өткізілді. Башқортостан Рес-

публикасындағы Мифтахитдин Акмулланың орталық іс-шараларының бірі «Мәдениет пен білім берудегі ағартушылардың гуманистік мұрасы» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті.

М. Акмулла атындағы БМПУ басқа елдердің жоғары оқу орындарымен бірлескен жобалар арқылы халықаралық интеграцияның шекарасын дәйекті және кезең-кезеңімен кеңейтеді. Кембридж университетінің Макдональд археологиялық зерттеу институтымен бірлескен жұмыс туралы кезекті келісімге қол қойылды. Бұл келісім Башқортостан мен Ұлыбритания ғалымдарының ынтымақтастығын кеңейтіп, әлемдік тарихтың жалпы тұжырымдамасын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі әлемде білім беруді дамытудағы маңызды басым бағыттардың бірі білім беруді, ғылым мен өндірісті интеграциялау болып табылатынын ескере отырып, Қазақстан да, Ресей де экономиканың нақты секторында ғылыми жетістіктер тетіктерін пайдалану қажеттігін түсіне отырып, дамудың инновациялық жолына кезең-кезеңімен көтерілді. Тараптар жоғары оқу орындарының бірлескен қызметінің әртүрлі нысандарын, іргелі және қолданбалы зерттеулер саласындағы ынтымақтастық туралы инновациялық шартты дамыта отырып, бірлескен ғылыми-зерттеу жобалары мен бағдарламаларын әзірлеп, іске асыра отырып, лекциялар оқу, студенттер практикасына басшылық жасау, дипломдық жұмыстарға басшылық жасау үшін әртүрлі ғылыми-зерттеу институттарының жетекші ғалымдарын тарта отырып, өзара іс-қимыл жасайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Влияние стратегического партнерства вузов на повышение эффективности экономического сотрудничества России и Республики Казахстан // Под редакцией Н.В. Фадейкиной. – Новосибирск: САФБД, 2007.

2. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на XI Съезде Евразийской Ассоциации университетов. Астана, 10 марта 2009 г. URL: <http://www.nanonewsnet.ru/blog/nikst/nursultan-nazarbaev-evraziiskomu-soyuzu-byt>

3. Концепция формирования единого образовательного пространства СНГ. URL: http://www.lawrussia.ru/texts/legal_524/doc524a264x886.htm

4. Модели региональной интеграции: прошлое и настоящее / Под ред. А. Маныкина. – М., 2010.

5. Программа казахстанско-российского сотрудничества в области науки и техники. Одобрена протоколом 5-го заседания Казахстанско-Российской Межправительственной комиссией по сотрудничеству от 15 февраля 2001 года // Официальный сайт МИД РК www.mfa.kz

6. Савичев Ю.Н. Россия и Казахстан: сотрудничество в сфере высшего образования // Современная наука. – 2021. – № 2. – С. 26-29.

7. Сетевой университет СНГ (СУ СНГ). URL: http://www.ido.rudn.ru/su_sng/

8. Соглашение между правительствами государств-членов Шанхайской организации сотрудничества в области образования. 15 июня 2006 г. URL: http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=14005

9. Университет ШОС – «Образование без границ». URL: http://www.russian.china.org.cn/exclusive/txt/2013-09/10/content_29985158.htm

ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ПРОБЛЕМАЛЫҚ ОҚЫТУ ӘДІСІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.К. Абдрахманова

*«Құқық және халықаралық қатынастар» кафедрасының аға оқытушысы,
ҚАЕУ, Өскемен, Қазақстан.*

Аннотация. Мақалада педагогикалық технология контекстінде проблемалық әдісті қолданудың ерекшеліктері мен тиімділігі қарастырылады, педагогикалық тәжірибенің рөлі мен білім беру стратегияларын таңдауға назар аударылады. Авторлар студенттердің проблемалық жағдайларды шешуге белсенді қатысуына және өзін-өзі оқыту дағдыларын дамытуға ықпал ететін органы кұрудың маңыздылығын атап көрсетеді.

Кілтті сөздер: оқу белсенділігі, кәсіптік білім беру, дербес оқыту, ерекшеліктері, білім беру максаттары

Аннотация. В статье рассматриваются особенности и эффективность применения проблемного метода в контексте педагогической технологии, уделяется внимание роли педагогического опыта и выбору образовательных стратегий. Авторы подчеркивают значение создания среды, которая способствует активной вовлеченности студентов в решение проблемных ситуаций и развитию навыков самостоятельного обучения.

Ключевые слова: учебная активность, профессиональное образование, самостоятельное обучение, особенности, образовательные цели.

Annotation. The article examines the features and effectiveness of the problem method in the context of pedagogical technology, pays attention to the role of pedagogical experience and the choice of educational strategies. The authors emphasize the importance of creating an environment that promotes the active involvement of students in solving problem situations and the development of independent learning skills.

Keywords: educational activity, professional education, independent learning, features, educational goals.

Еліміздің егемендік алып, қоғамдық өмірдің барлық, соның ішінде білім беру саласында жүріп жатқан демократияландыру мен ізгілендіру дағдарыстан шығаратын қуатты талпыныстарға жол ашты. Қазіргі кезде біздің Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, білім беру кеңістігіне жаһандық бағытта білім бере отыра, ғылыми бағытта енуге жағдай жасалынды. Бұл педагогика ғылымындағы кез келген пәнді оқытудың теориясы мен оқу – тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Оған білім беру парадигмасының өзгеруін, білім берудің мазмұнының жаңарып, жаңа көзқарас, басқаша қарым-қатынас, өзгеше жаңашыл бағыттар арқылы қарастыру пайда болды. Білім беру мазмұны жаңа үрдістік біліктермен, ақпараттарды қабылдау қабілетінің дамуымен ғылымдағы шығармашылық және нарық жағдайындағы білім беру бағдарламасының нақтылануымен де айқындала түсуде.

Қарапайым тілмен айтсақ, кез келген пәнге арналған ақпарат көздерін дәстүрлі әдістері яғни ауызша және жазбаша, телефон және радио байланыс арқылы алатын, ал өркениеттің ХХІ ғасыр постиндустриалды кезеңде ақпаратты алу жолдары компьютерлік құралдар, ғаламтор, әлеуметтік желілер арқылы алынып, дәстүрлі түрді ығыстыра бастады.

Ал оқу тәрбие бағыты жағынан, баланың жеке басын тәрбиелеуде оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат, тұлға, индивид ретінде қалыптасуына көңіл бөлуде. Есте сақтау, ақыл – ойын дамытатын оқуға көшу қазіргі замандағы реформалардың негізі болып саналады.

Бүгінгі жас ұрпаққа жан-жақты білім беру, тәрбиелеу әрбір ұстаздың басты міндеті екенін мықтап шегелей бастады. Құқықтық мемлекетте өмір сүрген соң, басты құжатымыз Ата Заңға сәйкес мемлекетіміздің басты құндылығы адам өмірі мен бостандығы. Осы қағидатқа сай білім беру бағдарламасы мен оқыту үдерістерінің жасалуына бет бұрыс жасалды. Осыған сай білім беру бағытының негізінде кез келген білім алушының білімге деген құштарлығын дамыта отырып оқыту, яғни білім алушыны оқу әрекетімен байланыстыра отыра қалыптастыру, олардың оқуға ынтасын ояту, қызығушылығын ояту. ХХІ ғасыр ақпараттық қоғам заманындағы азамат дамуының жаңа кезеңі білім беру прогрестің ең маңызды факторларының бірі болып саналатын кезеңге оқытушы тарапынан ғана емес білім алушы тарапынан да қызығушылық білдіру қажеттілігін түсіндіру айқындалды. Білім алушымен санасу, оның ойын білу, ата анасымен тығыз байланыс орнату, қалыпты жағдай мен ыңғайлы орта қалыптастыру мұғалімнің білім ғана беріп қоймай оқу тәрбие үдерісінің жаңа қағидаттарын да ұсытануды талап етті. Қоғамның ақпараттануына байланысты кез келген алынатын ақпараттың дұрыс немесе бұрыстығын тексеру мәселесі арқылы білім алушылар бойында адами құндылықтарды да сіңіре білуді қажет етті.

Мемлекетімізде білім беру саласын дамыту тұжырымдамасында практикалық қызметте жинақталған барлық игіліктердің сақталуын, қоғамның интеллектуалды қуатын жетілдіруді, еліміздің материалдық – қаржылық әл-ауқатын әрі қарай дамытуды және кәсіби және техникалық білім беру жүйесін әрі қарай дамыту тағы сол сияқты міндеттерді көздейді.

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде іс жүзінде анықталып табылған оқыту үрдісінің нәтижесін көтеретін әдіс – тәсілдері, түрлері көбінде жаңашыл инновация деп аталады. ХХІ ғасыр ақпараттық қоғамдада оқытудың жаңашыл инновациялық әдіс тәсілдері күнделікті туындап жатты.

«Инновация» ұғымы педагогикалық сөздік қорына ежелден енген. Ол кейбір ғалымдардың еңбектерінде «жана», «жаңалық енгізу» деп көрсетіледі [1, 11 б.]. Кейбіреулері оны «өзгеріс» деген терминмен анықтайды. Біздің ойымызша, бұл түсініктер кең мағынадағы терминдермен білім беру жүйесіндегі кез-келген өзгерісті сипаттайды.

Инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен практикасында кеңінен қолданылуда. Инновация ұғымы ең бірінші ХІХ-ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеулерінен пайда болды, яғни бір мәдениет түрлерін екінші ел мәдениетіне енгізу дегенді білдіреді және бұл, ұғым этнографиясында әлі күнге дейін сақталған.

Инновация (латын сөзі *in* – в, *novis* – жаңа) – жаңа, жаңалық, жаңарту дегенді білдіреді екен. С.И. Ожегов сөздігі бойынша: инновация бірінші рет шыққан, жасалған, жуық арада пайда болған, бұрыннан таныс емес енгізілген жаңалық [2, 18 б.].

Ресейде «инновация» ұғымына өте үлкен күдікпен қараған. ХХ ғасырдың басында шығарылған білім реформаларында бұл термин кезікпейді. «Инновация» ғылымына берілген ең алғашқы анықтама, ол Э. М. Роджерстің анықтамасы болып есептеледі. Э. М. Роджерс инновацияны былайша түсіндіреді: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея» [3, 31 б.]. Кейіннен «инновация» ұғымы «білім беру жүйесіне жаңаны енгізу» мағынасында педагогикалық еңбектерде кездесе бастады.

«Инновациялық негізін құраушы ұғымдардың «инновация» «нововедение», «новшество», «новое» т.б. қазақша аудармаларын жасаған Ы. Алтынсарин атындағы білім проблемаларын ғылыми зерттеу институты әдіскері Б.А. Қойшибаев болып табылады. Өз еңбектерінде «инновацияны» – нақты қойылған мақсатқа сай жасалынған жаңа нәтиже деп есептеді [4, 8 б.]. Демек, инновация мақсат пен нәтижеге – жаңалыққа бет бұрудың кілті.

Қоғамдағы қазіргі кезде қайта құрулар экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар қоғамның алдағы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінің білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологиялары, оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды – машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі ізденіп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады.

Тәуелсіздік алған қысқа тарихи кезең ішінде Қазақстан экономикада сілкініс жасады, әлемдік өркениетпен ықпалдасуда жаңа прогресшіл технологияларды пайдалануда. Елдің әлеуметтік – экономикалық даму перспективалары айқындалған. Келер ұрпаққа қоғам талабына сай тәрбие мен білім беруді мұғалімдердің инновациялық іс-әрекетінің ғылыми педагогикалық негіздерін меңгеруі маңызды мәселелердің бірі екенін үкімет түсінуде.

Инновациялық процесті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жаңа жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу процесіне

басшылық жасау мәселелерін зерттеу маңыздылығы көптеген педагог зерттеушілердің ғылыми еңбектерінің басты тақырыбына айналды.

Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта оқыту технологиясы, Ш.А. Амоношвилидің ізгілікті тұлғалық теориясы, В.А. Шаталовтың оқу материалының тірек белгілерімен тірек конспектілері (сызба үлгілері) негізінде қарқынды оқыту технологиясы, П.И. Третьяковтың, К. Вазинаның, М.М. Жанпейісованың модульдік оқыту технологиясы, В.М. Монаховтың, В.П. Беспальконың және басқа да көптеген ғалымдардың технологиялары кеңінен танымал болғанымен ХХІ ғасырдағы пост индустриалды кезеңде оның барлығы тысқарыланып жаңа әдістер мен тәсілдер келе бастады. Мысалы, ситуациялық жағдайаттар шешу, кейс стадия әдісі, сын тұрғысынан қарау сияқты жаңа технологиялық оқыту түрлері жаңаша инновациялық бағытта зерттеле бастады. Нәтижесінде оқу процессің технологияландыру қажеттілігі туындады. Оқу процесін технологияландыру дегеніміз – білім беру бағыттарына сай оқыту процесін құрастыру. Педагогикалық технологияның өзіндік ерекшелігі – қойылған мақсатқа жету мүмкіндігіне кепілдік беретін оқыту процесін құрастыру және оны жүзеге асыру. Оқылатын пән мазмұны оқытушы мен білім алушы арасындағы өзара байланысты білдіретін іс-әрекет жиынтығы. Білім алушының ішкі даму процесі негізінде анықталған нақты мақсат қана педагогикалық технология құрылымын түсіну кілті бола алады.

Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі баланың тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы. Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйене отырып, біз оқыту технологияларын тиімді жақтарын таңдап алуымыз қажет және оқыту – тәрбие үрдісінде озық технологияларды белсенділікпен енгізілуі керек. Қазіргі білім беру саласында проблема – әлеуметтік – педагогикалық және ұйымдастыру тұрғысынан білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді жаңа әдістерін іздестіру, оны өмірде пайдалану.

Проблемалық оқыту теориясының негізін қалаушылар оқудағы ойлану қызметі тек қана жаңа білімді меңгеріп қана қоймай, сол мақсатқа жетудің жаңа тәсілдерін де үйрену деп есептейді. А.М. Матюшкиннің анықтамасы бойынша, «оқытудағы ойланудың негізгі қызметі тек қана жаңа білім алып, жаңаша әрекет етуге мүмкіндік беретіндігінде. Адам өміріндегі барлық білім жүйесі мен іс-әрекеті оның ойлау қабілетінің нәтижесі. Адамның білімі оның ойлануының көрінісі, яғни негізгі танымдық құралы» [5, 22 б.].

М.И. Махмутов: «Білім мен білім алу әрекеті арасындағы өзара байланыс оқушы өзі білмейтін нәрсемен танысқанда, оны түсінуге тырысқанда пайда болатын қайшылықтардан шығу жолын іздегенде ғана тығыз болады. Өйткені ол жаңа білімді игеру барысында ізденіс жасап, әрекет етеді», – деп көрсетеді [6, 43 б.]. Мұндай жағдайдан шығу білімді

меңгерудің жолын құрастыру кезінде туындаған проблеманы шешу үшін ойлану қабілетін дамытқанда ғана іске асады. Демек, проблемалық оқыту ғана білім алушылардың шығармашылық ойлауын дамытады деген сөз.

Жоғары білім беретін оқу орындардың міндеттеріне сүйене отырып, оқытудың дәстүрлі типін проблемалық оқытумен салыстырудан шығарылған қорытындылар негізінде проблемалық оқытудың негізгі міндеттерін тұжырымдауға болады. Оларды шартты түрде жалпы және арнайы қызметтерге бөлеміз. Проблемалық оқытудың жалпы міндеттері:

– оқушылардың білім жүйелері мен ақыл-ой және практикалық қызмет тәсілдерін меңгеру;

– танымдық дербестігі мен шығармашылық қабілеттерін дамыту;

– оқушылардың өз бетінше ойлау қабілеттерін дамыту.

Бұған қоса проблемалық оқытудың арнайы міндеттері төмендегідей болып бөлінеді:

– білімді шығармашылық меңгеру дағдыларына тәрбиелеу (логикалық әдістерді немесе шығармашылық қызметтің жекелеген тәсілдерін қолдану);

– алған білімді шығармашылықпен қолдану дағдыларына (жаңа ситуацияларда) және оқу проблемаларын шешу шеберлігіне тәрбиелеу;

– шығармашылық қызмет тәжірибесін қалыптастыру және жинақтау (ғылыми зерттеу, практикалық проблемаларды шешу және шындық болмысты көркем бейнелеу әдістеріне ие болу).

Проблемалық оқытудың барлық міндеттерінің ішінен педагогикалық зерттеу жасаған кәсіпорында екі міндетті бөліп көрсетті. Біріншісі – оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру; екіншісі – ғылыми дүниетанымды қалыптастырудың тиімділігін арттыру.

Танымдық белсенділік – жалпы белсенділік феноменінің маңызды саласы, оның негізі ретінде адамның ең маңызды қасиеті болып табылады. Балалардың жеке тұлғасында танымдық белсенділігінің дамуы бес – алты жас аралығында қарқынды келеді. Бұл әсіресе баланың логикалық тапсырмаларды белсенді орындауы, жауап кілтін табуға ширақ келуі, білуге деген ұмтылысы танымдық ойындар арқылы оқу әрекетінің міндеттерін шешуде айқын көрінеді.

Өз бетінше ізденімпаздықпен жұмыс істей білу, яғни оқу материалын таңдау, жаңаны қабылдау мен меңгеру, алған білімдерін іс жүзінде қолдана білу, оңтайлы әдістерді таңдап алу, белгілі бір нәтижеге жетуге ұмтылу т.б. білім алушылардың шығармашылық дербестігін қалыптастырудың алғы шарты болып табылады. Шығармашылық дербестік, өзіндік жұмыс істеу шеберлігі мен дағдылары өзінен-өзі пайда болмайды, ол мақсатты оқу қызметінің нәтижесі және өз кезегінде шығармашылық, практикалық сипаттағы әртүрлі тапсырмаларды орындау үрдісінде қалыптасады.

Білім алушылардың шығармашылық дербестігін, ізденімпаздығын қалыптастыруда білім ордасынан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық ой, пәндік апталықтар мен ғылыми-шығармашылық апталық, жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Барлық жұмыстарда оқушылардың қалауы, таңдауы мен ұсыныстарын ескеру қажет. Сондай-ақ, мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді. Шығармашылық білім алушының танымдық қабілеттеріне мотивациялық тұрғыда басшылық жасау нәтижесінде туындайды. Шығармашылық дербестік ұғымы төңірегіндегі тұжырымдар, анықтамалар бұл ұғымның өзіндік ерекшеліктерін, әртүрлі психикалық процестерден туындайтын интеллектуалдық, эмоциялық, бағыттаушы байланысын және жеке тұлғаға беретін білімнің маңызын ашып көрсетеді.

Шығармашылық дербестік – жеке тұлғаның танымдық қажетсінуі мен қызығушылығын, белсенділігі мен танымдық ізденімпаздығын қамтитын сан қырлы білім алуынан көрінетін, күрделі шығармашылық қалыптасуымен аяқталатын интеллектуалдық қабілеті.

Проблемалық оқыту кезінде оқытудың ғылыми дәрежесін арттыру бағдарламаға ашылған жаңалықтар туралы материалды ендірумен, ғылым негіздері мен ғылымның логикалық құрылымдарын жақындатумен ғана емес, сондай-ақ, оның таным қайшылықтарын шешуге бағытталған әдістерін оқып-үйренумен де қамтамасыз етіледі. Жаңа құбылыстың мазмұны мен мәні, оның элементтерінің өзара байланысы ғылымда бақылау, сипаттау, түсіндіру, болжау сияқты зерттеу процесінің бірізді кезеңдерін жүзеге асыру барысында ашылады.

Проблемалық оқыту технологиясы негізінде білім алушының білімді меңгерудің ғылыми дәрежесін арттыру екі әдіс арқылы қамтамасыз етіледі:

Бірінші әдіс – оқытушының түсіндіруін күшейту. Әңгіме дәстүрлі оқыту жағдайындағы оқыту материалын сипаттай түсіндіруден проблемалық оқыту жағдайындағы дәлелді түсіндіруге көшу туралы болып отыр. Оқытушының негізгі міндеті – түсіндіру жаңа сапаға ие болады, бұл сапа мыналармен сипатталады, оқытушы: а) өзі жасаған проблемалық ситуация арасында жаңа ұғымның мәнін түсіндіреді; ә) түсіндіре отырып, сол ғылым тарихында белгілі бір проблеманы шешуге алып келген ғылыми зерттеудің жолдарын, логикасын көрсетеді.

Меңгерудің ғылыми дәрежесін арттырудың екінші әдісі – сабақ беру мен оқудың жаңа қатынасын белгілеу, атап айтқанда, оқытушының түсіндірушілік міндетін орынды түрде шектеп, оқу проблемаларын шешу жолымен студенттердің ұғымдарды өздігінен ашу және түсіндіру жөніндегі іс-әрекетін кеңейту. Бұл анағұрлым маңызды тәсіл болып табылады. Өйткені проблемалық оқыту процесінде жаңа ұғымдардың мәнін студенттердің өздері продуктивтік шығармашылық қызмет

барысында (оқытушының көмегімен және басшылығымен) ашады, оның үстіне қызмет зерттеу әрекеттерінің шеберліктері мен дағдыларын қалыптастырады, ал, білімді бір ғана «зердемен емес, өз ойының күш салуымен» алады. Сөйтіп, бір жағынан оқытушы неғұрлым күрделі әрі өздігінен оқып үйрену үшін шама жетпейтін жаңа ұғымдарды түсіндірудің сапасын арттырады, екінші жағынан, жеке өзінің түсіндіруінің санын азайтып, оқу проблемаларынан тұратын, сол дәрежеде білім алған студенттердің шамалары ұғымдарды өздігінен оқып үйрену процесін ұйымдастырады. Бұл процесс сапалы және берік есте қалдыру үшін оқу материалын жеңілдету жолымен емес, қайта оқу процесін біртіндеп күрделендіру арқылы интеллектуалдық қиындықтар жүйесін жасау жолымен жүруге тиіс. Бұл дамыта оқытудың басты бағыты және білімді саналы, терең әрі берік меңгерудің шешуші шарты болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Кларин, М.В. Инновации в мировой педагогике: обучение на основе исследования. – Рига: Эксперимент, 1995. – 176 б.
2. Ожегов С.И. Словарь русского языка. – М: Наука, 1964. – 712 б.
3. Роджерс Э.М. Психология эмоции. – М., 2010. – 175 б.
4. Койшибаев Б.А. Педагогический мониторинг комплексного образования. – Алматы: Ғылым, 2001. – 155 б.
5. Матюшкин А.М. Проблемные ситуации в мышлении и обучении. – М: Наука, 2004. – 197 б.
6. Махмутов М.И. Проблемное обучение. Основные вопросы теории педагогики. – Москва, 1977, – 386 б.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІН ОЙЫН ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ АРҚЫЛЫ ДАМУ

С.А. Сатынская, С.С. Абильдинова

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
Павлодар қ.*

Аннотация. Бұл мақалада ойындардың мектеп жасына дейінгі балалардағы сөйлеуді дамытуға әсері, балалардың дұрыс сөйлеуін тәрбиелеуде ойындар қандай функцияларды орындауы керек екендігі қарастырылады. Сөйлеу қабілеті бұзылған балаларға арналған дамытушы бағыттағы топтар бар мектепке дейінгі білім беру ұйымдары олардың білімі мен дамуындағы, сөйлеу бұзылыстарын түзету мен өтеудегі ең маңызды рөлге ие. Баланың мектептегі және ересек өмірдегі жетістігі үйлесімді сөйлеуді дұрыс игеруге байланысты. Сөйлеудің жоғары дамуы - балалардың үйлесімді, толыққанды дамуының маңызды шарты.

Кілтті сөздер: ойын әрекеті, мектепке дейінгі жастағы балалар, ойын, әдістер, тіл дамыту, ойын технологиялары.

Аннотация. Данная статья рассматривает влияние игр на развитие речи у детей дошкольного возраста, какие функции должны выполнять игры в воспитании правильной речи у детей. Дошкольным образовательным организациям, в которых при-

существуют группы компенсирующей направленности для детей с нарушениями речи, принадлежит самая главная роль в их образовании и развитии, в коррекции и компенсации речевых нарушений. От правильного освоения связной речью зависит успех ребенка в школе и во взрослой жизни. Развитая речь – важнейшее условие гармоничного, полноценного развития детей.

Ключевые слова: игровая деятельность, дети дошкольного возраста, игры, методы, речевое развитие, игровые технологии.

Annotation. At present, innovations are an important and necessary factor in the modernization of domestic education. One of the requirements of modern education is the use of innovative technologies under the influence of correction.

Keywords: animal therapy, dolphin therapy, hippotherapy, canistotherapy, Tomatis therapy.

Кез келген бала әрбір қоршаған ортаның, үлкендердің қамқорлығын қажет етеді. Бірақ кейбір жағдайларда балалар қоршаған ортадан алыстап, өз әлемінде өмір сүреді. Олар жаңа затқа қызықпайды, оны танып-білуге қызығушылықтары да болмайды. Осындай балалар қарым-қатынас жасау, әлеуметтік ортаға бейімделу, ата-анасымен сөйлесу сияқты қиындықтармен кездеседі. Олар өз әлемінде өмір сүргендей болады. Бұл айтылған белгілер қоғамда көп айтыла бермейтін дерттің бірі – аутизмнің белгілерін анық көре аламыз. Елімізде бұл ауру туралы ақпараттар жеткізіксіз, ал сол дертпен күресіп жүргендер саны ұлғаюда.

Аутизм – (гр. *autos* – өзім) – бұл адамның сыртқы дүниеден оқшауланып, өзімен-өзі болып, еш нәрсеге қызықпай, адамдармен араласқысы келмейтін, өзінің әлемінде өз бетінше жеке өмір сүру деген сөз. Бұл терминді 1912 жылы Э. Блэхер былай деген: адамның ішкі эмоциялық қажеттіліктерімен реттелетін және шынайы әрекеттерге тәуелділігі деген. Аутист балалардың көріп есте сақтау қабілеттіктері жоғарғы деңгейде болады.

Математика және музыкадан дарынды, бірнеше тілдерді меңгеруі де мүмкін. Көптеген танымал тұлғалар жеткілікті, олар жас кездерінде аутизм синдромына шалдыққан, оны есейгенде біліп жатқан. Бірақ бұл дерт олардың өз армандарын жүзеге асыруға кедергі келтірмеді. Алайда, көп жағдайда бұл қасиеттер әдеттегі жастан кейінірек есейген уақытта байқалуы мүмкін. Бұл аутизм белгілерінің жеңіл түрі болуы мүмкін. Сол себепті, аутизм синдромы бар балалар арнайы интернаттарда емес, отбасы жағдайында тәрбиелеу керек.

Қазіргі уақытта аутизмнің нақты себептері толық зерттелмеген. Көп ғалымдардың деректері бойынша, аутизмі бар балалардың себебі орталық жүйке жүйесінің бұзылуы салдарынан, тұқым қуалаушылық фактордың әсерінен, мидың органикалық зақымдалуынан да болуы мүмкін.

Аутизмнің алғашқы белгілеріне айтатын болсақ, белгілер баланың үш жасына дейін анық байқалмауы мүмкін. Әдетте, статистика бойынша ер балаларда жиі кездеседі дейді. Ата-ана баланың құрдастарымен салыстырғанда кеш дамып, әлі сөйлемегенін байқайды. Алғашында бала

естімейтін сияқты болып көрінгенімен, бірақ тексеру барысында балада ешқандай ақау болмайтыны расталады. Мұндайда баланың жалпы дамуы артта қалады. Мінезі тұйықталып, есімін атап шақырса да, шақырғанға келмейді. Өзге балалармен де ойнағысы келмейді Танып-білуге ұмтылмайды. Тіпті жаңа ойыншықтар оны қызықтыра алмайды. Өзінің түрлі стереотиптік қозғалыстары пайда болады. Тіпті күнделікті бір бағытпен ғана жүргісі келеді. Өзінің туыстары тұрмақ, өзінің ата-анасын да елемейді. Аутизммен ауыратын балада эмоциялық сезімдер, атап айтсақ, қалау, сағыну, аяныш, өкініш, қамқорлық, аяу, күлу, жан ашу т.с.с. болмайды. Оның жан-жағында қандай өзгерістер болып жатса да елемейді. Өз әлемінде өзімен өзі өмір сүреді. Тәулік бойы ұйықтамай жүре де беруі мүмкін. Бірақ өзінің жақсы көретін бір заты немесе бір қылығы болады. Мысалы ол суреттері көп кітаптарды немес дауыс, әр түрлі әуен шығаратын аспаптарды жақсы көреді.

Кейде бала сөйлеуді бастайды, бірақ біраз уақыт өтісімен, сөйлеу қабілетін қайта жоғалтады, күнделікті қылықтары қайталанатын, күнде бір ойыншықпен және жалғыз ойнайды. Тіпті ойыншықтың тек бір бөлігімен ғана (мәселен, тек қолымен немесе басымен) ойнауы мүмкін. Күнделікті қайталанатын тәртіптің өзгеруін бала өте қиын қабылдайды. Ата-аналарының айтуынша, бала көзге тіке қарамайды. Көбісінің зияткерлік қабілеттері де төмен.

Осы жерде бір отбасыны мысалға алайық. 2012 жылдары әлі аутизмді анықтайтын тәсілдер аз еді. Анасы баланың диагнозын анықтағысы келіп, ғаламторды ақтарып, баласында аутизм диагнозы бар екенін анықтайды. Әрине, баланың өз уақытынан ерте дүниеге келуі, оның көп қиындықтардан өтуі, миына қан құйылып, гидроцефалияның пайда болуы, және созылмалы отиттің болуы тағы да осындай жағдайлардың болуы аутизмнің пайда болуына әкелді. Жоғарыда көрсетілген сипаттардың бәрі болды. Бір жарым жасқа дейін енді былдырлап сөйлеп, бәрін танып келе жатқанда, желшешекпен ауырып, оның артынан созылмалы отитпен ауырады. Сонда балада өзгерістер пайда бола бастайды. Бала көзге тіке қарауды қояды, есімін атап шақырса да келмейді, тіпті көз алдында тұрып бір затты қатты соқсаң да елемейді. Арлы-берлі жүгіру пайда болады. Саусақтарымен неше түрлі қозғалыстар жасайды. Стакан ұстауға, қасықты ұстауға қорқады. Далаға шыққанда, бір жерге барарда, бағытты ауыстырсақ қатты жылайды. Ойыншықтармен ойнамай, тек суреттері бар кітаптарға көп қарай береді. Жылы жұмсақ көрпелерге оранып жатқанды жақсы көреді. Басқа балалармен ойнамайды. Ойыншықтарды қатарға тізе береді. Түнде дұрыс ұйықтамайды. Қатты шу болса, құлақтарын жабады. Тамақты да талғап жейді.

Туғаннан анасы әр түрлі дәрігерлерге, білікті мамандарға апарып, ем-шараларын қабылдайды. Жалпы айта кететін, жайт, сол кезде балаға аутизм нақты қойылмаған, басында балада сал ауруының жеңіл түрі

атоника-астатикалық нысаны, гидроцефалия деген диагнозы қойылған. Соған қатысты ем-шаралар массаж, лфк, физиотерапия, иппотерапия ем-шараларын қолданып, отбасымен демалыстарға шығып отырған. Төрт жасынан асқанда психикалық дамуы тежелген және аутизм белгілері бар деп қойылған. Екі жыл сайын диагноздарын растап отырды. Тек 8 жасында ғана аутизм диагнозы қойылады. Еліміздің, шетелдің қалаларында оналту орталықтарында бірнеше емдер қабылдаған. Соның ішінде АВА терапиясы, томатис, магниттік, ток терапиясын да алған. Қазір баланың дамуы жоғары деңгейде болмаса да, қалыпты өтуде.

Сонымен елімізде білікті дәрігерлердің, мамандардың аздығы, олардың біліктілік деңгейінің төмен болуы баланың дамуына теріс әсерін тигізді.

Кейбір ата-аналар осындай сипаттардың болуы бұл баланың еркелігі, әлі кішкентай деп түсінуі мүмкін. Егер баланы уақытында арнайы білікті мамандарға көрсетсе, және отбасымен балаға қолдау берсе, қиындықтарды жеңіп, баланың өмірлерін жеңілдете алады.

Аутист балаларға арнайы көмек көрсету жүйесі өткен ғасырдың 60 жылдарында алғаш рет АҚШ пен Батыс Еуропа елдерінде пайда болған. Еуропада ең бірінші аутизм ауыратын балаларға арналған мектеп Данияда 1920 жылы ашылған. Кейіннен жеке меншік мекемелер аутизммен сырқаттанған балаларға көмек көрсетуді бастаған, бірақ ол кезде нақты оқыту мен түзетудің әдіснамалық, ғылыми негіздемесі болмаған.

Біздің елімізде аутизмді емдейтін мемлекеттік, жеке меншік оналту орталықтары көптен ашылуда. Жоғарыда айтылған белгілердің біреуі болсын баладан байқалған жағдайда ол психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қызметін алу керек. Онда жан-жақты барлық мамандар баланы тексеріп, анықтап, өз ұсыныстарын ПМПК қорытындысында жазады. ПМПК түзету кабинеттерінде 3 ай аптасына екі реттен барлық мамандардың қабылдауында болады. Одан басқа Асыл Мирас орталығы бар. Ондағы арнайы оқытылған мамандар баламен жоғары деңгейде жұмыс істейді.

Түзете-оқыту үрдісінде кешенді түзете-оқыту әдістерін қолдану бала ағзасының компенсаторлы мүмкіндіктерін белсендіріп, ауытқушылықтарды жоюға, оларды алдын ала болдырмауға мүмкіндік береді. Арнайы мекемедегі педагог-логопед ғылыми-зерттеу жұмыстарын, тәжірибесін топтастыру үшін арнайы берілген тақырыппен жұмыс жасайды.

Аутизмді түзетудің көптеген әдістері бар. Атап айтсақ: АВА, ТЕЕСН, Son – rise, заттық терапия (сенсорлық интеграция және стимуляция) әдістері.

Аутизммен сырқаттанатын балаларда көбінесе тактильді сезім дұрыс қалыптаспаған. Сондықтан сенсорлы интеграция терапиясын

қолдану өте маңызды. Олардың сезім мүшелері шектен тыс дамыған немесе керісінше, олар өз сезімдерін интеграциялай алмауы мүмкін. Сенсорлық интеграция терапиясы баланың сезімталдығын бәсеңдетіп, сезіну арқылы алған ақпаратты қайта құрылымдауына назар аударады. Бұл терапияның мақсаты – орталық жүйке жүйесінің сенсорлық стимулдарын өңдеу мүмкіндіктерін күшейту, теңгеру және дамыту болып табылады.

Сенсорлық интеграция терапиясы баланың қоршаған орта тітіркендіргіштеріне аса қозып отырғанын немесе қоршаған ортаның аса әсер етпегенін болжап, анықтайды. Осылайша, сенсорлық интеграцияның мақсаты – мидың сенсорлық ақпаратты өңдеуін жүзеге асыру. Сол арқылы бала күнделікті өмірде сол ақпаратты қолдана алады.

Сенсорлық интеграцияға мына мысалдарды келтіре аламыз:

- гамакта тербелу (кеңістікте бағдарлану);
- музыкаға билеу (есту жүйесі);
- бұршақ толтырылған қораптармен ойын (тактильді сезімдерін дамыту);
- туннельде жорғалау (кеңістікте бағдарлану және жанасу);
- қозғалып тұрған шариктерге жанасу (көру сезімі мен тактильді бағдарлануы);
- орындықта айналу (тепе-теңдік және көру қабілетіне әсер);
- бөренеде тепе-теңдік ұстап тұру (тепе-теңдік сақтау).

Осы сенсорлық терапия балаға өте маңызды, бірақ біздің қаламызда жеке түрде дамымаған. Бұл терапияны балалар сыртта қарапайым ойын алаңдарында әткеншек тебе алады, батутта секіре алады.

АВА терапия – мінез-құлық технологиялары мен оқыту әдістеріне негізделген қарқынды оқыту бағдарламасы. АВА арсеналында жүздеген бағдарламалар, оның ішінде: вербальды және вербальды емес еліктеулер, жалпы және ұсақ моторика, тілді түсіну, заттарды атау, іс-әрекеттерді атау, заттарды жіктеу, «сен қалай ..., көрсетіп бер», есімдіктер, «Не?», «Кім?», «Қайда?», «Қашан?», «Қалай?» сұрақтарына жауап, «иә» және «жоқ» сөздерін қолдану, және басқалары сияқты бөлімдер бар. Бұл бағдарламалар ішіндегі жоғары дәрежедегілері: «Егер ... не болады? Айтып бер» (іс-әрекеттің алдын ала нәтижесін біледі), «Тарихын баянда», «(құрбысының есімі) сияқты істе», «(құрбысының есімін атап) бірге ойнауға шақыр» әдістері.

Қазіргі уақытта АВА терапияны аутизмі бар балалардың дамуын жетілдіру үшін жиі қолданады. АВА терапияның арқасында аутизмі бар бала қарапайым сөздерді айтуды жаттығып айта бастайды. Мәселен, Асыл Мирас орталығы осы әдісті жиі қолданады. Бірақ кейбір ата-аналар бұл әдісті қолдануға қарсы, себебі бала өзіне берілген тапсырманы дұрыс орындағаны үшін сыйақы ретінде өзінің жақсы көретін затын немесе тәтті зат алуы мүмкін.

Америкалық отбасы ұлдары Раун (Raun) аутизммен сырқаттанады. Ата – аналары Барри Нейла Кауфман мен Samahria Lyte Кауфман ұлдарының сырқатынан емдеу үшін Son – Rise бағдарламасын ойлап табады. Аутизмнен толық сауыққан Раун Кауфман қазір Американың аутизмді емдеу орталығында ғаламдық білім беру директоры болып тағайындалған. Son – Rise бағдарламасы әлемнің 78 елінде шамамен 25000 балалар мен ересектерді емдеуге көмегін тигізген. Ересек баланың аутистік әлемін бұзбай оның қайталаушы және дәстүрлі әрекеттеріне жаңа түсініктер мен саналылық бере отырып, оны әлеміне қосылады.

Сонымен қатар, аутизмді түзетуде – құм терапиясы, бассейн, кинезотерапия сияқты, жай – күйімен, массажен, активті – пассивті гимнастикамен емдеу әдістері де қолданылады.

Аутизмді түзетуде анималотерапия (латын тілінен аударғанда «animal» жануар), яғни психотерапиялық көмек көрсету үшін жануарлар мен олардың бейнелерін қолданатын терапия түрі юолып табылады. Оның ішінде: дельфинотерапия, иппотерапия (жылқымен қарым – қатынаста болу), канистотерапия (итті қолдану арқылы жүргізілетін терапия) сияқты түрлері бар.

Осы айтылған әдістер жалпы баланың көңіл-күйін көтереді. Баланың эмоциясы дамиды. Жалпы отбасымен бірге ауылға жиі барып отырса, онда құм терапиясын да, иппотерапияны да, канистотерапияны тегін қолдануға болады.

Соңғы кездерде аутизммен ауыратын балаларды түзету жұмыстарында Батыста «холдинг – терапия» (ағылшын тілінен «hold» – ұстау) деген атпен танылған әдісті қолданамыз. Әдіс эмоционалды бұзылыстарды түзетуде қолданылады.

Холдинг емінде ана баланы өзіне жақын тартады, оны құшақтайды және бетпе бет қатты ұстап тұрады. Бала қандай күйде болсын, оны өз құшағына алады. Бала бірден тынышталуы мүмкін, не болмаса оған ол ұнамауы мүмкін.

Холдинг – терапия кемістікті жоюға жағдай жасады, ал уақыт өте келе аутизмді толықтай жеңуге, мазасыздықты төмендетуге, қорқыныштарды, агрессияны жеңуге жағдай жасады. Холдинг – терапия баланың эмоционалдық жағдайын жақсартып отырып, әрі қарай дамуына серпіліс берді. Көп жағдайларда 4–5 жастағы аутизмі бар балалар 3–4 жылдан кейін жалпы мектептерге бара бастайды. Сонымен қатар, құрдастарының сөйлеу тілі және зияткерлік дамуларымен бірге, біртіндеп қажетті әлеуметтік дағдыларды да игерді.

Бұл терапияны ата-аналар, отбасы мүшелері жиі қолдану керек. Сонда бала өзінің отбасы мүшелерін қорғанышы ретінде сезе бастайды.

Томатис – арнайы аудио-вокалдық жаттығу, сенсорлы-дыбыстық ынталандыру құралы болып табылады. Бұл құрал орталық құлақ жұмысына әсер ете отырып, миға ықпал жасайды делінген. Әдістің мақсаты – мидың есту арқылы алған ақпаратты қабылдап, түсіну

мүмкіндіктерін арттыру. Томатис әдісі негізіндегі жаттығуларының арқасында сөзді қабылдау және түсіну үдерісін қайта жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл жаттығуларды аутистикалық спектр ауытқулары бар, назардың жетіспеу синдромы және гипербелсенділік, сөйлеу және психомоторлық дамудың тежелуі, жазу дағдысының дұрыс қалыптаспауы (дисграфия, дислексия) сияқты ауытқу түрлері бар, естіген ақпаратты дұрыс түсінбеу, әлеуметтік дағдыларын дамытуда артта қалып жүрген балалар үшін қолданады.

Томатис терапиясын алған балаларда көбінесе ән әуендерін, мелодиясын айта бастайды. Баланың есте сақтау қабілеті жоғарлап, баланың музыкаға деген қабілеті артады.

PECS – баланың негізгі қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін бағдарлама. PECS карточкалары арқылы баламен қарым-қатынасқа түсу жүйесі, жылдам қарым-қатынас дағдыларына үйрететін әдіс. PECS-ті қолданатын бала айналасындағылармен ашық қарым-қатынас жасап, ашылып сөйлесе бастайды.

Аутист балаларға инклюзивті білім беруде бірнеше түрлі әдістемелік тәсілдер қолданылады. Бір әрекеттен екінші әрекетке көшу аутист балалардың көпшілігінде проблемалық жағдай болады және агрессия немесе тәртібінің ауытқушылығын тудырады.

Магниттік терапия деп аталатын әдіс те алда айтып кеткен әдістерге ұқсас болғанмен, ол есте сақтау қабілетін арттырып, баланың сөздік қорын дамытады.

Инклюзивті оқыту – соның ішінде аутизмі бар балаларды оқыту, олардың осы оқыту барысында өздерінің мүмкіншіліктерін әлеуметтік тұрғыда пайдалана білуі басты мақсат болып саналады. Аутизмі бар балаларды инклюзивті оқытып тәрбиелеу олардың болашақтағы қоғамда алатын орнын анықтайтын бағыт.

Инклюзивті білім беру аутизмі бар балаларды орта мектеп бағдарламасын қамтып, олардың басқа мектеп оқушыларымен тең көлемде білім алуына себебін тигізеді. Ал үй жағдайында оқыту олар үшін қай жағынан да тиімсіз. Әлеуметтік оқшаулану, ортамен кең көлемде байланыс болмауы олардың аутистік дамуын одан әрі күрделендіре түседі.

Инклюзивтік оқытуда аутизмі бар балаларға беретін оңтайлы жақтары мыналар:

1. Бала өз мүмкіндіктерін байқай бастауға және басқа дені сау баланың бағытында дамуына бейімделеді.

2. Басқа балалармен және қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсу сенімділігі қалыптасады.

3. Баланың өзін өзі түсінуі және өзгелердің өзі туралы түсінігін қабылдауы қалыптасады.

Осы бағыттар бойынша инклюзивті оқыған аутизмі бар балалар одан әрі дамып, оқу үрдісін әрі қарай жалғастыра алады. Бүгінгі таңда

осындай балаларға көмек көрсетіп, оларды түзету жұмыстарын одан әрі сапалы түрде дамыту әлі де болса жетіспей жатыр.

Сонымен, аутизммен дамуында тежелісі бар баланың дүниеге келуі – әрбір отбасы үшін сынақ болып табылады. Сондықтан ата-ана баланың диагнозын дер кезінде анықтап, шұғыл түрде емдеуге кірісу керек. Егер ерте кемшіліктерді жоятын болсақ, баланың өз қатарлы балалармен бірге өсуі әбден мүмкін. Тек қана ата-ана емес, оның туыстары, дос-жарандары, жалпы барлық адамдар қолдау беретін болса, біз үлкен жақсылық істеген боламыз. Баланы емдетуде әрине бәрі қаражатқа келіп тіреледі. Ата-аналар балалары үшін қомақты сома кетіріп, нәтиже де болмауы мүмкін. Сондықтан мемлекет мамандарды арнайы дайындап, олардың біліктілігін арттырса, тегін оңалту орталықтарын көбірек ашса, аутизммен ауыратын балалар саны төмендейді деп ойлаймыз.

Аутизммен ауыратын балаларды әлеуметтік қарым-қатынасқа көбірек тарту керек, олармен бірге көп серуенге шығу отбасымен де, қалыпты ортаға тарту керек. Және де қоғамға осындай аутизммен ауыратын балалар туралы қысқаша деректер айтылып, олардың қандай жағдай болмасын түсіністікпен қарауын сұрау керек.

Қорыта айтқанда, аутизмі бар балалармен жүргізілген жұмыс нәтижесі бойынша зерттеу болжамдарының дұрыс екені дәлелденіп, аутизм диагнозы бар балаларды оқытуда кешенді түзету-оқытудың, заманауи әдістерді пайдаланудың тиімділігін көрсетті. Яғни, аутизмі бар балалармен жұмыс жүргізу барысында кешенді түрде әдістерді қолдану баланың сауығуына барынша мүмкіндік береді. Ең алдымен, баламен қарым-қатынас орнату оңайға түседі, қызығушылығы оянады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Аутизм. От теоретического понимания к педагогическому воздействию. Педагогам-дефектологам / Т. Питерс. – М.: Владос, 2016.
2. Аутизм. Коррекционная работа при тяжелых и осложненных формах / С.С. Морозова. – М.: Владос, 2007.
3. Дар аутизма. Раскрытие секретов мудрых сердец /. Уильям Стиллмэн – М.: ИГ «Весь», 2010.
4. Дети с небес. Дар аутизма / Джон Грэй, Уильям Стиллмэн. – М.: ИГ «Весь», София, 2010.
5. Осознанный аутизм, или Мне не хватает свободы / Екатерина Карвасарская. – М.: Генезис, 2010.

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ ДЛЯ ФОРМИРОВАНИЯ ЛИДЕРСКИХ КАЧЕСТВ У БУДУЩИХ СПЕЦИАЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ В ВУЗЕ

А.Е. Жақсыбай

*студент 1 курса ОП СП, Павлодарский педагогический университет
имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

Ж.Т. Измайлова

*преподаватель-эксперт ВШП ОП СП, Павлодарский педагогический
университет имени Әлкей Марғұлан, г. Павлодар*

Аннотация. Ғылыми-тәжірибелік мақала «Мұғалімдердің білім беру жүйесіндегі көшбасшылық: теориялық және практикалық аспектілері» тақырыбына арналған. Бұл мақалада педагог-жетекшінің маңызды сипаттамалары зерттеліп, университеттегі болашақ арнайы білім беру мұғалімдерінің көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудың педагогикалық шарттары әзірленеді.

Кілтті сөздер: тәлімгерлік, коучинг, жобалық әрекеттер, модельдеу және рөлдік ойындар.

Аннотация. Научно-практическая статья посвящена теме «Лидерство в системе педагогического образования: теоретические и практические аспекты». Данная статья исследует существенные характеристики педагога-лидера и разрабатывает педагогические условия для формирования лидерских качеств у будущих педагогов специального образования в вузе.

Ключевые слова: менторство, коучинг, проектная деятельность, симуляции и ролевые игры.

Annotation. The scientific and practical article is devoted to the topic “Leadership in the system of teacher education: theoretical and practical aspects.” This article explores the essential characteristics of a teacher-leader and develops pedagogical conditions for the formation of leadership qualities in future special education teachers at a university.

Keywords: mentoring, coaching, project activities, simulations and role-playing games.

В статье рассмотрены теоретические основы лидерства и его роль в образовательном процессе. Приведены примеры успешных методов, таких как менторство, коучинг, проектная деятельность и симуляции, которые способствуют развитию лидерских навыков среди студентов-педагогов.

Нами представлены современные исследования и практические примеры, подтверждающие важность лидерства в системе педагогического образования. В статье особое внимание уделяется развитию лидерского потенциала и его роли в управлении образовательными процессами.

Эта статья позволяет понять, как лидерство влияет на формирование будущих педагогов и качество образования в целом. Она представляет интерес для всех, кто заботится о развитии образования и создании высококвалифицированных педагогов.

Лидерство в области педагогического образования играет важную роль в формировании будущих специальных педагогов и влияет на качество образования в целом.

Цель нашей статьи состоит в выявлении сущностных характеристик специального педагога-лидера и разработке педагогических условий, способствующих формированию лидерских качеств у будущих педагогов специального образования в вузе.

Теоретические аспекты лидерства в педагогическом образовании

Для более глубокого понимания лидерства в контексте педагогического образования, мы обращаемся к теориям лидерства и развития личности. Согласно исследованиям, лидер-педагог – это личность, которой доверяют и которую признают; способная вести за собой коллектив, пробуждая их активность и интерес; воздействовать на процесс взаимодействия, регулируя взаимоотношения; ответственно организовать выполнение той или иной деятельности.

Практические аспекты лидерства в педагогическом образовании

Примеры успешных методов и инструментов

Для успешного формирования лидерских качеств у будущих педагогов специального образования, важно использовать эффективные методы и инструменты. В данном разделе представлены некоторые из них:

1. Менторство и коучинг: Разработка программ менторства и коучинга для студентов ОП Специальной педагогики может способствовать развитию лидерских навыков. Опытные преподаватели и профессионалы могут работать с будущими лидерами, помогая им развивать их потенциал и уверенность.

2. Проектная деятельность: Вовлечение студентов в проектную деятельность, где им приходится принимать решения, руководить группами и решать реальные задачи, помогает развивать навыки лидерства на практике.

3. Симуляции и ролевые игры: Симуляционные игры, моделирующие реальные ситуации образовательного процесса, позволяют студентам опробовать свои лидерские навыки в безопасной среде и получить обратную связь.

Примеры успешных реализаций лидерства в специальном педагогическом образовании

Современные исследования и практики

Исследования и практические примеры подтверждают важность лидерства в системе педагогического образования. Например:

1. В Павлодарском педагогическом университете 10–13 ноября 2021 года в рамках сотрудничества с Назарбаев Университетом были проведены исследования по проекту «Введение в действие политики гендерного равенства в высшем образовании и государственной службе в Казахстане».

В исследовании было выявлено, что студенты, участвующие в программе развития лидерства, проявляют большую активность в образовательном процессе и готовы принимать ответственность за свое обучение.

2. Педагогическая практика глазами студентов: в Павлодарском педагогическом университете имени Әлкей Марғұлан успешно внедрили программу развития лидерства, в рамках которой студенты имеют возможность участвовать в проектах и лидировать в группах, что положительно влияет на их профессиональное развитие.

В заключении можно подчеркнуть, что лидерство в системе педагогического образования – это неотъемлемая часть профессиональной подготовки будущих педагогов.

Развитие лидерских качеств среди студентов вузов способствует формированию высококвалифицированных и ответственных педагогов, способных вносить позитивные изменения в сферу образования. Важно отметить, что лидерство не ограничивается только личными характеристиками. Это также система ценностей, позволяющая лидерам вдохновлять других и обеспечивать совместную работу.

Системное и целенаправленное развитие качеств лидера среди будущих педагогов специального образования становится одним из решающих факторов профессиональной подготовки. Это акцентирует как содержательные, так и технологические преобразования образовательной деятельности в вузе.

В итоге, лидерство в системе педагогического образования оказывает важное воздействие на развитие образовательных структур и качество образования в целом.

Данная статья предоставила обзор теоретических и практических аспектов лидерства в этой области, а также примеры успешных методов исследований и практик, подтверждающих его важность.

Список использованных источников

1. Belinova N.V., Bicheva I.B., Kolesova O.V., Khanova T.G., Khizhnaya A.V. Features of Professional ethics formation of the future teacher // Revista ESPACIOS. Año 2017. Vol. 38 (№25).

2. Бичева И.Б., Десятова С.В., Царева И.А. Развитие педагогического творчества будущего Педагога // Профессиональное образование в России и за рубежом. – 2017. – №1(25). – С. 73-77.

3. Бичева И.Б., Царева О.С. Рефлексия как условие развития личностных и профессиональных качеств обучающихся // Роль науки в развитии общества: сборник статей Международной научно-практической конференции / отв. редактор А.А. Сукиасян. – Уфа, 2015. – С. 112-114.

4. Бичева И.Б., Челнокова Е.А., Юдакова О.В., Царева И.А. Профессиональное развитие Личности педагога в современных условиях // Проблемы современного педагогического образования. – 2017. – №54-4. – С. 16-22.

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІҢ ДАМУ МӘСЕЛЕСІ

Н.К. Махметова, Н.А. Бисембаева

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті
Педагогика жөзғары мектебінің*

Аннотация. Осы мақалада жалпы білім мазмұның жанарту жағдайындағы инклюзивті білім берудің мәселесі қарастырылды. Қазіргі жағдайда инклюзивті білім беру өте маңызды және мүмкіндігі шектеулі балалардың қоғамға қосу, бейімделуінің маңызы өте зор. Инклюзивті білім беру әр балаға оның мектепте оқу көрсеткіштеріне сәйкес немесе сәйкес еместігіне қарамастан, білім алуға құқық береді.

Кілтті сөздер: инклюзивті білім беру, инклюзивті орта, мүмкіндігі шектеулі балалар.

Аннотация. В данной статье рассмотрена проблема инклюзивного образования в контексте развития содержания общего образования.

В сегодняшней ситуации инклюзивное образование очень важно, а также очень важна инклюзия и адаптация детей с ограниченными возможностями в обществе. Инклюзивное образование дает каждому ребенку право на образование, независимо от того, соответствует ли он школьной успеваемости.

Ключевые слова: инклюзивное образование, инклюзивная среда, дети с ограниченными возможностями.

Annotation. In this article, the problem of inclusive education is considered in the context of the development of the content of general education.

In today's situation, inclusive education is very important, as well as inclusion and adaptation of children with disabilities in society. Inclusive education gives every child the right to education, regardless of whether it corresponds to school performance.

Keywords: inclusive education, inclusive environment, children with disabilities.

Қазақстан Республикасының заңнамасында адам құқықтары саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға сәйкес елдің барлық балалары үшін білім алуға тең құқықтар қағидаты көзделеді. Сондықтанда бүгінгі таңда денсаулығы шектеулі балалар да басқа барлық оқушылар сияқты сапалы, әлеуметтік бейімделуге, қоғамда өз орынын табуға толық жағдай жасайтын білім алуға тиісті екендігін ерекше айту қажет.

Арнайы білім беру мекемелеріндегі жағдайлар мүмкіндігі шектеулі балаларды қоғамнан, әлекметтік ортадан бөлектеніп қалуына әкеліп отыр. Олардың қоғамның басқа бөлігі мен қарым-қатынас жасау мүмкіндіктері өте аз.

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында инклюзивті оқыту білім жүйесін дамытудың ең бір өзекті бағыттары қатырынан орын алып отыр. Соңғы жылдары мүмкіндігі шектеулі балаларға деген көзқарас өзгеріп, оларды дамытуға ерекше мән беріліп отыр. Жалпы білім беретін мектептерде қалыпты дамыған оқушылармен қатар мүмкіндігі шектеулі балаларды оқыту бүгінгі таңда өзекті мәселеге айналды.

Жалпы инклюзия дегеніміз – бұл балалардың жынысына, этникалық және діни құрамына, бұрынғы оқудағы жетістіктеріне, денсаулығының жағдайына, жетілу деңгейіне, ата-аналарының әлеуметтік-экономикалық дәрежесіне және т.б өзгешеліктеріне қарамастан, жалпы білім беру барысында балаларды интегралды түрде оқыту процесі болып табылады.

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе – балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Инклюзив сөзі – латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда», ал, ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді [1, б. 10-15].

Инклюзивті білім берудің мақсаты: даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балалармен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы. Инклюзивті оқыту негізінде балалар құқығын кемсітпеу, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге ерекше оқыту қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр. Тәжірибе көрсеткендей, қатаң білім беру жүйесінен балалардың бір бөлігі шығып қалады, өйткені қалыптасқан жүйе мұндай балалардың даралық қажеттілігін қанағаттандыра алмайды.

Инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жүргізетін мектептерде білім мазмұнын үш түрлі бағдарлама бойынша реттеген абзал. Атап айтқанда: жалпы мектептерге арналған типтік оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың ақаулық типтеріне сәйкес арнаулы білім беру бағытындағы оқу бағдарламалары; мүмкіндігі шектеулі балалардың психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып әзірленетін оқытудың жеке бағдарламасы. Жаңа түсіндірме бойынша «инклюзивті білім беру» – бұл ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділігін қамтамасыз ететін процесс. Аталған анықтама жалпы білім беретін мектеп жағдайында барлық балаларды оқыту үшін оңтайлырақ тәсіл ретінде халықаралық қауымдастықпен танылған білім берудегі инклюзияның мәнін ашады. Бұл жағдайда инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдар ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларды қамтуды, соның ішінде мигрант, оралман балалар, сондай-ақ қоғамға әлеуметтік бейімделуі қиын балалар сияқты басқа да санаттағы білім алушыларға сапалы білім берудің тең қолжетімділігін қамтамасыз етуді кеңейтуі мүмкін.

Инклюзивті бағыт мұндай балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру мүмкіншілігін қалыптастырады.

Инклюзивті білім берудің тереңдігі, жылдамдығы және материалдық тұрғыдан аса үлкен салымдарды қажет етпейтіндігі, оның саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени мәселелерді нәтижелі шешуге әсер ететін аймақтардың бірі болуын анықтайды. Әлемде өзінің экономикалық және мәдени прогресімен инклюзивті білім беруге міндетті емес бір де бір мемлекет жоқ. Инклюзивті білім беру әр балаға оның мектепте оқу көрсеткіштеріне сәйкес немесе сәйкес еместігіне қарамастан, білім алуға құқық береді. Балалар ұжымда өзара байланысқа түсіп, қарым-қатынас ережелерін меңгереді, педагогпен бірге шығармашылық тұрғыдан білім алу мәселелерін шешуге үйренеді. Сенімділікпен айтуға болатыны, инклюзивті білім беру барлық балалардың жекетұлғалық мүмкіндіктерін кеңейтеді, адамгершілік, толеранттылық, көмекке келу қасиеттерін қалыптастыруға, дамытуға жағдай жасайды.

Ерекше білімді қажет ететін балалар үшін инклюзивті білім берудің жағымды көрсеткіштері анық:

– инклюзивті ортадағы ерекше білімді қажет ететін балалар, арнайы мектепте оқитындармен салыстырғанда, өздерінің қалыпты деңгейдегі құрбыларымен әлеуметтік өзара байланысқа түсуде жоғары деңгейді көрсетеді

– Инклюзивті ортада ерекше білімді қажет ететін балалар күрделі бағдарламалар бойынша оқиды, нәтижесі – дағдылар мен академиялық жетістіктердің жақсаруы. Әрине, арнайы мектепке қарағанда жалпыға білім беру бағдарламалары жоғары әрі күрделі білім деңгейін талап етеді. Яғни, мүмкіндігі шектеулі балалар инклюзивті мектепте академиялық міндеттерді шешуге көбірек уақыт жұмсайды, және де, салыстырмалы деңгейде жоғары академиялық нәтижелерді көрсетеді.

– Инклюзивті сыныптарда қалыпты деңгейдегі балалар мүмкіндігі шектеулі балалармен дос болады.

– Инклюзивті білім беру дамуында ерекшеліктері бар балалардың жалпы білімдерінің қалыптасуына әсер етеді.

– Инклюзивті сыныпта оқыған балалар үлкейгенде де даму ерекшеліктері бар адамдармен араласады.

– Қалыпты деңгейдегі балалар (тіпті дарынды, қабілеттері жоғары балалар) білім берудегі инклюзивті бағытта бірқатар жаңаша қарастырылған жұмыс түрлеріне қатысады: жақсартылған білім беру сапасы мен педагогикалық іс-әрекетте қолданылатын түрлі технологиялар мен әдіс-тәсілдердің пайдалануы.

– Ерекше білімді қажет ететін балаларды оқытуда жаңа білім беру технологиялары қажет: мысалы, мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуда мәліметтік технологиялар өте қажет. Мұндай технологияларды оқыту процесінде қолдану басқа балаларға да пайдалы [2, б. 127-132].

Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбіне-көп арнайы мектеп-интернаттарда білім алады. Шындығында олар оқшауланған, қоғамдық өмірге аса бейім емес. Мәселенің бұлай

қалыптасуына бүгінгі қоғамның да кінәсі бар. Өйткені біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау енді-енді қолға алына бастады. Біріктіріп оқыту тәжірибесін іске асыру үшін инклюзивті білім беру мемлекеттің саясаты болуы керек жүйелі шараларды ұйымдастыруы қажет. Ол жанұяны, жалпы мектептерді қолдауға, мүмкіндіктері шектеулі балалардың интеграциялау деңгейін жоғарлатуы керек етеді. Бұл жерде мүмкіндіктері шектеулі балалардың және жасөспірімдердің білім беру және әлеуметтік қажеттілігін бағалау оқу мекемелерінде бара бар жағдайларын қамтамасыз ету, жанұяны қолдауды дамыту қажет. Мүмкіндігі шектеулі балалармен психокоррекциялық жұмыс барысында олардың топта, жанұяда нақты іс-әрекет моделі қалыптасады, қорқыныш басылып, позитивтік ойлауы басым болады. Ата –ана мен педагог міндетті түрде баланың жетістіктерін бір-біріне хабарлап отыру керек. Мүмкіндігі шектеулі балаларда отбасында барлық жағдай жасалғанымен, өзі қатарлас балалармен қарым-қатынас жетіспейді.

Инклюзивті оқытудың берері мол:

– барлық балаларға мектепке дейінгі оқу орындарында, мектепте және мектеп өміріне белсене қатысуға мүмкіндік береді; -оқушылардың тең құғығын анықтайды;

– ұжым іс-әрекетіне қатысуға мүмкіндік береді;

– адамдармен қарым-қатынасқа қажетті қабілеттілікті дамытуға мүмкіндік береді [3, б. 28].

Мүмкіндігі шектеулі балалар біздің қоғамда бар – бұл шындық! Және әрбір ата-ана өз баласын дамуы қалыпты балалар қатарынан көргісі келеді.

Біз ел болып, етек жинаған еңселі елміз, сондықтан қоғамдағы жайттар басты назарда болу керек. Ең алдымен мүгедек, жарымжан балаларды сәби кезінен бастап анықтап, олардың ортаға бейімделуіне жағдай жасау қажет. Сондықтан осындай кемшіліктерді анықтайтын шағын кабинеттер ашып, арнайы жұмыс жүргізіп, әр баланың қабілеті мен даму мүмкіндігін анықтаса, оларға арнайы түзету жұмыстарын жүргізіп, үй жағдайында өсіріп тәрбиелеуде ата-анаға ақыл-кеңестер берілсе бұл да мүмкіндігі шектеулі балалар үшін атқарылған игі істің бірі болар еді.

Жарымжан балаларды оқыту процесінде ерте бейімдеудің маңызы зор. Тек оқытып ғана қоймай, мемлекеттің әлеуметтік қамсыздандыру мен денсаулық сақтау қызметін тарту қажет. Жалпы баланы қоғамға бейімдеу мен оқытуда ерте диагностикалау мен түзету маңызды.

Мүмкіндіктері шектеулі балалардың үйде білім алуын қамтамасыз ету, жай және арнайы мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балаларды қашықтықтан оқытуға жағдай жасау мемлекеттің басты мақсаттарының бірі болып табылады.

«Дені сау адам-табиғаттың ең қымбат жемісі» деп тегін айтылмаған ғой, осы өзгерістер арқылы – мүгедек балалардың ата-аналары балдырғандарының отбасына етене араласуына үміттері қайта оянып, өз балдары ешкімнен кем еместігін, қоғам бұған бей-жай қарамайтынын түсінеді [4, б. 24].

Бала-адамның бауыр еті, бала десе еміренбейтін жүрек, сыздамайтын балтыр бар ма? Қай ата-ана өз баласының өзгелерден оқшау оқып, білім алғанын қалар дейсің...

Бар тәттісін аузына тосып, бар мүмкіндігін баласына сарп ететін ата-ана өз баласының денсаулығын, болашағын бәрінен жоғары қойып түн ұйқысын төрт бөліп, күйзелетіні, айналасына көрсетпей еріксіз көзіне жас атыл, бұлай неге болды деп сарқ ұратыны кімге болса да белгілі. Сондықтан даму мүмкіндігі шектеулі жандарды назардан қалдырмай, олардың қоғамда бейімделуіне ат салысу қай азаматтың болса да, қай елдің болмасын басты парызы.

Қазіргі кезде Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі балалар көбіне арнайы мектеп-интернаттарда білім алады.

Мысалы: біздің Павлодар қаласында «Самал» оңалту орталығы бар. Сол оңалту орталығында мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс жасап, қоршаған ортаға бейімделуге жағдай жасалуда.

Жалпы мектептердегі мұғалімдер кемтар бала сыныпқа келген кезде оны қандай оқулықтармен оқытап, қандай әдістемелік құралдарды пайдалану керектігін білмейді. Бұл мәселенің артынан туындайтын мәселе – кадр жеткіліксіздігі. Шындығында олар оқшауланған қоғамдық өмірге аса бейім емес.

Өйткені біз мүмкіндігі шектеулі жандарға мүсіркей қараудан арыла алмай келеміз. Жалпы білім беретін орта мектептерде олардың оқып, білім алуына жағдай жасау қазіргі кезде қолға алына бастады.

Мүмкіндігі шектеулі балаларға инклюзивті білім беру келесі модельдер арқылы жүзеге асуы мүмкін: 1) толық инклюзия – мүмкіндігі шектеулі балалар жалпы білім беру мекемелеріне денсаулығы қалыпты қрдастарымен бірге барады және жеке оқу жоспарлары бойынша оқиды; 2) жартылай инклюзия – мүгедек балалар үйдегі жеке оқыту мен жалпы білім беретін мекемеге баруды қатар алып жүреді және жеке оқу жоспарларымен оқытылады. 3) сабақтан тыс инклюзия – мүгедек балалар (мүгедектер) тек үйде оқиды және үйірмелерге қатысады.

Бүгінгі бала-ертеңгі қоғам адамы. Сондықтан еліміз жарқын болсын десек, бала тәрбиесінде мына мәселелерге ерекше назар аударғанымыз жөн. Баланың өзі шыққан ата тегін білу, сенімді дос табуына көмектесу, туған жерін, Отаның сүюуге бағыттау біздің негізгі міндетіміз.

Тәрбие берудің негізгі мәйегі – мейрім мен сүйіспеншілікте. Бала кімнен мейрім көрсе, сол адамды жақсы көреді. Ендеше сүйіспеншілік – бала тәрбиесіндегі басты қағида. «Таза қағаз бетіне қалай өрнек салсан,

сол сықылды балаға берген тәрбие мен білім де бойына қалыптасады» деген екен ата-бабаларымыз [4, б. 168].

Мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамда шет қалмауы тиіс деген ұғым әр адамның жүрегінде орын алуы керек. Олардың дені сау балалармен бірдей дәрежеде білім алып, өмірге көзқарастарының жақсы деңгейде қалаптасуына негіз қалап, оларды қолдап жүрейік.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011–2020 жылға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Астана, 2010 ж.
2. Зайцев Д.В. Мүгедектігі бар балаларды интеграциялық оқыту // Социологиялық зерттеулер, – 2004.
3. Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы. ҚР 2002ж №343 заңы.
4. Әлімбаев М. Өрнекті сөз – ортақ қазына. – Алматы: Қазақстан, 1967.

КОЛЛЕДЖ СТУДЕНТТЕРІНІҢ СТРЕССТІК ЖАҒДАЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

М.К. Канжигалинова

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
жоғары педагогика мектебінің магистранты*

Б.А. Матаев

*Әлкей Марғұлан атындағы Павлодар педагогикалық университеті,
жоғары педагогика мектебінің қауымдасқан профессоры, «педагогика
және психология» бағыты бойынша философия докторы (PhD)*

Аннотация. Осы мақалада стресс анықтамасы, колледж студенттеріндегі стресстік жағдайлар мен белгілер, оларға қандай физиологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық әсер беретіндігі, студенттер осы жағдайдан қалай шыға алатыны, оны қалай жеңе алатыны сипатталған. Сонымен қатар, мақалада стрессті зерттеу бағыттары, оларды алдын алу әрекеттері және оқу орындарындағы психологиялық қызмет туралы айтылған.

Кілтті сөздер: стресс, алдын алу, колледж студенттері, психологиялық қызмет, стресстік жағдайлар.

Аннотация. В этой статье описывается определение стресса, стрессовые ситуации и симптомы у студентов колледжа, какое физиологическое, социальное, эмоциональное воздействие они оказывают, как студенты могут выйти из этой ситуации, как они могут с ней справиться. Кроме того, в статье упоминаются направления изучения стресса, действия по их профилактике и психологическая служба в учебных заведениях.

Ключевые слова: стресс, профилактика, студенты колледжа, психологическая служба, стрессовые ситуации.

Annotation. This article describes the definition of stress, stressful situations and symptoms in college students, what physiological, social, emotional impact they have, how students can get out of this situation, how they can cope with it. In addition, the article

mentions the directions of studying stress, actions for their prevention and psychological service in educational institutions.

Keywords: stress, prevention, college students, psychological service, stressful situations.

Стресс-бұл адамның шиеленіс сезімін, мазасыздықты және тіпті физикалық белгілерді тудыруы мүмкін әртүрлі жағымсыз әсерлерге немесе талаптарға дененің физиологиялық және психологиялық реакциясы. Стресс әртүрлі оқиғалардан, өмірдегі кейбір өзгерістерден немесе белгілі бір тапсырманы орындау үшін сізге қысым жасаудан туындауы мүмкін. Орташа стресс кейде пайдалы, өйткені ол әрекетке түрткі болуы мүмкін, бірақ шамадан тыс немесе ұзаққа созылған стресс адамның денсаулығы мен әл-ауқатына теріс әсер етуі мүмкін.

Колледжде оқу-бұл жаңа білімге, тәжірибеге және мүмкіндіктерге толы жастардың өміріндегі қызықты кезең. Дегенмен, ол көптеген қиындықтар мен стресстермен бірге келеді. Колледж студенттері көбінесе стрессті тудыруы мүмкін оқу жүктемесіне, әлеуметтік үміттерге және жеке мәселелерге тап болады. Колледж студенттеріне қандай факторлар әсер ететінін және оларды қалай жеңуге болатынын қарастырайық [1,384 б.].

1. Оқу жүктемесі. Колледж студенттерінің стресстің негізгі көздерінің бірі – оқу жүктемесі. Олар көптеген пәндерді, дәрістерді және үй тапсырмаларын орындауы керек. Көбінесе олар жұмысты тапсыру уақыты бір күнде болатын жағдайларға тап болады, бұл алаңдаушылық пен қысым сезімін тудыруы мүмкін.

2. Әлеуметтік қысым. Колледж студенттері де әлеуметтік қысымға ұшырайды. Олар табысқа, сыртқы келбетке және мінез-құлыққа қатысты басқалардың үміттерін қанағаттандыру қажеттілігін сезінуі мүмкін. Бұл жеткіліксіздік пен мазасыздық сезімін тудыруы мүмкін.

3. Қаржылық қиындықтар. Көптеген колледж студенттері оқу ақысын төлеуге, тұрғын үйді жалға алуға және басқа шығындарға байланысты қаржылық қиындықтарға тап болады. Қаржылық стресс айтарлықтай болуы мүмкін және студенттердің психикалық және эмоционалдық әл-ауқатына әсер етуі мүмкін.

4. Уақытты басқару. Уақытты тиімді басқара білу – студенттер үшін маңызды дағды. Оқу, жұмыс және жеке өмір арасындағы уақытты бақылаусыз бөлу күйзеліске және шамадан тыс жүктеме сезіміне әкелуі мүмкін.

Колледж студенттеріндегі стрессті бірнеше нұсқауларды орындау арқылы жеңуге болады:

Жоспарлау және ұйымдастыру: іс-шаралар кестесі мен жоспарын құру уақыт пен оқу жүктемесін тиімді басқаруға көмектеседі.

Қолдау: достарыңызбен, отбасыңызбен немесе кәсіби Кеңесші-ніңбен сөйлесу сезімдерді білдіруге және кеңес пен қолдау алуға көмектеседі.

Дене белсенділігі және дұрыс тамақтану: спортпен шұғылдану және дұрыс тамақтану физикалық және психикалық жағдайды жақсартуға көмектеседі.

Релаксация және демалу: релаксация, медитация және хобби жаттығулары стрессті азайтуға және қалпына келтіруге көмектеседі.

Кәсіби көмек іздеу: егер стресс ауыртпалыққа айналса, психологтың немесе психиатрдың көмегіне жүгіну маңызды [2,352 б.].

Стресс колледж студентінің өмірінің ажырамас бөлігі болып табылады, бірақ дұрыс қолдау мен басқаруды сәтті басқаруға болады. Әр адам бірегей екенін және стрессті басқару әдістері әртүрлі болуы мүмкін екенін есте ұстаған жөн. Ең бастысы-өзіңіздің физикалық және психикалық денсаулығыңызға қамқорлық жасау, сондай-ақ колледж өмірін қанағаттанарлық және өнімді ету үшін қажет болған жағдайда қолдау іздеу.

Стрессті және оның ағзаға әсерін зерттеу психология, биология, медицина және басқа пәндер ғылымындағы белсенді зерттеу саласы болып табылады. Ғалымдар стресстің әртүрлі аспектілерін, соның ішінде оның себептерін, физиологиялық және психологиялық салдарын және күресу әдістерін мұқият зерттейді.

Стресс туралы зерттеудің бірнеше негізгі бағыттары:

Стресс физиологиясы: зерттеушілер стресстің ағзадағы физиологиялық процестерге қалай әсер ететінін зерттейді. Бұл гормоналды деңгейдегі өзгерістерді (мысалы, кортизол), жүрек белсенділігін, иммундық жүйені және басқа биологиялық параметрлерді зерттеуді қамтиды.

Стресстің психологиялық аспектілері: ғалымдар стресстік реакциялардың негізінде жатқан психологиялық механизмдерді зерттейді. Олар стресстің психикалық күйге, эмоцияларға, когнитивті функцияларға және мінез-құлыққа қалай әсер ететінін зерттейді.

Стресстің жеке айырмашылықтары: кейбір адамдар басқаларға қарағанда стресске төзімді. Зерттеушілер стресс реакцияларындағы жеке айырмашылықтарды түсіндіре алатын генетикалық, психологиялық және әлеуметтік-мәдени факторларды зерттейді.

Стресс және денсаулық: стресстің денсаулыққа әсерін зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Стресс бірқатар медициналық мәселелермен байланысты болуы мүмкін, соның ішінде жүрек-қан тамырлары аурулары, депрессия, мазасыздық және басқалар.

Стрессті басқару әдістері: ғалымдар стрессті басқарудың тиімді әдістерін, соның ішінде психологиялық араласуды, медитацияны, физикалық белсенділікті және адамдарға оны тиімдірек басқаруға көмектесетін басқа стратегияларды зерттеп жатыр.

Жұмыс орнындағы және білім берудегі стресс: бұл зерттеу саласы жұмыс пен оқуға байланысты стрессті талдауға бағытталған. Зерттеушілер жұмыс орнындағы және оқу орындарындағы стресс деңгейіне

қандай факторлар әсер ететінін және оның әсерін азайту үшін қандай шаралар қолдануға болатынын зерттеп жатыр [3,50-58 б.].

Стресс туралы зерттеулер стрессті басқару және адамдардың психологиялық және физикалық әл-ауқатын жақсарту Стратегияларын жасауға көмектесу арқылы маңызды практикалық мәнге ие. Бұл зерттеулер сонымен қатар стресстің ағзаға және психикаға қалай әсер ететінін және оның жағымсыз әсерін азайту үшін қандай сақтық шараларын қолдануға болатындығын түсінуге ықпал етеді.

Студенттер стресстік уақытта әртүрлі физикалық, эмоционалдық және психологиялық өзгерістертен өтеді. Студенттердің стресстік реакцияларының кейбірін атасақ:

- физиологиялық реакциялар:
- жүрек соғу жиілігі мен тыныс алудың жоғарылауы.
- бұлшықет кернеуінің жоғарылауы.
- кортизол сияқты стресс гормондарының деңгейінің жоғарылауы.
- ұйқысыздық немесе ұйқының бұзылуы.
- тәбеттің төмендеуі немесе жоғарылауы.

Эмоционалды реакциялар:

- мазасыздық пен мазасыздық.
- ашуланшақтық.
- қорқыныш пен сенімсіздік.
- қайғы мен депрессия.
- шаршау сезімі.

Психологиялық реакциялар:

- шоғырлану және шешім қабылдау қиындықтары.
- өзін-өзі бағалау мен сенімділіктің төмендеуі.
- сын мен стресстерге жоғары сезімталдық.
- оқуға немесе басқа міндеттерге деген ынта мен қызығушылықтың төмендеуі.

Әлеуметтік реакциялар:

- әлеуметтік байланыстардан аулақ болу, оқшаулану.
- тұлғааралық қатынастардағы проблемалар.
- Жалғыздық немесе түсініспеушілік тәжірибесі.

Студенттер стрессті әртүрлі жағдайларда сезінуі мүмкін, мысалы оқу жүктемесі, емтихандар, әлеуметтік қысым, қаржылық мәселелер, және жеке қиындықтар. Стресс дәрежесі және оның әсері әр адамға әр түрлі болуы мүмкін.

Стрессті басқару және қолдау іздеу студенттерге осы реакциялармен күресуге және психологиялық әл-ауқатын жақсартуға көмектеседі. Бұл күресу стратегияларын қолдануды, психологпен кеңесуді, достар мен отбасылардың қолдауын, физикалық денсаулық пен өзін-өзі күтуге назар аударуды қамтуы мүмкін [4,607 б.].

Колледж студенттерінде стресстің алдын алу олардың психологиялық әл-ауқатын қолдау мен қамтамасыз етудің маңызды

аспектісі болып табылады. Студенттерге стресс деңгейін төмендетуге көмектесетін бірнеше әдістер мен стратегиялар:

Уақытты тиімді басқару:

Сабақ, оқу және демалыс арасында уақытты тиімді бөлу үшін оқу кестесі мен жоспарын құру.

Тапсырмалар мен жобаларды орындау мерзімдерін жоспарлау және сақтау.

Дене белсенділігі:

Тұрақты жаттығулар стрессті азайтуға және көңіл-күйді жақсартуға көмектеседі.

Физикалық белсенділікті күнделікті тәртіпке енгізу физикалық және психологиялық денсаулыққа ықпал етеді.

Дұрыс тамақтану:

Көкөністер, жемістер, ақуыздар мен көмірсулар бар теңдестірілген тамақтану мидың энергиясы мен денсаулығын сақтауға көмектеседі.

Релаксация және күресу стратегиялары:

Медитация, терең тыныс алу және йога сияқты релаксация әдістерін үйрену шиеленісті жеңілдетуге көмектеседі.

Позитивті ойлау және басымдықтарды белгілеу сияқты стрессті басқару стратегияларын дамыту қиындықтарға барабар жауап беруге көмектеседі.

Әлеуметтік қолдау:

Достарыңызбен және отбасыңызбен сөйлесу эмоцияларды білдіруге және эмоционалды қолдау алуға көмектеседі.

Колледждегі клубтарға, топтарға және іс-шараларға қатысу әлеуметтік байланыстарға ықпал етеді және қолдау желісін нығайтады.

Психологиялық көмек:

Егер стресс басым болса, студенттер психологтан немесе колледждегі психологиялық кеңесшіден көмек сұрай алады.

Ұйқы және демалу:

Тұрақты және сапалы ұйқы стрессті төмендетуде және мидың қалыпты жұмысын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Демалысты жоспарлау:

Демалуға және көңіл көтеруге уақыт бөлу маңызды. Саяхат, хобби және көңілді іс-шаралар демалуға және оқудан алшақтауға көмектеседі.

Шекараларды сақтау:

Егер оқу жүктемесі тым жоғары болса, қосымша міндеттерге «жоқ» деп айтуды үйрену маңызды.

Көмек сұрау:

Егер стресс төзімсіз болып қалса, кәсіби қолдау мен кеңес бере алатын психолог немесе психиатр сияқты маманның көмегіне жүгінуден тартынбау керек [5,127 б.].

Стрессті алдын алу студенттердің физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау үшін маңызды және колледжде оқудың сәтті және жағымды тәжірибесіне ықпал етеді.

Колледждер мен университеттер сияқты оқу орындарындағы психологиялық қызметтер стресстен және басқа психологиялық мәселелерден зардап шегетін студенттерге әртүрлі қызметтер мен қолдау шараларын ұсынады. Студенттерге ұсынылуы мүмкін кейбір типтік қызметтер мен қолдау шаралары:

Жеке кеңес беру: Студенттер лицензияланған психологтармен немесе кеңесшілермен жеке кеңес беру сессияларына жазыла алады. Осы сессиялар барысында олар өздерінің эмоционалдық мәселелерін, күйзелістерін, алаңдаушылықтарын талқылап, жеке кеңестер мен қолдау ала алады.

